

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Ж. Н. САРТАЕВ
Х. БАЖАЙ
А. М. ОСПАНОВА

СОТ САРАПТАМАСЫ

оқу-әдістемелік құрал

Петропавл
2017

УДК 340.6(075.8)
ББК 67.52я73
С 69

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша жарияланып отыр (хаттама №11 от 25.05.2017 ж.)

Рецензия жазғандар:

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ аға оқытушысы, з.ғ.м.

К. С. Иманов;

СҚО, Петропавл қаласы «Закон и Право» ЖШС директоры

Ю. Л. Кинцель

Сартаев Ж. Н.

С 69 Сот сараптамасы: оқу-әдістемелік құрал / Сартаев Ж.Н., Оспанова А.М., Бажай Х. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. - 190 б.

ISBN 978-601-322-120-5

Оқу-әдістемелік құрал «Сот сараптамасы» 5В030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алатын студенттер мен магистранттарға сот сараптамасы пәнін оқытуда көмекші құрал ретінде пайдалануға арналған. Сот сараптамасы оқу әдістемелік құралының құрылымына енген материалдар сот сараптамасы мәселесіне қатысты жаңартылған құқықтық актілермен қамтамасыз етілген, және пәннің оқу жұмыс бағдарламасының тақырыптарына негізделген.

УДК 340.6(075.8)

ББК 67.52я73

© Сартаев Ж.Н., Оспанова А.М., Бажай Х., 2017

© М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017

ISBN 978-601-322-120-5

*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-нің сапа менежментінің жүйесі
ISO 9001:2008 талабына сәйкес куәландырылған*

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	6
1. 2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасы Заңы № 44-VI (2017.18.04. берілген өзгерістермен).....	8
2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 306 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамасы органдары жүргізетін сот сараптамалары түрлерінің және біліктілігін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі беретін сараптама мамандықтарының тізбесі.....	48
3. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 305 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамасы объектілерін пайдалану қағидалары...	53
4. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 303 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындау қағидалары, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібі, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібі.....	65
5. Сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындау қағидаларына, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібіне, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібіне қосымша Сот-сараптамалық зерттеулерінің түрлері бойынша сот сараптамаларының күрделілік санаттары.....	68
6. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 327 бұйрығымен бекітілген	

	Сот сараптамасы органдары сот сарапшыларының жүктемелері нормативтері.....	129
7.	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 325 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамасы органдарында сот сараптамасын жүргізу құнын айқындау қағидалары	131
8.	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 328 бұйрығымен бекітілген Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының қағидалары.....	134
9.	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 330 бұйрығымен бекітілген Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынамадан өткізу және енгізу қағидалары.....	143
10.	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 331 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидалары.....	151
11.	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 наурыздағы № 310 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарактандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптар.....	154
12.	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 342 бұйрығымен бекітілген Сот сарапшыларының біліктілік даярлығы Қағидасы...	157
13.	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 335 бұйрығымен бекітілген Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидалары.....	160
14.	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 333 бұйрығымен бекітілген Сот сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі комиссия туралы Ереже.....	164
15.	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 334 бұйрығымен бекітілген	

Сот сарапшыларын аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия туралы ереже.....	167
16. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 346 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сот сарапшыларының біліктілігін арттыру қағидалары.....	171
17. Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 326 бұйрығымен бекітілген Сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия туралы ереже.....	174
18. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 304 бұйрығымен бекітілді Сот сарапшысы этикасының кодексі.....	178
19. ҚОСЫМШАЛАР.....	183
ҚОСЫМША 1. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сілтемелер.....	183
ҚОСЫМША 2. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сілтемелер.....	184
ҚОСЫМША 3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сілтемелер.....	184
20. ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ.....	185

КІРІСПЕ

Сот-сараптама қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері, заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделері сақталған жағдайда жүзеге асырылады.

Адамның құқықтары мен бостандықтарын уақытша шектеуді талап ететін сот-сараптамалық зерттеулер заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен ғана жүргізіледі.

Сот сараптамасы органының немесе сот сарапшысының әрекеттері (әрекетсіздігі) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін не заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеуге алып келді деп пайымдайтын адам көрсетілген әрекеттерге (әрекетсіздікке) заңда белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

Сот сараптамасы - шешілуі үшін маңызы бар нақты деректерді анықтау мақсатында арнайы ғылыми білім негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық істің не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің материалдарын зерттеу мүмкіндіктері. Сот-сараптама қызметінің міндеті қылмыстық, азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді сот сараптамасының нәтижелерімен қамтамасыз ету болып табылады. Сот сарапшысы сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сараптамасын тағайындаған органнан (адамнан), сот сараптамасы органының басшысынан және басқа адамдардан тәуелсіз болады. Сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сарапшысы объектілерді арнайы ғылыми білімге негізделген жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін барлық шараларды қабылдауға міндетті. Сот сараптамасының объектілеріне - заттай дәлелдемелер, құжаттар, адамның денесі, адамның психикалық жай-күйі, мәйіттер,

жануарлар, үлгілер, сондай-ақ сот сараптамасы жүргізілетін іс материалдарында қамтылған, сот сараптамасының нысанасына қатысты мәліметтер жатады. Сарапшының қорытындысы жалпыға бірдей қабылданған ғылыми және практикалық деректер негізінде жасалған түйіндердің негізділігі мен анықтығын тексеруге мүмкіндік беретін ережелерге негізделуге тиіс.

2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында Сот-сараптама қызметінің қағидаттары айқындалған. Сот-сараптама қызметі:

- 1) заңдылық;
- 2) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;
- 3) сот сарапшысының тәуелсіздігі;
- 4) сот-сараптамалық зерттеулердің жан-жақтылығы, толықтығы, объективтілігі және ғылыми негізділігі;
- 5) сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдарды, әдістер мен әдістемелерді пайдалануға жол берушілік;
- 6) сот сарапшысының әдебін сақтау қағидаттарына негізделеді. Сондықтан сот сарапшысы сот-сараптама қызметін жүзеге асырған кезде Сот сарапшысының әдеп кодексін сақтауға міндетті. Ол дегеніміз сот-сараптама қызметіне қатысты барлық құқықтық актілер туралы жоғары сауаттылығы және олардың талаптарын бұлжытпай орындау деген сөз. Болашақ заңгерлердің біліктілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруда сот сараптама пәнінің орны ерекше екені айтпаса да түсінікті.

Олай болса, болашақ заңгерлер ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралда қамтылған барлық материалдармен жан-жақты, мұқият таныс болулары жөн. Оқу-әдістемелік құралда студенттерге сот сараптама пәнін оқытуда көмекші құрал ретінде пайдалануға қажетті деген нормативтік құқықтық актілері топтастырылған. Сондай-ақ ұсынылған барлық материалдар 2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан

Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес топтастырылған.

1. 2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасы Заңы № 44-VI (2017.18.04. берілген өзгерістермен)

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру

Осы Заңда қамтылған ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

1) арнайы ғылыми білім - мазмұнын сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерінде іске асырылған ғылыми білім құрайтын арнайы білім саласы;

2) валидация - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілетін, сот-сараптамалық зерттеудің әдістері мен әдістемелерін пайдаланудың жарамдылығын бағалау;

3) сараптама мамандығы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу саласындағы сот сарапшысының біліктілігін берумен расталған сот сарапшысының ғылыми құзыреті;

4) сарапшының қорытындысы - Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген, сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін жазбаша құжат;

5) сот-сараптама қызметі - сот сараптама органдарының және сот сарапшыларының сот сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі қызметі;

6) сот-сараптамалық зерттеу әдістемесі - сот сараптамасының нысанасына қатысты нақты деректерді анықтау үшін сот сараптамасы объектілерін зерделеу кезінде қолданылатын әдістер жүйесі;

7) сот-сараптамалық зерттеу әдісі - сот сараптамасының нысанасына қатысты нақты деректерді анықтау үшін сот сараптамасы объектілерін зерделеу кезінде қолданылатын логикалық және (немесе) аспаптық операциялар (тәсілдер, әдістер) жүйесі;

8) сот сараптамасы - шешілуі үшін маңызы бар нақты деректерді анықтау мақсатында арнайы ғылыми білім негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық істің не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің материалдарын зерттеу;

9) сот сараптамасының нысанасы - сот сараптамасын жүргізу арқылы анықталатын қылмыстық, азаматтық істі не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі шешу үшін маңызы бар нақты деректер;

10) сот сараптамасының объектілері - заттай дәлелдемелер, құжаттар, адамның денесі, адамның психикалық жай-күйі, мәйіттер, жануарлар, үлгілер, сондай-ақ сот сараптамасы жүргізілетін іс материалдарында қамтылған, сот сараптамасының нысанасына қатысты мәліметтер;

11) сот сараптамасы органы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік заңды тұлға;

12) сот сарапшысы - арнайы ғылыми білімі бар және заңда белгіленген өзге де талаптарға сай келетін, өзіне сот сараптамасын жүргізу тапсырылған, іске мүдделі емес жеке тұлға;

13) сот сарапшысын аттестаттау - сот сарапшысының заңда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуін айқындау бойынша мерзімді түрде жүзеге асырылатын рәсім;

14) сот сарапшысының біліктілігі - сараптаманың белгілі бір түрінің объектілерін зерттеу мақсатында кәсіби білімі бар адамның мақсатты даярлықтан өтуі арқылы алған білімінің, машықтары мен дағдыларының кешені;

15) үлгілер - сот сараптамасын жүргізу үшін қажетті тірі адамның, мәйіттің, жануардың, өсімдіктің, бұйымның, материалдың немесе заттың қасиеттерін көрсететін материалдық объектілер.

2-бап. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Сот-сараптама қызметінің міндеті

Сот-сараптама қызметінің міндеті қылмыстық, азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді сот сараптамасының нәтижелерімен қамтамасыз ету болып табылады.

4-бап. Сот-сараптама қызметінің мазмұны

Сот-сараптама қызметінің мазмұны:

1) қылмыстық, азаматтық істер, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот сараптамасын жүргізуді;

2) сот сараптамасы саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруды және жүргізуді;

3) сот сараптамасын ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды және жүзеге асыруды;

4) сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамдарды іріктеуді, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды;

5) сот сараптамасы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қамтиды.

5-бап. Сот-сараптама қызметінің қағидаттары

Сот-сараптама қызметі:

- 1) заңдылық;
- 2) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;
- 3) сот сарапшысының тәуелсіздігі;
- 4) сот-сараптамалық зерттеулердің жан-жақтылығы, толықтығы, объективтілігі және ғылыми негізділігі;
- 5) сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдарды, әдістер мен әдістемелерді пайдалануға жол берушілік;
- 6) сот сарапшысының әдебін сақтау қағидаттарына негізделеді.

6-бап. Сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезіндегі заңдылық

Сот-сараптама қызметі Қазақстан Республикасы Конституциясының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптары дәл орындалған жағдайда жүзеге асырылады.

7-бап. Сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау

1. Сот-сараптама қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері, заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделері сақталған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Адамның құқықтары мен бостандықтарын уақытша шектеуді талап ететін сот-сараптамалық зерттеулер заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен ғана жүргізіледі.

3. Сот сараптамасы органының немесе сот сарапшысының әрекеттері (әрекетсіздігі) адамның және азаматтың құқықтарын,

бостандықтары мен заңды мүдделерін не заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеуге алып келді деп пайымдайтын адам көрсетілген әрекеттерге (әрекетсіздікке) заңда белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

8-бап. Сот сарапшысының тәуелсіздігі

1. Сот сарапшысы сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сараптамасын тағайындаған органнан (адамнан), сот сараптамасы органының басшысынан және басқа адамдардан тәуелсіз болады.

2. Сот сарапшысы жүргізілген зерттеулердің нәтижелері негізінде оның арнайы ғылыми біліміне сәйкес өз атынан қорытынды береді.

3. Сот сарапшысы зерттеудің ғылыми-техникалық құралдарын, әдістері мен әдістемелерін таңдауда дербес болады, олардың жарамдылығы заңда айқындалады.

4. Сот сарапшысына құқыққа сыйымсыз ықпал етуге және оның заңды қызметіне кедергі келтіруге жол берілмейді және олар заңда белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

9-бап. Сот-сараптамалық зерттеулердің жан-жақтылығы, толықтығы, объективтілігі және ғылыми негізділігі

1. Сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сарапшысы объектілерді арнайы ғылыми білімге негізделген жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін барлық шараларды қабылдауға міндетті.

2. Сарапшының қорытындысы жалпыға бірдей қабылданған ғылыми және практикалық деректер негізінде жасалған түйіндердің негізділігі мен анықтығын тексеруге мүмкіндік беретін ережелерге негізделуге тиіс.

10-бап. Сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдарды, әдістер мен әдістемелерді пайдалануға жол берушілік

1. Сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдарды, әдістер мен әдістемелерді қолдануға, егер олар:

- 1) заңда тікелей көзделсе немесе олардың нормалары мен қағидаттарына қайшы келмесе;
- 2) ғылыми жағынан дәлелді болса;
- 3) іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса;
- 4) қауіпсіз болса, жол беріледі.

2. Сот сарапшысы сот сараптамасын жүргізген кезде Қазақстан Республикасының Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген әдістемелерді қолданады. Егер өзге әдістемелер осы баптың 1-тармағының талаптарына сай келсе, оларды қолдануға жол беріледі. Бұл ретте, оларды қолданудың ғылыми негіздемесі сарапшының қорытындысында көрсетілуі тиіс.

11-бап. Сот сарапшысының әдебін сақтау

Сот сарапшысы сот-сараптама қызметін жүзеге асырған кезде Сот сарапшысының әдеп кодексін сақтауға міндетті.

2-тарау. Сот-сараптамасы қызметі саласындағы мемлекеттік реттеу

12-бап. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құзыретіне:

- 1) сот-сараптама қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) сот-сараптама қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 3) сот сараптамасы органдары жүргізетін сот сараптамалары түрлерінің және біліктілігін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі беретін сараптама мамандықтарының тізбесін әзірлеу және бекіту;

4) сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

5) сот сараптамасы объектілерімен жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

6) сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындау қағидаларын, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібін, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібін әзірлеу және бекіту;

7) сот сараптамасы органдары сот сарапшыларының жүктемелері нормативтерін әзірлеу және бекіту;

8) сот сараптамасы органдарында сот сараптамасын жүргізудің құнын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

9) сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының қағидаларын әзірлеу және бекіту;

10) сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынамадан өткізу және енгізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

11) Қазақстан Республикасы Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

12) Қазақстан Республикасы Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу;

13) сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарды әзірлеу және бекіту;

14) сот сарапшыларының біліктілік даярлығы қағидаларын әзірлеу және бекіту;

15) сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

16) сот сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі комиссия туралы ережені және оның құрамын әзірлеу және бекіту;

17) сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау;

18) сот сарапшыларын аттестаттау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

19) сот сарапшыларын аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия туралы ережені және оның құрамын әзірлеу және бекіту;

20) сот сарапшыларын аттестаттау;

21) сот сарапшыларының біліктілігін арттыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

22) Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

23) Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімін жүргізу;

24) сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия туралы ережені және оның құрамын әзірлеу және бекіту;

25) сот-сараптама қызметі саласында лицензиялауды жүзеге асыру;

26) Сот сарапшысының әдеп кодексін әзірлеу және бекіту;

27) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктер жатады.

13-бап. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны берудің, қайта ресімдеудің, беруден бас тартудың тәртібі мен шарттары, сондай-ақ лицензияның негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдардың қызметін бақылау

1. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия жеке тұлғаларға беріледі.

2. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны берудің, қайта ресімдеудің, беруден бас тартудың тәртібі мен шарттары, сондай-ақ лицензияның негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдардың қызметін бақылау «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

14-бап. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, қайта жалғастыру, тоқтату және одан айыру

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жалпы негіздерден басқа, адамның сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиясының қолданысы:

1) ол мемлекеттік қызметте болған;

2) ол Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының, өз қызметін бюджет қаражаты есебінен ақы төленетін, жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутатының өкілеттіктерін атқарған;

3) ол сот сараптамасы органдарында сарапшы лауазымында жұмыс істеген;

4) ол мерзімді әскери қызметті өткерген;

5) осы Заңның 22-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатыла тұрады.

Лицензияны тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылған кезде оның қолданысы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімдерде қайта жалғастырылады.

2. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жалпы негіздерден басқа, сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату:

1) адам қайтыс болған;

2) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша адам әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі, қайтыс болған не хабарсыз кеткен деп танылған;

3) адам Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

4) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

5) ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-

бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде адам қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

б) адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларда жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айыру:

1) адам сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын өрескел немесе бірнеше рет бұзған;

2) аттестаттау нәтижелері бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі салдарынан адамның сот сарапшысы міндеттерін атқаруы мүмкін болмаған;

3) адам аттестаттаудан өтуден жалтарған жағдайларда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің талап арызы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады.

4. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияның қолданысын сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия ұсынған материалдар негізінде лицензиар тоқтата тұрады, қайта жалғастырады және тоқтатады.

Лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған, қайта жалғастырылған немесе тоқтатылған адам қабылданған шешім туралы үш жұмыс күні ішінде хабардар етіледі және тиісті мәліметтер бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

15-бап. Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімі

1. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшылары, сондай-ақ сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиясы бар адамдар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

2. Сот сараптамасын жүргізу, осы Заңның 19-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізілген адамдарға тапсырылады.

3-тарау. Сот сараптамасы органының басшысы. Сот сарапшысы

16-бап. Сот сараптамасы органының басшысы

Сот сараптамасы органының басшысы сот сараптамасы органының сот-сараптама қызметіне басшылықты жүзеге асыратын адам болып табылады (сот сараптамасы органының бірінші басшысы, сот сараптамасы органы аумақтық бөлімшесінің басшысы).

17-бап. Сот сараптамасы органы басшысының құқықтары

1. Сот сараптамасы органының басшысы:

1) осы Заңның 43-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті уәждерді көрсете отырып, сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды және зерттеуге ұсынылған объектілерді орындамай қайтаруға;

2) егер арнайы ғылыми білімі қорытынды беру үшін қажет болса, сот сарапшылары комиссиясының құрамына осы сот сараптамасы органында жұмыс істемейтін адамдарды енгізу туралы сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) алдында өтінішхат беруге;

3) шет мемлекеттің сот сарапшысын тарту туралы сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) алдында өтінішхат беруге;

4) сот сараптамасын жүргізу мерзімін ұзарту туралы сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) алдында уәжді өтінішхатты мәлімдеуге құқылы.

Сот сараптамасы органы басшысының сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

2. Сот сараптамасы органы басшысының:

1) сот сараптамасын жүргізу үшін қажетті объектілерді өзі дербес талап етуге;

2) осы сот сараптамасы органының қызметкерлері болып табылмайтын адамдарды сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) келісімінсіз оны жүргізуге тартуға;

3) сот сарапшысына нақты сот сараптамасы бойынша түйіндердің мазмұнын алдын ала шешетін нұсқаулар беруге құқығы жоқ.

18-бап. Сот сараптамасы органы басшысының міндеттері

Сот сараптамасы органының басшысы:

1) сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды және зерттеу объектілерін алған кезде заң талаптарын ескере отырып, осы сот сараптамасы органының нақты бір сот сарапшысына немесе сот сарапшылары комиссиясына жүргізуді тапсыруға;

2) сот сарапшысының тәуелсіздігі қағидатын бұзбай, сот сараптамасын жүргізу мерзімінің сақталуын, жүргізілетін зерттеулердің жан-жақтылығын, толықтығын, объективтілігі мен ғылыми негізділігін бақылауды, сондай-ақ сот сараптамасы объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

3) зерттеулер аяқталғаннан кейін сарапшының қорытындысын, зерттеу объектілерін және зерттеуге ұсынылған басқа да материалдарды сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) жолдауға;

4) сот сараптамасын жүргізуді ұйымдастыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жария етпеуге;

5) зерттеулер жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

19-бап. Сот сарапшысы

1. Сот сараптамасын жүргізу:

1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;

2) лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлғаларға;

3) осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда біржолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында аталған адамдар Қазақстан Республикасының азаматтығында тұруға тиіс.

3. Біржолғы тәртіппен сот сараптамасын жүргізу:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген сот сараптамалары түрлерінің тізбесінде көзделмеген сот сараптамасы тағайындалған;

2) сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын тиісті мамандықтағы сот сарапшыларынан, сондай-ақ лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдардан уәжді бас тарту қанағаттандырылған не сот сараптамасы органы тұтастай сот сараптамасын жүргізуден уәжді шеттетілген;

3) осы Заңның 62-бабына сәйкес шет мемлекеттің сот сарапшысы тартылған жағдайларда тапсырылуы мүмкін.

4. Сот сарапшысы біліктілік талаптарына және заңда белгіленген өзге де талаптарға сай келуге тиіс.

5. Мынадай:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған;

2) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

3) ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыс жасағаны үшін сотталған немесе қылмыстық жауаптылықтан босатылған адам сот сарапшысы бола алмайды.

6. Тиісті заңдық факт басталған сәттен бастап үш жыл ішінде:

1) заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген немесе алынған;

2) қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін оған қатысты айыптау үкімі шығарылған немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыстық теріс қылық немесе ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

3) мемлекеттік қызметтен, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан, әскери қызметтен, сот сараптамасы органдарынан тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыстан босатылған;

2017.18.04. № 58-VI ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

4) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айрылған адам сот сарапшысы бола алмайды.

5) 2017.18.04. № 58-VI ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

20-бап. Сот сарапшысына қойылатын біліктілік талаптары

Осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында аталған адамдар мынадай біліктілік талаптарына сай болуға:

1) жоғары білімі болуға;

2) сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығын беретін біліктілік куәлігімен расталған сот сарапшысы біліктілігі болуға;

3) осы Заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен аттестатталған болуға тиіс.

21-бап. Сот сарапшысы біліктілігін беру

Сот сарапшысы біліктілігін беру адамның біліктілік емтиханын тапсырып, оған сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығын беретін сот сарапшысының біліктілік куәлігін беру арқылы жүзеге асырылады.

22-бап. Сот сарапшысын аттестаттау

1. Сот-сараптама қызметін жиырма жылдан аса жүзеге асырған адамдарды қоспағанда, сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшылары, сондай-ақ лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдар әрбір бес жыл сайын аттестаттаудан өтеді.

2. Сот сарапшысының біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактілері анықталған кезде оны кезектен тыс аттестаттау өткізіледі.

23-бап. Сот сарапшысының құқықтары

1. Сот сарапшысының:

1) сот сараптамасының нысанасына қатысты іс материалдарымен танысуға;

2) қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдарды оған беру, сондай-ақ қауіпсіздік шараларын қабылдау туралы өтінішхаттарды мәлімдеуге;

3) қылмыстық процесті жүргізетін органның, тергеу судьясының, соттың, іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан органның (лауазымды адамның) рұқсатымен процестік әрекеттерді жүргізуге және сот отырысына қатысуға және оларға қатысатын адамдарға сот сараптамасы нысанасына қатысты сұрақтар қоюға;

4) өзі қатысқан процестік әрекеттің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеттері мен айғақтарының толық және дұрыс көрсетілуіне қатысты хаттамаларға енгізілуге жататын ескертулер жасауға;

5) сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) келісуі бойынша сот-сараптамалық зерттеу барысында анықталған, іс үшін маңызы бар, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда қамтылған мәселелердің шегінен тыс мән-жайлар бойынша өз құзыреті шегінде қорытынды беруге;

6) ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақтар беруге; аудармашының көмегін тегін пайдалануға, одан бас тартуды мәлімдеуге;

7) сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) және іс бойынша іс жүргізуге қатысатын өзге де адамдардың сот сараптамасын жүргізу кезіндегі оның құқықтарына қысым көрсететін шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасауға;

8) сот сараптамасын жүргізу кезінде жұмсалған шығыстардың өтемін және егер сот сараптамасын жүргізу оның лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмыс үшін сыйақы алуға құқығы бар.

2. Сот сарапшысының:

1) сот сараптамасын тағайындаған органды (адамды) хабардар етпей, процеске қатысушылармен сот сараптамасын жүргізуге байланысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге;

2) зерттеу үшін материалдарды өзі дербес жинауға;

3) егер сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) оған арнайы рұқсаты болмаса, объектілердің толық немесе ішінара жойылуына не олардың сыртқы түрінің немесе негізгі қасиеттерінің өзгеруіне алып келуі мүмкін зерттеулер жүргізуге құқығы жоқ.

24-бап. Сот сарапшысының міндеттері

Сот сарапшысы:

1) қылмыстық процесті жүргізетін органның, тергеу судьясының, соттың, іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуге;

2) өзіне ұсынылған объектілерге жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізуге, өзінің алдына қойылған мәселелер бойынша негізделген жазбаша қорытынды беруге;

3) заңда көзделген жағдайларда қорытынды беруден бас тартуға, қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы уәжді жазбаша хабарлама жасауға және оны сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) беруге (жолдауға);

4) жүргізілген зерттеуге және берілген қорытындыға байланысты мәселелер бойынша айғақтар беруге;

5) зерттеуге ұсынылған объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге;

6) істің мән-жайлары туралы мәліметтерді және сот сараптамасын жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етпеуге;

7) сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) шығыстар сметасын және жұмсалған шығыстар туралы есепті ұсынуға міндетті.

4-тарау. Қазақстан республикасының сот сарапшылары палатасы

25-бап. Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасы

1. Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасы (бұдан әрі - Палата) Палата мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, олардың қызметін үйлестіру, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасын сақтауы үшін құрылатын коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

2. Палата заңды тұлға болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен тіркелуге жатады.

3. Лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдар Палата мүшелері болып табылады.

4. Палатаға мүшелік міндетті болып табылады.

5. Адамның осы Заңның 19-бабының талаптарына сәйкес келмеу жағдайларынан басқа, лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамға Палата мүшесі болуына бас тартылмайды.

Кіру жарналарын Палатаның алуына жол берілмейді.

6. Палатаның қызметін қаржыландыру міндетті жарналар және заңда тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

Жарналарды төлеу тәртібі, мөлшері және мерзімі Палатаның жарғысында белгіленеді.

7. Әрбір облыс, республикалық маңызы қала және астана аумағында Палатаның филиалы болып табылатын сот сарапшыларының бір аумақтық палатасы (бұдан әрі - аумақтық палата) құрылады.

26-бап. Палатаның басқару органдары

1. Палатаның жоғары басқару органы оның мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады.

2. Палатаға басшылықты оның мүшелері жалпы жиналыста сайлаған төраға және басқарма жүзеге асырады.

3. Палата мүшелері жалпы жиналысының, төрағасының және басқармасының құзыреті оның жарғысында регламенттеледі.

4. Палата жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Палатаның жарғысын қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) Палатаның төрағасын, басқарма және ревизиялық комиссия мүшелерін сайлау;

3) Палатаның төрағасын, басқарма және ревизиялық комиссия мүшелерін мерзімінен бұрын кері шақырту;

4) Палата қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;

5) Палатаның бюджетін бекіту.

Палатаның жарғысында өзге де мәселелер көзделуі мүмкін, олар бойынша шешімдер қабылдау жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатады.

5. Палата мүшелерінің жалпы жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімдері оның жарғысында айқындалады.

6. Палатаның төрағасы болып кемінде он жыл сот-сараптама қызметінің өтілі бар адам сайланады.

7. Палатаның төрағасы үш жыл мерзімге жасырын дауыс беру арқылы сайланады, бұл ретте дәл сол бір адам Палата төрағасының лауазымын қатарынан екі мерзімнен артық атқара алмайды.

8. Палата басқармасының мүшелері жасырын дауыс беру арқылы үш жылға сайланады.

27-бап. Палатаның жарғысы

1. Палатаның жарғысында:

1) қызметінің атауы, орналасқан жері, мақсаттары және негізгі түрлері;

2) Палатаның өкілеттіктері;

3) мүшелікті алу, тоқтата тұру және оны жою шарттары мен тәртібі;

4) мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі;

5) аумақтық палаталардың ұйымдық құрылымы, құқықтық жағдайы;

6) басшы органдарды қалыптастыру тәртібі, олардың функциялары мен өкілеттіктерінің мерзімдері;

7) ақша қаражатын және өзге де мүлікті қалыптастыру көздері, мүлікті басқару тәртібі;

8) оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;

9) Палатаны қайта құру және тарату тәртібі, оны таратқан жағдайда мүліктің жай-күйі көзделуге тиіс.

2. Палатаның жарғысында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер қамтылуы мүмкін.

28-бап. Палатаның өкілеттіктері

1. Палатаның қызметі осы Заңда, оның жарғысында айқындалады.

2. Палата:

1) өз мүшелерінің, сондай-ақ аумақтық палаталардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

2) өз мүшелерінің, сондай-ақ аумақтық палаталардың мемлекеттік органдармен, өзге де заңды тұлғалармен қарым-қатынастарында сот-сараптама қызметін жүзеге асыруы кезінде олардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды;

3) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия алуға үміткер адамдардың біліктілік емтихандарын тапсыруы үшін оларды дайындауда әдістемелік көмекті жүзеге асырады;

4) өз мүшелерін оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

5) сот-сараптама қызметі мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік материалдарды әзірлейді;

6) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, тоқтату және одан айыру туралы ұсынысты енгізеді;

7) өз мүшелерінің сот сарапшысының міндеттерін және сот сарапшысы әдебін бұзуына қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

8) сот-сараптама қызметі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының норма шығарушылық қызметіне қатысады;

9) аумақтық палаталардың қызметін тексеруді жүзеге асырады;

10) сот-сараптама қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

11) біліктілік және аттестаттау комиссиясының құрамына енгізу үшін өкілдер жібереді;

12) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ол бекіткен нысан бойынша өз қызметі туралы статистикалық ақпарат ұсынады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асырады.

3. Палата лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамның жасаған әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) заңдылығы туралы мәселені қарау кезінде одан жүргізілген сот-сараптамалық зерттеулер туралы мәліметтерді, ал қажет болған жағдайларда жеке түсіндірмелер беруді, оның ішінде сот сарапшысының әдебін сақтамау мәселелері бойынша жеке түсіндірмелер беруді талап етуге құқылы.

29-бап. Аумақтық палатаның өкілеттіктері

1. Аумақтық палатаның қызметі осы Заңмен, Палатаның жарғысымен және оның филиалдары туралы ережемен реттеледі.

2. Аумақтық палата Палатаға жүктелген өкілеттіктерден туындайтын өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Аумақтық палата Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткен нысан бойынша өз қызметі туралы статистикалық ақпаратты Палатаға ұсынады.

5-тарау. Сот сараптамасын жүргізу

30-бап. Сот сараптамасын жүргізу негіздері

1. Сот сараптамасын жүргізу негіздері Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде, сондай-ақ «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.

2. Сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасы органының басшысына не осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамға сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу және қорытынды беру үшін қажетті зерттеу объектілерін және өзге де материалдарды ұсынады.

3. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу ерекшеліктері осы Заңның 6-тарауында айқындалады.

31-бап. Сот сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу кезіндегі шектеулер

1. Заңда көзделген негіздер болған кезде сот сараптамасын жүргізуді сот сараптамасы органына тапсыруға болмайды, ал басталған сот сараптамасын жүргізу дереу тоқтатылады.

2. Сот сарапшысы сот сараптамасын жүргізуге қатысудан бас тартуына болады, ал егер оған сот сараптамасы тапсырылған

болса, заңда көзделген негіздер болған кезде оны жүргізуді дереу тоқтатуға міндетті.

32-бап. Сот сараптамасының объектілері

1. Сараптамалық зерттеу объектілерінің анықтығы мен жарамдылығына сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) кепілдік береді.

2. Сот сараптамасы объектілері, егер олардың көлемдері мен қасиеттері мүмкіндік берсе, сот сарапшысына оралған және мөрленген түрде беріледі. Қалған жағдайларда сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сарапшысын зерттеу объектілері орналасқан жерге жеткізуді, оларға кедергісіз қол жеткізуді және зерттеу жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге тиіс.

3. Зерттеулер жүргізу кезінде заттай дәлелдемелер мен құжаттар сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) рұқсатымен зерттеулер жүргізу және қорытынды беру үшін қаншалықты қажет болса, сол шамада ғана зақымдалуы немесе пайдаланылуы мүмкін. Көрсетілген рұқсат сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда немесе сот сарапшысының өтінішхатын қанағаттандыру не оны қанағаттандырудан ішінара бас тарту туралы уәжді қаулыда, ұйғарымда қамтылуға тиіс.

4. Сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) рұқсатымен жүргізілген зерттеу объектілерінің зақымдалуы немесе жойылуы олардың меншік иесіне сот сараптамасы органының немесе сот сарапшысының залалды өтеуіне алып келмейді.

33-бап. Үлгілер

1. Үлгілерді алу тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде және осы Заңда белгіленген.

2. Үлгілерді алу сараптамалық зерттеудің бір бөлігі болып табылған жағдайларда, оны сот сарапшысы жүргізуі мүмкін.

3. Зерттеу процесінде сот сарапшысы эксперименттік үлгілерді дайындауы мүмкін, ол туралы қорытындыда хабарланады. Сот сараптамасын тағайындаған адам осындай үлгілерді дайындау кезінде қатысуға құқылы, бұл оның өзі жасайтын хаттамада көрсетіледі.

Зерттеу жүргізгеннен кейін сот сарапшысы үлгілерді оралған және мөрленген түрде өзінің қорытындысына қоса береді.

34-бап. Сот сараптамасын жүргізу мерзімдері, оны ұзарту және тоқтата тұру

1. Сот сараптамасын жүргізу мерзімі сот сараптамасы органы не осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адам сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды және оның объектілерін іс жүргізуге қабылдаған күннен бастап есептеледі.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген айрықша жағдайлардан басқа, сот сараптамасын жүргізу мерзімі отыз тәуліктен аспауға тиіс.

3. Сот сараптамасын жүргізу мерзімін ұзартуды сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасы органы басшысының не осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 2), 3) тармақшаларына сәйкес сот сараптама қызметін жүзеге асыратын сот сарапшысының (сот сарапшыларының) уәжді өтінішхаты бойынша жүзеге асырады.

Ерікті түрде сот сараптамасына тартылатын немесе медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамдардың сот сараптамасын жүргізу үшін онда болу мерзімін ұзарту тәртібі осы Заңның 47-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қорытынды беру үшін қосымша материалдар қажет болған жағдайларда сот сараптамасы органының басшысы не осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 2), 3) тармақшаларына

сәйкес сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын сот сарапшысы (сот сарапшылары) сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) атына уәжді өтінішхат жолдайды. Бұл ретте, сот сараптамасын жүргізу тоқтатыла тұрады, бірақ ол он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Егер сот сараптамасын жүргізуді тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар жойылмаса, сот сараптамасы ұсынылған материалдар көлемінде жүргізіледі не бұл мүмкін болмаған жағдайда сараптама жүргізу үшін ұсынылған материалдар оны тағайындаған органға (адамға) орындалмастан қайтарылады.

5. Зерттеу жүргізілгеннен және сарапшы қорытындысы жасалғаннан не қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлағаннан кейін үш тәулік ішінде сот сараптамасының аяқталғаны туралы хабарланады не сарапшының қорытындысы (қорытынды беру мүмкін еместігі туралы хабарлама), зерттеу объектілері және басқа да материалдар сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) беріледі (жолданады).

35-бап. Процеске қатысушылардың сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатысуы

1. Процеске қатысушылардың сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатысуы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде айқындалады.

2. Сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатысатын процеске қатысушылар зерттеулердің барысына араласуға құқылы емес, бірақ сот сараптамасының мәніне қатысты түсініктемелер бере алады.

3. Егер сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатысатын процеске қатысушы сот сарапшысының қызметіне кедергі келтірсе, сот сарапшысы зерттеуді тоқтата тұруға және процесті жүргізуші орган (адам) не сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) алдында процеске аталған қатысушыға сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысу үшін рұқсат беруден бас тарту туралы өтінішхат беруге құқылы.

4. Сот сарапшысы қорытынды жасаған кезде, сондай-ақ сот сарапшыларының кеңесуі және түйіндерді тұжырымдауы сатысында, егер сот сараптамасын сот сарапшыларының комиссиясы жүргізсе, процеске қатысушылардың оған қатысуына жол берілмейді.

5. Процеске қатысушылардың тірі адамдардың сот сараптамасы кезінде оған қатысу ерекшеліктері осы Заңның 51-бабында айқындалады.

36-бап. Жеке-дара және комиссиялық сот сараптамалары

1. Сот сараптамасын жүргізуді сот сарапшысы жеке-дара не сот сарапшылары комиссиясы жүзеге асырады.

2. Комиссиялық сот сараптамасы күрделі сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу қажет болған жағдайларда тағайындалады және оны бір мамандықтағы кемінде екі сот сарапшысы жүргізеді.

Адам есінің дұрыстығы туралы мәселе бойынша сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін құрамында кемінде үш сот сарапшысы бар комиссия тағайындалады.

3. Комиссиялық сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) қаулысы, ұйғарымы сот сараптамасы органының басшысы үшін міндетті болып табылады.

Сот сараптамасы органының басшысы ұсынылған материалдар бойынша комиссиялық сот сараптамасын жүргізу туралы шешімді дербес қабылдауға және оны жүргізуді ұйымдастыруға құқылы.

4. Комиссия құрамына кіретін сот сарапшыларының қызметін үйлестіру үшін сот сараптамасы органының басшысы үйлестіруші сарапшыны тағайындайды.

Үйлестіруші сарапшы сот-сараптамалық зерттеулердің жалпы жоспарын әзірлеуді жүзеге асырады, сот сараптамасын жүргізудің жалпы мерзімі шегінде жекелеген зерттеулер жүргізу мерзімдерін айқындайды және олардың сақталуын бақылайды, сот сараптамасын тағайындаған органмен (адаммен)

байланысты жүзеге асырады, сот сарапшыларының кеңесіне басшылық жасайды.

5. Комиссиялық сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сарапшыларының әрқайсысы тәуелсіз және дербес түрде зерттеулерді толық көлемде жүргізеді.

6. Сараптама комиссиясының мүшелері алынған нәтижелерді бірлесіп талдайды және ортақ пікірге келе отырып, сарапшы қорытындысына не қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаға қол қояды. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда, пікірі комиссияның қалған мүшелерінің түйіндерімен сәйкес келмеген сот сарапшысы оны қорытындыда жеке тұжырымдайды.

37-бап. Кешенді сараптама

1. Кешенді сараптама іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін әртүрлі білім салалары негізінде зерттеулер қажет болған жағдайда тағайындалады және оны әртүрлі мамандықтағы сот сарапшылары өз құзыреті шегінде жүргізеді.

Бір сот сарапшысы, егер ол әртүрлі сараптама мамандықтары бойынша зерттеулер жүргізу құқығына ие болса, кешенді сараптаманы жүргізе алады.

2. Кешенді сараптаманың қорытындысында әрбір сот сарапшысының қандай зерттеулерді, қандай көлемде жүргізгені және оның қандай түйіндерге келгені көрсетілуге тиіс. Әрбір сот сарапшысы қорытындының тап осы зерттеулер қамтылған бөлігіне қол қояды.

3. Сот сарапшыларының әрқайсысы жүргізген зерттеулер нәтижелері негізінде олар анықталуы үшін сот сараптамасы тағайындалған мән-жайлар туралы ортақ түйінді (түйіндерді) тұжырымдайды. Ортақ түйінді (түйіндерді) алынған нәтижелерді бағалауға құзыретті сот сарапшылары ғана тұжырымдайды және оған қол қояды. Егер сот сарапшыларының бірі (жекелеген сот сарапшылары) белгілеген фактілер комиссияның немесе оның бір бөлігінің түпкілікті түйініне негіз болып табылса, онда бұл туралы қорытындыда көрсетілуге тиіс.

4. Сот сарапшыларының арасында келіспеушіліктер болған жағдайда зерттеулердің нәтижелері осы Заңның 36-бабының 6-тармағына сәйкес ресімделеді.

5. Сот сараптамасы органына тапсырылған кешенді сараптаманы жүргізуді ұйымдастыру оның басшысына жүктеледі.

Сот сараптамасы органының басшысы сондай-ақ кешенді сараптаманың ұсынылған материалдары бойынша сот сараптамасын жүргізу туралы шешімді дербес қабылдауға және оны жүргізуді ұйымдастыруға құқылы.

38-бап. Сарапшының қорытындысы

Сот сарапшысы (сот сарапшылары) зерттеулердің нәтижелері бойынша өз атынан қорытынды жасайды және оны өзінің қойған қолымен және жеке мөрмен куәландырады. Сот сараптамасы органы сот сараптамасын жүргізген жағдайда сот сарапшысының (сот сарапшыларының) қойған қолы аталған органның мөрмен расталады.

39-бап. Сарапшы қорытындысының мазмұны

1. Сарапшының қорытындысында: оның ресімделген күні, сот сараптамасын жүргізудің мерзімдері мен орны; сот сараптамасын жүргізудің негіздері; сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) туралы мәліметтер; сот сараптамасын жүргізу тапсырылған сот сараптамасы органы және (немесе) сот сарапшысы (сот сарапшылары) туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), білімі, сарапшылық мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын лауазымы); көрінеу жалған қорытынды бергені үшін жауаптылық туралы ескертілгенін сот сарапшысының (сот сарапшыларының) қойылған қолымен куәландырылған белгі; сот сарапшысының (сот сарапшыларының) алдына қойылған мәселелер; сот сараптамасын жүргізу кезінде сол жерде болған процеске қатысушылар туралы және олар берген түсіндірмелер туралы мәліметтер; зерттеу объектілері, олардың жай-күйі, орамасы,

мөрмен бекемделуі, куәгерлердің қатысуы кезінде олардың қойылған қолдарымен растау; қолданылған әдістемелерді көрсетумен зерттеулердің мазмұны мен нәтижелері; жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін бағалау, сот сарапшысының (сот сарапшыларының) алдына қойылған мәселелер бойынша түйіндердің негіздемесі және тұжырымы көрсетілуге тиіс.

2. Егер осы Заңның 40-бабында көрсетілген мән-жайлар зерттеу барысында анықталған болса, сарапшының қорытындысында қойылған барлық сұрақтарға немесе олардың кейбіреуіне жауап қайтару мүмкін еместігінің негіздемесі қамтылуға тиіс.

3. Егер сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда көрсетілген мәселелердің бірі бойынша сот сарапшысы қорытынды берсе, ал басқалары бойынша қорытынды беру мүмкін еместігі туралы хабарламаны жасау үшін негіздемелер бар болса, ол бірыңғай құжат - сарапшының қорытындысын жасайды.

40-бап. Сарапшының қорытындысын беру мүмкін еместігі туралы хабарлама

1. Егер сот сарапшысы (сот сарапшылары) зерттеу жүргізілгенге дейін оның алдына қойылған мәселелер оның арнайы білімінің аясынан тыс екеніне немесе оған ұсынылған материалдар қорытынды беру үшін жарамсыз немесе жеткіліксіз екеніне және орнын толықтыру мүмкін еместігіне не ғылымның және сараптама тәжірибесінің жағдайы қойылған мәселелерге жауап қайтаруға мүмкіндік бермейтініне көз жеткізсе, ол қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы уәжді хабарлама жасайды және оны өзінің қойылған қолымен және жеке мөрімен куәландырады. Сот сараптамасын сот-сараптама органы жүргізген жағдайда сот сарапшысының (сот сарапшыларының) қойған қолы аталған органның мөрімен расталады.

2. Қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламада: оның ресімделген күні, сот сараптамасын жүргізудің мерзімдері және орны; сот сараптамасын жүргізудің негіздемесі; сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) туралы мәліметтер;

зерттеу объектілері; сот сараптамасын жүргізу тапсырылған сот сараптамасы органы және (немесе) сот сарапшысы (сот сарапшылары) туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), білімі, сарапшылық мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын лауазымы); көрінеу жалған қорытынды бергені үшін жауаптылық туралы ескертілгенін сот сарапшысының (сот сарапшыларының) қойған қолымен куәландырылған белгі; сот сарапшысының (сот сарапшыларының) шешуіне қойылған мәселелер; сот сарапшысының (сот сарапшыларының) алдына қойылған мәселелерге жауап қайтарудың мүмкін еместігінің негіздемесі көрсетілуге тиіс.

41-бап. Сот сарапшысынан жауап алу

1. Сот сарапшысынан жауап алу:

1) сарапшының қорытындысына байланысты іс үшін елеулі мәні бар, қосымша зерттеулерді талап етпейтін мәселелерді анықтау;

2) сот сарапшысы қолданған әдістерді және пайдаланылған терминдерді нақтылау;

3) сарапшы қорытындысының құрамдас бөлігі болып табылмайтын, бірақ процеске қатысуына байланысты басқа да фактілер мен мән-жайлар туралы ақпарат алу;

4) сот сарапшысының біліктілігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

2. Сот сарапшысынан ол қорытынды бергенге дейін жауап алуға тыйым салынады.

3. Сот сарапшысынан тірі адамдарға сот-психиатриялық, сондай-ақ сот-медициналық сараптама жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған, өзінің қорытындысына қатысы жоқ мән-жайлардың себебі бойынша жауап алуға болмайды.

42-бап. Қосымша және қайталама сот сараптамасы

1. Қосымша сот сараптамасы сарапшының қорытындысы жеткілікті түрде анық немесе толық болмаған, сондай-ақ

алдыңғы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажеттілігі туындаған кезде тағайындалады.

Қосымша сот сараптамасын жүргізу сол немесе өзге сот сарапшысына тапсырылуы мүмкін.

Қосымша сот сараптамасын жүргізу тапсырылған кезде сот сарапшысына алдыңғы сот сараптамасының қорытындысы берілуге тиіс.

2. Сот сарапшысының алдыңғы қорытындысы жеткілікті түрде негізді болмаған немесе оның түйіндері күмән туғызған не сот сараптамасын тағайындау және жүргізу кезінде процестік нормалар елеулі түрде бұзылған жағдайларда, дәл сол объектілерді зерттеу және дәл сол мәселелерді шешу үшін қайталама сот сараптамасы тағайындалады.

Қайталама сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда алдыңғы сот сараптамасының нәтижелерімен келіспеудің негізделген уәждері келтірілуге тиіс.

Қайталама сот сараптамасын жүргізу сот сарапшыларының комиссиясына тапсырылады. Алдыңғы сот сараптамасын жүргізген сот сарапшылары қайталама сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатыса алады және комиссияға түсініктер бере алады, алайда олар сараптамалық зерттеуге және қорытынды жасауға қатыспайды.

Қайталама сот сараптамасын жүргізу тапсырылған кезде сот сарапшысына алдыңғы сот сараптамаларының қорытындылары берілуге тиіс.

3. Қайталама сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сарапшыларының арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, зерттеулердің нәтижелері осы Заңның 36-бабының 6-тармағына сәйкес ресімделеді.

4. Егер екінші немесе реті бойынша келесі сот сараптамасы, олардың біреуі - қосымша сараптамаға, ал басқалары - қайталама сараптамаға жататын бірнеше негіздер бойынша тағайындалса, мұндай сараптама қайталама сараптама жүргізу қағидалары бойынша жүргізіледі.

43-бап. Материалдарды орындамай қайтару

1. Материалдарды орындамай қайтару мынадай негіздер бойынша жүргізіледі:

1) осы сот сараптамасы органында қажетті арнайы ғылыми білімі бар сот сарапшысының болмауы;

2) осы сот сараптамасы органының материалдық-техникалық базасы және жағдайлары нақты сараптама міндеттерін шешуге мүмкіндік бермеуі;

3) сот сарапшысының алдына қойылған мәселелердің оның құзыретінің шегінен тыс болуы;

4) сот сараптамасын жүргізуге арналған материалдардың заң талаптарын бұзып ұсынылуы;

5) сот сараптамасын жүргізуді тоқтата тұру үшін негіз болып табылған мән-жайлардың осы Заңда белгіленген мерзім ішінде жойылмауы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделмеген негіздемелер бойынша зерттеу жүргізбестен материалдарды қайтаруға жол берілмейді.

6-тарау. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу ерекшеліктері

44-бап. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу орны

1. Тірі адамдарға сот сараптамасы медициналық ұйымда немесе сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу және аталған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлары бар басқа орында жүргізілуі мүмкін.

2. Сот сараптамасы жүргізілген кезде адамды стационарлық тексеру қажеттілігі туындаған жағдайда ол осы Заңның 46-бабында көзделген тәртіппен медициналық ұйымға орналастырылуы мүмкін.

3. Өздеріне қатысты сот сараптамасы тағайындалған адамдарды сот сараптамасы жүргізілетін орынға және сот-сараптамалық зерттеулер жүргізілгеннен кейін тасымалдауды сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) қамтамасыз етеді.

45-бап. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезіндегі еріктілік және мәжбүрлеу

1. Өздеріне қатысты сот сараптамасы жүргізілуі мүмкін адамдар тобы заңда белгіленеді.

2. Адамдарға сот сараптамасы ерікті немесе мәжбүрлі түрде жүргізілуі мүмкін.

3. Сот сараптамасы ерікті түрде жүргізілген жағдайда сот сараптамасы органына адамның сот-сараптамалық зерттеулерге тартылуына жазбаша келісімі ұсынылуға тиіс.

4. Егер өзіне қатысты сот сараптамасы тағайындалған адам кәмелетке толмаған болса немесе оны сот әрекетке қабілетсіз деп таныса, оның заңды өкілі немесе қорғаншылық және қамқоршылық органы аталған адамға қатысты сот сараптамасын жүргізуге жазбаша келісім береді.

5. Тірі адамдарға мәжбүрлі түрде сот сараптамасын жүргізуге заңда тікелей көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

46-бап. Адамды сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға орналастырудың негіздері мен тәртібі

1. Егер адамға сот сараптамасын жүргізу сот-сараптамалық зерттеулерді стационар жағдайында жүргізуді көздейтін болса, онда ол сот сараптамасын тағайындау туралы қаулының, ұйғарымның негізінде тиісті медициналық ұйымға орналастырылады.

2. Күзетпен ұсталмаған адамды сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға тек сот шешімі бойынша ғана жол беріледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамның орналасқан жері туралы оның отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірін, басқа да туыстарын немесе жақын адамдарын, ал олар болмаған кезде

аталған адамның тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органын жиырма төрт сағат ішінде хабардар етуге міндетті.

47-бап. Сот сараптамасын жүргізу кезінде адамның медициналық ұйымда болу мерзімдері

1. Заңда көзделген айрықша жағдайлардан басқа, адам сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға отыз тәулікке дейінгі мерзімге орналастырылуы мүмкін.

2. Сот сараптамасына ерікті түрде тартылатын адам үшін көрсетілген мерзімді ұзартуды оның келісуімен сот сараптамасы органы басшысының не сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын сот сарапшысының (сот сарапшыларының) уәжді өтінішхаты бойынша сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) жүзеге асырады.

3. Сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамдардың онда болу мерзімін ұзарту заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамның онда болу мерзімінің, сондай-ақ осы мерзімді ұзарту тәртібінің бұзылуына аталған адам, оның қорғаушысы, заңды өкілі немесе іске қатысуға жіберілген өзге де өкілдер заңда көзделген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

48-бап. Өздеріне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігі

1. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде:

1) іс бойынша мәліметтер алу мақсатында заңмен кепілдік берілген құқықтардан айыруға немесе қысым жасауға (оның ішінде алдау, зорлық-зомбылық жасау, қатер төндіру және өзге де заңсыз шаралар арқылы);

2) медициналық технологияларды, фармакологиялық және дәрілік заттарды клиникалық зерттеулердің субъектілері ретінде аталған адамдарды пайдалануға;

3) хирургиялық араласуды көздейтін зерттеулердің әдістерін қолдануға тыйым салынады.

2. Сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) баламалы әдістерді қоса алғанда, өзіне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамға қолданылатын сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері туралы, болуы мүмкін ауыруды сезінулер мен жанама әсерлер туралы оған түсінікті түрде хабардар етуге тиіс. Аталған ақпарат өзіне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін аталған адамның тиісті өтінішхатты мәлімдеген заңды өкіліне де беріледі.

3. Өзіне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамға медициналық көмек заңда көзделген негіздер бойынша және тәртіппен ғана көрсетілуі мүмкін.

4. Медициналық ұйымға орналастырылған адамға шағымдар мен өтінішхаттар беруге мүмкіндік беріледі. Заңда көзделген тәртіппен берілген шағымдар мен өтінішхаттар жиырма төрт сағат ішінде адресатқа жіберіледі және цензураға жатпайды.

5. Адамға ерікті түрде жүргізілетін сот сараптамасы аталған адамның бастамасы бойынша оның кез келген сатысында тоқтатылуы мүмкін.

49-бап. Күзетпен ұсталмаған адамдарға сот сараптамасын психиатриялық стационарларда жүргізу шарттары

1. Күзетпен ұсталмаған адамдарға сот-психиатриялық сараптама психиатриялық стационарларда жүргізіледі.

2. Күзетпен ұсталмаған адамдарға психиатриялық стационарларда сот-психиатриялық сараптама жүргізу кезеңінде оларға Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының күші қолданылады.

3. Аталған адамдар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында белгіленген психиатриялық стационарлар пациенттерінің құқықтарын пайдаланады.

50-бап. Күзетпен ұсталып отырған адамдарға сот сараптамасын психиатриялық стационарларда жүргізу шарттары

1. Күзетпен ұсталып отырған адамдарға сот-психиатриялық сараптама аталған адамдарды оларға орналастыру үшін арнайы тағайындалған психиатриялық стационарларда жүргізіледі.

2. Күзетпен ұсталып отырған адамдарға психиатриялық стационарларда сот-психиатриялық сараптама жүргізу кезеңінде оларға Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының күші қолданылады.

3. Аталған адамдар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында белгіленген, олар үшін көзделген ерекшеліктері бар психиатриялық стационарлар пациенттерінің құқықтарын пайдаланады.

51-бап. Процеске қатысушылардың тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатысуы

1. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, процеске қатысушылардың тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде оған қатысуы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, сондай-ақ осы Заңның 35-бабында айқындалады.

2. Сот-психиатриялық сараптама жүргізу құпия жағдайларда жүзеге асырылады.

3. Адамды жалаңаштау арқылы оған сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу кезінде тек сол жыныстағы адамдар ғана оған қатыса алады. Осы шектеу аталған зерттеулерді жүргізуге қатысатын дәрігерлерге және басқа да медицина қызметкерлеріне қолданылмайды.

7-тарау. Сот-сараптама қызметін қамтамасыз ету

52-бап. Сот-сараптама қызметін қаржыландыру

1. Сот сараптамасы органдарының сот-сараптама қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты немесе Қазақстан

Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.

2. Сот сараптамасын жүргізумен байланысты шығыстарды өтеу мөлшері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

53-бап. Сот сараптамасын жүргізуді материалдық-техникалық қамтамасыз ету стандарттары мен талаптары

Сот сарапшысы өз қызметін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген стандарттар мен талаптарға сай келетін арнайы жаратқандырылған үй-жайларда жүзеге асырады.

54-бап. Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

1. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылмайтын, сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны алуға үміткер адамдар сот сараптамасы органдарында, оқу және өзге де ұйымдарда тиісті сараптама мамандығы бойынша арнайы кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтеді.

2. Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, сондай-ақ сот сарапшыларын кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру Палатаның қатысуымен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдарына жүктеледі.

55-бап. Қазақстан Республикасының Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімі

1. Қазақстан Республикасының Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастырудың мақсаттары қылмыстық процесті жүргізуші органдарды, тергеу судьясын, соттарды, іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жатқан органдарды (лауазымды адамдарды), процеске өзге де қатысушыларды, сондай-ақ сот сарапшыларын әдістемелер туралы мәліметтермен

қамтамасыз ету үшін сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерін жүйеге келтіру және есепке алу болып табылады.

2. Осы Заңның талаптарына сай келетін сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелері туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

56-бап. Валидация

1. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелері мен әдістері сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының қағидаларына сәйкес валидациядан өтуге тиіс.

2. Стандартты емес және жаңадан әзірленген немесе жетілдірілген әдістер валидацияға жатады.

3. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының қағидалары әдістер мен әдістемелердің әрбір түрі үшін валидациялық зерттеулердің жалпы көлемін, валидацияны жалпы ұйымдастыруды, оның рәсімдерін, алынған нәтижелерді статистикалық өңдеуді және валидация туралы есепке қойылатын жалпы талаптарды, сандық, сапалық, сәйкестендіру және диагностикалық сот-сараптама әдістемелерінің валидациясы туралы түйінді оң немесе теріс деп танудың өлшемшарттарын айқындайды.

4. Валидация мынадай тәсілдердің бірін: бақылау, стандарт үлгілерін пайдалануды; басқа әдістемелердің көмегімен алынған нәтижелермен салыстыруды; зертханааралық салғастыруды (зертханааралық кәсіби тестілеу); нәтижеге әсер ететін факторларды жүйелі түрде бағалауды қолдану арқылы жүргізіледі.

57-бап. Сот сараптамасы органдарының қызметін ақпараттық қамтамасыз ету

Сот сараптамасы органының басшысы іс жүргізу аяқталған соң іс бойынша заттай дәлелдемелер және үлгілер болып табылатын нәрселерді тәжірибелік, ғылыми және оқу-әдістемелік қызметте пайдалану үшін алу туралы қылмыстық процесті жүргізетін орган, тергеу судьясы, сот, іс жүргізуінде

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан орган (лауазымды адам) алдында өтінішхат беруге құқылы.

58-бап. Сот-сараптама қызметін кадрлық қамтамасыз ету

1. Сот сараптамасы органдарын білікті мамандармен қамтамасыз ету сот сараптамасы органының кадр резервіне алынған адамдар қатарынан жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Тиісті кәсіби деңгейін қамтамасыз ету үшін сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшылары және лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдар бес жылда бір рет біліктілігін арттырудан өтуге тиіс.

59-бап. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшыларына еңбекақы төлеу және оларды өзге де қамсыздандыру

Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшыларына еңбекақы төлеу, еңбек демалыстарын беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8-тарау. Сот-сараптама қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастық

60-бап. Сот-сараптама қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Сот сараптамасы органдары бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми-әдістемелік ақпарат алмасу, сот сарапшыларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мақсатында шет мемлекеттердің сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын органдарымен және қызметтерімен халықаралық байланыстар орнатуға құқылы.

61-бап. Шет мемлекеттің құзыретті органының тапсыруы бойынша сот сараптамасын жүргізу

Сот сараптамасы Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан шет мемлекеттің құзыретті органының тапсыруы бойынша жүргізілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, егер халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі қолданылады.

62-бап. Сот сараптамасын шет мемлекеттің сот сарапшыларын тарта отырып жүргізу

Сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) заңда белгіленген тәртіппен өзінің бастамасымен не сот сараптамасы органы басшысының өтінішхаты бойынша сот сарапшысы ретінде шет мемлекеттің сот сараптамасы саласындағы маманын тартуға құқылы.

Шет мемлекеттердің сот сарапшыларының қатысуымен сот сараптамасын жүргізу сот сараптамасын орындаушы елдің процестік заңнамасында, сондай-ақ осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9-тарау. Қорытынды ережелер

63-бап. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасын бұзу заңда белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

64-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» 2010 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы,

2010 ж., № 1-2, 3-құжат; 2013 ж., № 13, 64-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат) күші жойылды деп танылсын.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда,
2017 жылғы ақпанның 10-ы.
№ 44-VI

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 306 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамасы органдары жүргізетін сот сараптама-лары түрлерінің және біліктілігін Қазақстан Республи-касының Әділет министрлігі беретін сараптама мамандықтарының тізбесі

№	Сараптама түрі	Сарапшылық мамандық	Мамандық шифрі
1	Құжаттардың сот сараптамасы	Жазу мен қолтанбаны сот-сараптамалық зерттеу	1.1
		Құжаттарды сот-техникалық зерттеу	1.2
		Сот автортану зерттеуі	1.3
2	Сот портреттік сараптамасы	Сот-сараптамалық габитологиялық зерттеу	2.1
3	Сот бейнефонографиялық сараптамасы	«Сот-сараптамалық бейнефонографиялық зерттеу. Дауысты және дыбысталған сөздерді спектральді (аспаптық) зерттеу»	3.1
		«Сот-сараптамалық бейнефонографиялық зерттеу. Дауыс және дыбысталған сөздерді аудитивтік және лингвистикалық зерттеу»	3.2
4	Сот фототехникалық сараптамасы	Сот-сараптамалық фототехникалық зерттеу	4.1
5	Сот трасологиялық сараптамасы	Сот-сараптамалық трасологиялық зерттеу	5.1
6	Сот баллистикалық сараптамасы	Сот-сараптамалық баллистикалық зерттеу	6.1
7	Заттар мен материалдардың сот сараптамасы	Лакты бояу материалдарын, жабындар мен полимер материалдарын сот-сараптамалық зерттеу	7.1

		Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу	7.2
		Металдар мен қорытпаларды сот-сараптамалық зерттеу	7.3
		Топырақты сот-сараптамалық зерттеу	7.4
		Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу	7.5
		Спирт құрамды сұйықтықтарды сот-сараптамалық зерттеу	7.6
		Арнайы химиялық заттарды сот-сараптамалық зерттеу	7.7
		Әйнектен, керамикадан және силикат құрылыс материалдарынан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу	
8	Жол-көлік оқиғасы жағдайлары мен көлік құралдарының сот сараптамасы	Жол-көлік оқиғасы жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу	8.1
		Сот-сараптамалық көлік-трасологиялық зерттеу	8.2
		Көлік құралдарын сот-сараптамалық зерттеу	8.3
		ЖКО орнындағы жолдың техникалық күйін, жол жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу	8.4
9	Сот экономикалық сараптамасы	Шаруашылық операцияларын сот-сараптамалық зерттеу	9.1

		Сот-сараптамалық бухгалтерлік зерттеу	9.2
		Сот-сараптамалық қаржы-несиелік зерттеу	9.3
		Сот-сараптамалық қаржы-бюджеттік зерттеу	9.4
10	Сот тауартану сараптамасы	Азық-түлік емес тауарларды сот-сараптамалық тауартану зерттеуі	10.1
		Азық-түлік тауарларын сот-сараптамалық тауартану зерттеуі	10.2
		Сот-сараптамалық автотауартану зерттеуі	10.3
		Сот-сараптамалық құрылыс-тауартану зерттеуі	10.4
		Дыбыстау-бейнелеу және бағдарламалық өнімдерін сот-сараптамалық тауартану зерттеуі	10.5
11	Сот құрылыс сараптамасы	Ғимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-экономикалық зерттеу	11.1
		Ғимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-техникалық зерттеу	11.2
12	Сот технологиялық сараптамасы	Сот-сараптамалық технологиялық зерттеу	12.1
		Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу	12.2
13	Сот өрт-техникалық сараптамасы	Өрт жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу	13.1
		Сот-сараптамалық электротехникалық зерттеу	13.2

14	Сот жарылыс-техникалық сараптамасы	Жарылыс жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу	14.1
15	Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасы	Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын және прекурсорларды сот-сараптамалық зерттеу	15.1
16	Сот биологиялық сараптамасы	Өсімдік тектес объектілерді сот-сараптамалық биологиялық зерттеу	16.1
		Жануар тектес объектілерді сот-сараптамалық биологиялық зерттеу	16.2
17	Сот молекулярлық-генетикалық сараптамасы	Сот-сараптамалық молекулярлық-генетикалық зерттеу	17.1
18	Адамның психофизиологиялық процестерінің сот сараптамасы	Сот-сараптамалық психологиялық-криминалистикалық зерттеу	18.1
		Сот-сараптамалық психологиялық-филологиялық зерттеу	18.2
		Сот-сараптамалық инженерлік-психофизиологиялық зерттеу	18.3
19	Сот экологиялық сараптамасы	Сот-сараптамалық экологиялық зерттеу	19.1
20	Гендік түрлендірілген организмдердің сот сараптамасы	Гендік түрлендірілген организмдерді сот-сараптамалық зерттеу	20.1
21	Сот дінтанушылық сараптамасы	Сот-сараптамалық дінтанушылық зерттеу	21.1
22	Сот техногендік апаттар сараптамасы	Теміржол көлігін сот-сараптамалық зерттеу	22.1

23	Қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істердің материалдары бойынша мәйіттердің, жәбірленушілер мен айыпталушылардың және өзге де тұлғалардың сот-медициналық сараптамасы	Сот-жалпысараптамалық зерттеу	23.1
24	Сот-гистологиялық сараптамасы	Сот-гистологиялық зерттеу	24.1
25	Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасы	Сот-биологиялық (медициналық) зерттеу	25.1
26	Медициналық-криминалистикалық сараптамасы	Сот медициналық-криминалистикалық зерттеу	26.1
27	Химия-токсикологиялық сараптамасы	Сот химия-токсикологиялық зерттеу	27.1
28	Сот-наркологиалық сараптамасы	Сот-наркологиалық зерттеу	28.1
29	Сот-психиатриялық сараптамасы	Сот-психиатриялық зерттеу	29.1

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 305 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамасы объектілерін пайдалану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сот сараптамасы объектілерін пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Сот-сараптама қызметі туралы» 2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және сот сараптамасы органы қызметкерлерінің, лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлғалардың (бұдан әрі - лицензиаттар) және сот сараптамасын жүргізуді бір жолғы тәртіппен жүзеге асыратын өзге де адамдардың сот сараптамасы объектілерін қабылдау, сақтау, қайтару тәртібін белгілейді.

2. Заттай дәлелдемелер, құжаттар, адамның денесі, адам психикасының жай-күйі, мәйіттер, жануарлар, үлгілер, сондай-ақ сот сараптамасының нысанына жататын, ол бойынша сот сараптамасы жүргізіліп жатқан іс материалдарында қамтылған мәліметтер - сот сараптамасы объектілері (бұдан әрі - сот сараптамасы объектілері) болып табылады.

3. Сот сараптамасын жүргізуге қажетті тірі адамның, мәйіттің, жануардың, өсімдіктің, бұйымның, материалдың немесе заттың қасиеттерін бейнелеп көрсететін материалдық объектілер - үлгілер болып табылады.

2-тарау. Сот сараптамасы объектілерін қабылдаудың тәртібі

4. Сот сараптамасы объектілерін сот сараптамасы органына немесе лицензиатқа сот сараптамасын тағайындайтын адам тікелей ұсынады не арнайы пошта байланысы арқылы жолданады.

Арнайы пошта байланысы арқылы қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен пиротехникалық құрамдарды, жарғыш құрылғылар мен жару құралдарын, жеңіл тұтанатын және жаңғыш заттарды, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен

прекурсорларды, қатты әсер ететін, уытты және улы заттарды, радиоактивті заттар мен ядролық материалдарды, қымбат заттарды, құнды қағаздарды, тибиғи күйіндегі биологиялық текті объектілерді, рабайсыз объектілерді жіберуге тыйым салынады.

5. Сот сараптамасы объектілері олардың зақымдану, өзгеру, ауысып кету мүмкіндігін болдырмайтын және оларды сақтау мен тасымалдау кезінде белгілері мен қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін орамаға орналастырылады.

Әрбір сот сараптамасы объектісі мен заттардың үлгілері бөлек ыдысқа салынды. Сот-гистологиялық сараптамасы объектілері үшін бір ыдысқа салу рұқсат етіледі.

Биологиялық текті объектілерді олардың табиғи күйінде тасымалдау өздерінің бастапқы қасиеттерін өзгертуге кедергі келтіретін жағдайларда қамтамасыз етіледі.

6. Орамада сот сараптамасы объектісінің атауы, оның пайда болуы, алу шарттары, объекті табылған және алынған адамның тегі, аты, әкесінің аты(ол болған жағдайда) туралы мәліметтер, табу, алу және орау кезінде қатысқан адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолдары, алуды жүргізген немесе сот сараптамасын тағайындаған лауазымды адамның қолы және оның қолын куәландыратын мөрдің бедері көрсетіледі.

Биологиялық текті объектілер үшін орамада сот сараптамасы объектісінің атауы, оның пайда болуы, объектілерді алуды жүргізу орны, объектілерді алу жүргізілген адамның немесе мәйітінен объектілерді алу жүргізілген өлген адамның тегі, аты, әкесінің аты(ол болған жағдайда) (объектілерді белгісіз тұлғадан немесе мәйіттен алу кезінде ерекше белгілері және тіркеу журналында көрсетілген нөмірі көрсетіледі) туралы мәліметтер, консервациялау ортасы(егер мұндайлар қолданылса), сот сараптамасы объектілерін орау кезінде қатысқан адамдардың қолдары, алуды жүргізген немесе сот сараптамасын тағайындаған лауазымды адамның қолы және оның қолын куәландыратын мөрдің бедері көрсетіледі.

7. Сот сараптамасы объектілерінің көлемдері мен өлшемдеріне байланысты, зерттелуге жататын материалдардың өзіндік ерекшеліктеріне орайоларды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, сот сараптамасын тағайындаған адам сот сарапшысының зерттеу объектілерінің орналасқан жеріне жеткізуді, сот сарапшысының оған кедергісіз кіруін және зерттеу жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

8. Сот сараптамасын тағайындаған орган(адам) Заңның 30-бабының 2-тармағына сәйкес сот сараптамасы органы аймақтық бөлімшесінің басшысына не лицензиатқа сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды зерттеу объектілерін және зерттеу жүргізуге және қорытынды беруге қажетті өзге де материалдарды ұсынады.

9. Сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы, ұйғарым осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысанбойынша сот сараптамасын жүргізуге келіп түскен материалдарды тіркеу журналында тіркеледі.

Сот-медициналық, сот-психиатриялық, сот-наркологиялық сараптамаларды тағайындау туралы қаулы, ұйғарым осы Қағидалардың 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша кеңседе тіркеледі.

Сот медицинасы бөлімшелерінде (облыстық, ауданаралық және аудандық) сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы, ұйғарым осы Қағидалардың 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша сараптамаларды тіркеу журналдарында тіркеледі, онда зерттеуге ұсынылған объектілер көрсетіледі.

Біртекті заттар болған кезде олардың саны, заттар үшін - түрі мен саны, бірдей мазмұндағы құжаттар үшін - парақтар саны көрсетіледі.

Қылмыстық, азаматтық істің немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің материалдарын алу кезінде оның нөмірі, күдіктінің (күдіктілердің), айыпталушының (айыпталушылардың) немесе азаматтық істегі тараптардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), томдарының және іс парақтарының саны көрсетіледі.

10. Сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда көрсетілген объектілер тізбесінің, олардың санының сәйкессіздігі, ораманың бүтіндігі бұзылғандығы анықталған жағдайда сараптамаға келіп түскен материалдар мен объектілерді қарап-тексеру актісі (бұдан әрі - Қарап-тексеру актісі) осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша 2 данада жасалады. Қарап-тексеру актісіне аумақтық бөлімшенің басшысы, қарап-тексеруді жүргізген сот сарапшысы және сараптаманы тағайындаған адам қол қояды.

Қарап-тексеру актісінің бір данасы сот сараптамасын тағайындаған адамға тапсырылады, екіншісі сот сарапшысының қорытындысымен бірге бақылау өндірісінде сақталады.

Объектілер пошта байланысы арқылы жеткізілген жағдайда, Қарап-тексеру актісіне аумақтық бөлімшенің басшысы, осы сараптаманы жүргізу тапсырылған сот сарапшысы және кеңсе қызметкері қол қояды. Актінің бір данасы сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) жолданады.

Объектілердің тізілімі мен санының сәйкессіздігі анықталған кезде биологиялық текті объектілердің бұзылуына жол бермеу мақсатында сот сараптамасы органы немесе лицензиат сараптама объектілерін орындау үшін (объектілердің қойылған мәселелерді шешуге жарамды болуышартымен) қабылдайды. Бұл ретте Қарап-тексеру актісі жасалады.

11. Заң талаптарына сәйкес келмейтін сот сараптамасын жүргізу үшін ұсынылған материалдар Заңның 43-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес сот сараптамасын тағайындаған адамға орындаусыз кері қайтарылады.

12. Зерттеуге келіп түскен есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының сот сарапшысы сот сараптамасын тағайындаған адамның қатысуымен өлшейді, көлемін есептейді.

Аталған объектілерді қарап-тексерудің және өлшеудің (көлемін есептеудің) нәтижелері Қарап-тексеру актісінде көрсетіледі, оған осы сараптаманы жүргізу тапсырылған сот сарапшысы және объектілерді жеткізген адам қол қояды.

13. Сот сараптамасы органы есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының ірі партиядағы объектілерін қабылдаған жағдайда, сондай-ақ сот сараптамасына ақша қаражаты, бағалы қағаздар, зергерлік бұйымдар келіп түскен кезде Қарап-тексеру актісі жасалады, оған, оның біріне осы сараптаманы жүргізу тапсырылған екі сот сарапшысы және объектілерді жеткізген адам қол қояды.

14. Сот сараптамасын жүргізу үшін келіп түсетін есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлар тіркеу журналында тіркелуге жатады.

15. Сот сараптамасын жүргізу үшін келіп түсетін қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғылар осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша иір ойықты қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар мен құрылғыларды тіркеу журналында тіркелуге жатады.

16. Бағалы металдардан (осы бұйымдардың сынықтары), асыл тастар мен інжуден жасалған бұйымдар, сондай-ақ зергерлік қолөнер бұйымдар, асыл тастар, бағалы металдардан жасалған тиындар мен шетел валютасы осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдарды, бағалы қағаздарды, Қазақстан Республикасының және басқада мемлекеттердің ақша банкноттарын тіркеу журналында тіркелуге жатады.

17. Молекулярлық-генетикалық, сот-биологиялық сараптамалар жүргізу үшін тірі адамдардан биологиялық үлгілерді алу осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тірі адамдардан биологиялық үлгілерді алуды тіркеу журналында тіркелуге жатады.

3-тарау. Сот сараптамасы объектілерін сақтау тәртібі

18. Сот сараптамасының биологиялық текті емес объектілерін сақтау объектілердің жекелеген санаттарын сақтаудың ерекшелігін ескере отырып арнайы жабдықталған орынжайларда (сот сараптамасы объектілерін сақтау

камераларында) сақталады. Арнайы сақтау шарттарын қажет етпейтін объектілер сақтау камерасындағы метал шкафтар мен сейфтерде сақталады.

Биологиялық текті объектілер оладың бастапқы қасиеттерін сақтауды қамтамасыз ететін жағдайларда сақталады.

Сот сараптамасы объектілеріне сот сараптамасының нөмірі, келіп түскен күні көрсетілген жазбасы бар жапсырма қағаздар бекітіледі.

19. Сот сараптамасы органының сақтау камерасындағы объектілердің сақталуына жауапты адам (бұдан әрі-сақтауға жауапты адам) сот сараптамасы органы басшысының бұйрығымен тағайындалады.

20. Сақтауға жауапты адам сот сараптамасы органының сот сарапшысына сақтау камерасынан сот сараптамасы объектілерін беруді, сондай-ақ оларды сақтау камерасына қабылдауды жүзеге асырады, бұл туралы осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес сот сараптамасы объектілерін сақтау камерасына қабылдауды және тапсыруды тіркеу журналына жазба енгізіледі.

21. Егер сот сараптамасы объектілернің көлемдері, өлшемдері мен қасиеттері мүмкіндік берсе, олар сейфтерде, металл шкафтарда сақталады.

22. Сот сарапшысы сараптамаларды жүргізу кезінде Заңның 32-бабының 3-тармағына сәйкес сот сараптамасы объектілерінің барынша сақталуын қамтамасыз ететін әдістерді пайдаланады.

23. Сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда сот сараптамасы объектілерінің қасиеттерін өзгертуге, оларды ішінара не толықтай жоюға рұқсат болмаған жағдайда, сот сарапшысы үш тәулік ішінде, көп объектілі сот сараптамасы бойынша- бес тәулік ішінде сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) осы әрекеттерге рұқсат беру туралы жазбаша өтініш жасайды.

Одан әрі зерттеу сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) жазбаша рұқсатымен ғана жүргізіледі, бұл туралы Сарапшы қорытындысында тиісті жазба жасалады.

24. Сот сараптамасын жүргізу кезінде жұмсалған заттардың көлемі сот сарапшысының қорытындысындағы сот-

сараптамалық зерттеудің әрбір кезеңінде көрсетіледі. Сот сарапшысы қорытындының синтездеу бөлігінде жұмсалған және қайтарылатын заттардың жалпы санын көрсетеді.

25. Сот сарапшысы осы Қағидалардың 12 - 16-тармақтарында көрсетілген сот сараптамасы объектілерін жұмыс күні аяқталғаннан кейін осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес сақтау камерасына тапсырады.

26. Биологиялық текті объектілерді қоспағанда, сот сараптамасын жүргізу аяқталғаннан кейін сот сарапшысы сот сараптамасы объектілерін буып-түйілген (таңбаланған) және мөрленген күйінде заттай дәлелдемелерді сақтау камерасына тапсырады. Орамаға мынадай жазбалар енгізіледі: сот сараптамасының нөмірі, аяқталу күні, орманың ішіндегісі, сот сарапшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), оның қолы. Орамаға «Пакеттер үшін» дөңгелек мөрiнiң бедерi қойылады.

Сот медициналық сараптаманың объектілері (мәйіттен басқасы) буып-түйіледі және мөрленеді және сараптама тағайындаған адамға беру немесе кеңсеге тапсыру кезіне дейін объектілердің жекелеген санатын сақтау ерекшелігі ескеріле отырып, бөлімшелерде сақталады.

4-тарау. Сот сараптамасы объектілерін қайтару тәртібі

27. Сот сараптамасына ұсынылған сот сараптамасы объектілері, сараптаманы тағайындаған орган (адам) белгілеген мерзіммен бастапқы қасиеттерін сақтауды талап ететін биологиялық текті объектілерді қоспағанда, сот сараптамасы органдарында немесе лицензиатта, тек олардың сот-сараптамалық зерттеу жүргізу уақытында ғана болады.

28. Биологиялық текті химиялық-токсикологиялық сараптама объектілерін қоспағанда, сот сараптамасы объектілері сот сараптамасын тағайындаған адамның тікелей өзіне немесе оның уәкілетті өкіліне беріледі. Бұл ретте осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген сот сараптамасын жүргізуге келіп түсетін материалдарды тіркеу журналында және сот сараптамасы органың бақылау өндірісінде сақталатын сот

сарапшысы қортындысының бір данасында алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жұмыс орны, лауазымы, жеке куәлігінің немесе қызметтік куәлігінің нөмірі мен берілген күні көрсетіледі.

Сот сараптамасы объектілерін сақтауға жауапты адамның, ал сот сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асырған жағдайда-сот сарапшысы осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген сот сараптамасын жүргізуге келіп түсетін материалдарды тіркеу журналында «өзі алды», «сенімхат бойынша берілді» деген белгілер мен материалдардың берілген күні қойылады.

29. Поштамен жөнелтуге жатпайтын бағалы заттар, қару, оқ-дәрілер, есірткі, улы, күшті әсер ететін, жарылғыш, жеңіл тұтанатын заттар мен ірі көлемдіобъектілерсот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) тікелей өзіне қайтарылады, бұл туралы үш тәулік ішінде телефонограммамен хабарланады несарапшы қорытындысы (қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама), зерттеу объектілері және басқа да материалдар сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) беріледі(жолданады).

30. Сот сарапшысының қорытындысын арнайы пошта байланысымен жөнелту, бастапқы қасиеттерін сақтауды талап ететін табиғи күйдегі биологиялық текті объектілерді қоспағанда, сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) сот сараптамасы объектілерінсізберуге жол берілмейді.

5-тарау. Мәйіттерді тапсыру, қабылдау және тіркеу тәртібі

31. Мәйіт сот сараптамасы органына немесе лицензиатқа мәйітке сот-медициналық сараптамасын тағайындау туралы қаулымен, мәйітті оқиға орнында (немесе мәйіттің табылған орнында) қарау хаттамасының көшірмесімен, медициналық құжаттармен (ол болған жағдайда) бірге жіберіледі.

32. Мәйітті сот сараптамасы органы немесе лицензиат қабылдап алған кезде қайтыс болған адамның киімдері, құнды заттары, құжаттары және мәйітпен бірге жеткізілгенбасқа да

нәрселері осы Қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәйітханадағы күнделікті киетін киімдерді, заттай дәлелдемелерді, құнды заттар мен құжаттарды тіркеу журналында тіркеледі және мәйітке оның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қайтыс болған адамның жасы мен тіркеу нөмірі көрсетілген жапсырма қағаз немесе тіркеу нөмірі таңбаланған метал жетон ілінеді.

33. Сот-медициналық сараптаманы тағайындаған орган (адам) мәйітті сот сараптамасы органына немесе лицензиятқа жіберген кезде, сонымен бір мезгілде қосымшаларымен бірге медициналық картасының ауру тарихының түпнұсқасын және ол медициналық мекемеге келіп түскен кездегі киімдерін жеткізуді қамтамасыз етеді. Егер киімдерін анықтау немесе тергеу органдары алған болса немесе олардың рұқсатымен заңды өкілдеріне берілген болса, қаулыда тиісті жазба жазылады.

34. Мәйітті және ілеспе құжаттарды сот-медициналық мәйітханадағы мәйіттерді тіркеу журналында тіркейді.

35. Жылдың жылы мезгілдері, құрғақ ауа райы және жұмыс үшін қажетті жағдай болған кезде сот сарапшысының келісімі бойынша эксгумация жасалған мәйіттің сараптамасын ашық далада жүргізуге жол беріледі.

Суықтан қатып қалған мәйіттер бөлме температурасында олар толық ерігеннен кейін ғана зерттеледі, жоғары температура жағдайында мәйітті жылдамдатып ерітуді жүргізуге жол берілмейді.

36. Сот-биологиялық сараптама жүргізу үшін сот сараптамасы объектілерін алуды мәйітке сараптама жүргізетін сот сарапшысы жүргізеді. Объектілер алынады, буып-түйіледі, таңбаланады және осы Қағидаларға сәйкес жіберіледі. Сот сарапшысы мен мәйіттен алынған объектіні жіберу осы Қағидалардың 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сот-биологиялық бөлімде (бөлімшеде) биологиялық объектілер мен мәйіттен алынған объектіні тіркеу журналында тіркеледі.

37. Мәйітті зерттеу аяқталғаннан кейін, биологиялық үлгілерді қоспағанда, зертханалық зерттеулер үшін алынған

барлық органдар сот сарапшысының бақылауымен мәйітке салынады, ол қосымша кесілген жерлерімен қоса қайта тігіледі.

Мәйіттің қуысына, сіңіргіш шүберектерден бөлек, оған тиесілі емес органдарды немесе бөтен заттарды салуға жол берілмейді.

38. Мәйітті зерттеу аяқталғанға және материалдар зертханалық зерттеуге алынғанға дейін мәйітке оны бұзылудан сақтайтын заттарды енгізуге жол берілмейді. Мәйіттің сот-медициналық сараптамасы аяқталғаннан кейін мәйітті сот сараптамасы органында консервациялау сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) жазбаша рұқсатымен ғана жүргізіледі. Жазбаша рұқсатта жазбаша рұқсат берген адам туралы мәліметтер, қызметтік куәлігінің нөмірі және сот сараптамасын тағайындаған адамның қолтаңбасы болады.

6-тарау. Мәйіттерді сақтау тәртібі

39. Мәйіттің киімі және онымен бірге жеткізілген заттар сот сараптаманы органдарына қандай күйде түссе, сот-медициналық сараптаманы жүргізу басталғанға дейін сондай күйінде сақталады.

Бұлғал киімдер мен аяқкиім желдетілетін бөлмеде тікелей күн сәулесі түспейтін бөлме температурасында кептірілуге тиіс.

40. Мәйіттер, сондай-ақ бөлінген мәйіттердің бөлшектері сот сараптамасы органында олардың бастапқы қасиеттерін өзгертуге жол бермейтін жағдайларда сақталады.

41. Сот-медициналық сараптама жүргізуді бастағанға дейін жарақаттарды (зақымдарды) қарау кезінде оларды зондымен тексеру және бастапқы түрін немесе зақымдану сипатын өзгертуге алып келетін басқа да әрекеттерді жүргізуге, сондай-ақ кепкен қанды, сот сараптамасының басқа да түрлері үшін заттай дәлелдемелер болуы ықтимал ұсақ бөлшектерді (әйнектің, металдың сынықтары, ыс және тағы басқалар) жоюға жол бермеу үшін шығындыларды жууға, сүртуге және өзге де жолмен оларды жоюға жол берілмейді. Мәйіт зерттелгенге дейін зақымданудағы шегенделген құралдарды, заттарды алуға, қозғауға жол берілмейді.

42. Карантинді және аса қауіпті инфекциялардан өлген адамдардың мәйіттері басқа мәйіттерден оқшауланып сақталады.

43. Сот сараптамасы органдарындағы немесе лицензияттағы мәйіттер сот-медициналық сараптама аяқталғаннан кейін үш тәуліктен асырмай сақталады.

Мәйіттің сот сараптамасы органдарында немесе лицензиятта одан әрі сақталуы келісімшарт негізінде жүзеге асырылады.

44. Санитарлар мәйіттерді жерлеу үшін қайтыс болған адамның туыстарына немесе жақындарына не сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) жазбаша рұқсаты бойынша жерлеу міндетін алған уәкілетті қоғамдық ұйымдарға береді. Киіндіру, жуып-шаю, бальзамдау, сондай-ақ басқа да салттық ғұрыптар қызметін көрсету санитардың міндетіне кірмейді.

45. Карантинді және аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болған адамдардың мәйіттері жерлеу (кремациялау) орнына табытын ашу құқығынсыз жеткізу үшін беріледі.

Сот сараптамасы объектілерін пайдалану қағидаларына 1-18 қосымшалар:

- ✓ Сот сараптамасын жүргізуге келіп түскен материалдарды тіркеу журналы
- ✓ Кіріс хат-хабарларын тіркеу журналы (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер)
- ✓ Шығыс хат-хабарларды тіркеу журналы (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер)
- ✓ Сот-медициналық сараптамаларын жүргізу үшін _____ бөлімшеге келіп түскен материалдар мен заттай дәлелдемелерді тіркеу журналы
- ✓ Сот-медициналық мәйітханадағы мәйіттерді тіркеу журналы
- ✓ Жәбірленушілердің, сезіктілердің, айыпталушылардың және басқа адамдардың сот медициналық сараптамаларын тіркеу журналы
- ✓ Сот-наркологиялық сараптамасын жүргізуді тіркеу журналы

- ✓ Істерді(қылмыстық және азаматтық) жәнесот-психиатриялық сараптамалық комиссия қорытындыларын қабылдауды, беруді тіркеу журналы
- ✓ Амбулаториялық және стационарлық сот-психиатриялық сараптама сын тіркеу журналы
- ✓ Комиссиялық сот медициналық сараптамаларды тіркеу журналы
- ✓ Зерттеуге келіп түсетін материалдар мен объектілерді қарау актісі
- ✓ Есірткі құралдары,психотроптық заттар мен прекурсорларды тіркеу журналы
- ✓ Ойық қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен құрылғыларды тіркеу журналы
- ✓ Бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдарды, бағалы қағаздар, Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің ақша банкноттарын тіркеу журналы
- ✓ Тірі адамдардан биологиялық объектілерді алуды тіркеужурналы
- ✓ Сот сараптамасы объектілерін сақтау камерасына қабылдауды және өткізуді тіркеу журналы
- ✓ Киетін киімдерді, заттай дәлелдемелерді, құнды заттар мен құжаттарды мәйітханада тіркеу журналы
- ✓ _____бөлімшедегі мәйіттен алынған объектілердің тіркеу журналы

(ескерту! Қағидалардың 1-18-қосымшаларына сәйкес нысандар қысқартылып алынған)

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 303 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындау қағидалары, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібі, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындау қағидалары, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібі, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібі (бұдан әрі - Қағида) «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 ақпандағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Осы Қағида сот сараптамаларының күрделілік санаттарын, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеудің, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібін айқындайды.

2-тарау. Сот сараптамаларының күрделілік санаттарын, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібі, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібі

3. Сот-сараптамалық зерттеулері күрделілік дәрежесі бойынша 4 санатқа бөлінеді: 1) жай - зерттеудің көп еңбек сіңіруді қажет ететін әдісін қолдануды талап етпейтін, күрделі емес объектілер бойынша стандартты; 2) күрделілік дәрежесі орташа - бұл ретте объектілердің сапалық және сандық сипаттамалары, сондай-ақ сот сараптамалық зерттеулерінің қолданылатын әдістемелері белгілі бір уақыт шығынын талап етеді; 3) күрделі - ұзақ және көп ғылыми еңбек сіңіруді қажет

ететін, аспаптық әдістерді қолдануды, оқиға орнына шығумен байланысты алынған нәтижелерді терең талдауды талап ететін, көп объектілі, көп сұрақтары бар сот-сараптамалық зерттеулер;

4) аса күрделі - жаңа объектілердің өзіне ғана тән, стандартты емес, сондай-ақ әдістемелік және ұйымдастырушылық жағынан күрделендірілген, соның ішінде ахуалдық міндеттерді шешу жөніндегі зерттеулер.

4. Сот-сараптамалық зерттеулерінің түрлері бойынша сот сараптамаларының күрделілік санаттары осы Қағидаға қосымшада келтірілген.

5. Кешенді сараптама іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін әртүрлі білім салалары негізінде зерттеулер қажет болған жағдайда тағайындалады және оны әртүрлі мамандықтағы сот сарапшылары өз құзыреті шегінде жүргізеді.

Қайталама сот сараптамасы сот сарапшысының алдыңғы қорытындысы жеткілікті түрде негізді болмаған немесе оның түйіндері күмән туғызған не сот сараптамасын тағайындау және жүргізу кезінде процестік нормалар елеулі түрде бұзылған жағдайларда, дәл сол объектілерді зерттеу және дәл сол мәселелерді шешу үшін тағайындалады.

Комиссиялық сот сараптамасы күрделі сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу қажет болған жағдайларда тағайындалады және оны бір мамандықтағы кемінде екі сот сарапшысы жүргізеді.

Егер осы Қағидаға қосымшада кешенді, қайталама, комиссиялық сараптамаларын жүргізу кезінде шешілетін сұрақтарды аса күрделі санатына жатқызу көзделмеген болса, онда ол сараптамалар күрделі санатына жатқызылады.

6. Сот сараптамасын жүргізу мерзімі сот сараптамасы органы не сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын жеке адам сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды және оның объектілерін іс жүргізуге қабылдаған күннен бастап есептеліп, оны кеңсеге тапсырған күнмен аяқталады.

7. Күрделілік санаттарына қарай сот сараптамаларын жүргізу мерзімдері келесі тәртіпте анықталады:

1) жай - 5 тәулікке дейін;

2) күрделілік дәрежесі орташа - 20 тәулікке дейін;

3) күрделі және аса күрделі - 30 тәулікке дейін.

8. Сот сараптамасын жүргізу мерзімі келесі жағдайларда тоқтатылады, егер:

1) сараптама тағайындау туралы қаулыда (анықтама) келтірілген материалдардың барлығы немесе жетіспейтін бөлігі келіп түспесе;

2) сот сарапшысы сараптама тағайындаған органға (адамға): өзіне қосымша материалдарды беру туралы; заттай дәлелдемелерді жоюға немесе бұзуға өтініш мәлімдесе;

3) ірі көлемді объектіні зерттеу үшін оның орналасқан жеріне шығу талап етілсе;

4) сараптама жүргізуге кіріскен сот сарапшысы белгілі бір жұмыс уақытын шығындауды талап ететін басқа іс бойынша сот отырысына қатысса;

5) сот сарапшысы басқа себептермен (іссапар, жұмысқа жарамсыздық) болмаса және материалдарды басқа сот сарапшысына тапсыруға кедергі келтіретін себептер болса;

6) ұсынылған материалдар ол бойынша сараптаманың өзге түрін жүргізіп жатқан басқа сот сарапшысында болса.

9. Сот сараптамасын жүргізу мерзімін ұзартуды сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасы органы басшысының не сот сараптама қызметін Заңның 19-бабы 1-тармағының 2), 3) тармақшаларына сәйкес жүзеге асыратын сот сарапшысының (сот сарапшыларының) уәжді өтінішхаты бойынша жүзеге асырады.

10. Сараптаманы ұзарту негіздері:

1) шет мемлекеттің сот сарапшысын тарту;

2) арнайы ғылыми білімі қорытынды беру үшін қажет болған жағдайда сот сарапшылары комиссиясының құрамына сот сараптамасы органында жұмыс істемейтін адамдарды енгізу;

3) көпобъектілі сараптаманы жүргізу;

4) көп сұрақтары бар стандартты емес жаңа объектілерді зерттеу болып табылады.

5. Сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындау қағидаларына, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібіне, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібіне қосымша Сот-сараптамалық зерттеулерінің түрлері бойынша сот сараптамаларының күрделілік санаттары

1. Құжаттардың сот сараптамасы

1.1. Жазу мен қолтаңбаны сот-сараптамалық зерттеу:

1) жай:

топтық қатыстылықты анықтауға (бір немесе бірнеше тұлғаның орындау фактісі);

кимыл жүйесі дағдысының дәрежесі мен кемелдік дәрежесі бойынша мүмкін немесе болжамды орындаушыны алып тастау;

қарапайым жағдайда орындалған үлкен немесе орташа көлемді мәтіннің орындаушысын анықтау (алып тастау) (1 объектіге қатысты);

қарапайым жағдайда орындалған қолтаңбаны орындаушыны анықтау (алып тастау) (1 объектіге қатысты);

2) күрделілік дәрежесі орташа:

қарапайым жағдайда орындалған үлкен немесе орташа көлемді қолжазба мәтіннің (әріптік-сандық) орындаушысын анықтау (алып тастау) (2-ден 10 объектіге қатысты);

қарапайым жағдайда орындалған қолтаңбаның (әріптік, штрихті немесе аралас транскрипциялы) түпнұсқалылығын анықтау (алып тастау) (2-ден 10 объектіге қатысты);

3) күрделі:

қарапайым жағдайда орындалған көптеген объектілерге қатысты жазу мен қолтаңбаның сәйкестендірушілік зерттеу (10 және одан да көп объектіге);

болжамды орындаушылардың ішінен нақты бір адамның атынан орындалған қолтаңбаның орындаушысын анықтау мақсатындағы зерттеу (1 объектіге қатысты);

қолтаңбаның нақты адамдардың ішінен біреуінің ойдан шығарылған адамның орындағанын анықтау мақсатындағы зерттеу;

мәтін, жазба және қолтаңбаны нақты адамның жазуына (қолтаңбасына) еліктей отырып, қолтаңбаны әдейі өзгертіп орындауын анықтау мақсатындағы зерттеу (1 объектіге қатысты);

қарапайым және қарапайым емес жағдайларда орындалған қысқа (әріптік және сандық) жазбаларды зерттеу (1 объектіге қатысты);

уақыт алшақтығымен орындалған мәтінді (қолжазбаны) зерттеу;

басқа тұлғаның қолтаңбасына еліктей отырып, жылдам жазу тәсілімен әдейі өзгертілген қолтаңбамен орындалған қолжазбаны зерттеу (1 объектіге қатысты);

4) аса күрделі:

жеке сараптамалық әдістемелерді қолдануды қажет ететін сәйкестендірушілік, диагностикалық және жіктеушілік міндеттер;

қарапайым және қарапайым емес жағдайда орындалған қысқа жазбаларды (әріптік және сандық) зерттеу (2 және одан да көп объектіге қатысты);

мәтін, жазба және қолтаңбаны нақты адамның жазуына (қолтаңбасына) еліктей отырып, қолтаңбаны әдейі өзгертіп орындауды анықтау мақсатындағы зерттеу (2 және одан да көп объектіге қатысты);

басқа тұлғаның қолтаңбасына еліктей отырып, жылдам жазу тәсілімен әдейі өзгертілген қолтаңбамен орындалған қолжазбаны зерттеу (2 және одан да көп объектіге қатысты);

болжамды орындаушылар қатарынан нақты бір тұлға орындаған қолтаңбаның орындаушысын анықтау мақсатындағы зерттеу (2 және одан да көп объектіге қатысты);

ұқсас қолтаңбалармен орындалған қолжазбаларды зерттеу;

егде және қарт тұлғалардың атынан орындалған жазу мен қолтаңбаны зерттеу;

алкогольдік және есірткіге мас күйінде орындалған жазу мен қолтаңбаны зерттеу;

әдеттен тыс психофизиологиялық күйде, баспа қарпіне және арнайы қаріпке еліктей отырып орындалған жазу мен қолтаңбаны зерттеу;

түпнұсқа жазуға еліктеумен орындалған жазу мен қолтаңбаны зерттеу;

әдейі өзгертілген қолтаңбамен орындалған жазу мен қолтаңбаны зерттеу;

дағдыланбаған сол қолды жазумен орындалған жазу мен қолтаңбаны зерттеу;

автожалғандық;

шетел қарпінде (араб жазбасы, қытай иероглифі) орындалған жазу мен қолтаңбаны зерттеу;

мәтін, жазба және қолтаңба әдеттен тыс психофизиологиялық күйде немесе әдеттен тыс жағдайда орындалуын анықтау мақсатындағы зерттеу;

зерттелетін құжаттың мәтінін қай жынысқа жататын адам орындағанын анықтау мақсатындағы зерттеу;

құжатты орындаушының жасы нешеде екенін анықтау мақсатындағы зерттеу;

өзгеше материалдағы жазу мен қолтаңбаны зерттеу.

1.2. Құжаттарды сот-техникалық зерттеу

1) жай:

зерттеудің көп еңбек сіңіруді қажет ететін әдістерін қолдануды талап етпейтін диагностикалық зерттеулер (жекелеген объектілерге қатысты);

құжаттардың деректемелерін өзгерту тәсілін анықтау;

деректемелердің бастапқы мазмұнын анықтау;

баспа үлгісінің бедерлерін басу тәсілін анықтау;

құжат бөліктерін ауыстыру фактісін анықтау;

мүшеленудің бірыңғай сызығы болған кезде бүтінді бөліктері бойынша анықтау;

жазу материалдарының түрін және жалпы тектік тиістілігін анықтау.

2) күрделілік дәрежесі орташа:

зерттеудің көп еңбек сіңіруді қажет ететін әдістерін қолдануды талап етпейтін диагностикалық зерттеулер (көптеген объектілерге қатысты);

құжат деректемелерінің барлық түрлеріне қатысты сәйкестендірушілік зерттеу (жекелеген объектілерге қатысты);

мүшеленудің бірыңғай сызығы жоқ болған кезде бүтінді бөліктері бойынша анықтау (жекелеген объектілерге қатысты);

полиграфиялық өнімді диагностикалық және сәйкестендірушілік зерттеу (жекелеген объектілерге қатысты);

қиылысатын штрихтардың орындалуының хронологиялық реттілігін анықтау (жекелеген объектілерге қатысты);

таңба басатын құрылғылармен (дербес компьютерлердің принтерлерімен, кассалық аппараттармен және т.б.) алынған бедерлерді зерттеу;

3) күрделі:

құжат деректемелерінің барлық түрлеріне қатысты сәйкестендірушілік зерттеу (көптеген объектілерге қатысты);

мүшеленудің бірыңғай сызығы жоқ болған кезде бүтінді бөліктері бойынша анықтау (көптеген объектілерге қатысты);

қиылысатын штрихтардың орындалуының хронологиялық реттілігін анықтау (көптеген объектілерге қатысты);

полиграфиялық өнімді классификациялық, диагностикалық және сәйкестендірушілік міндеттерді шешу мақсатындағы зерттеу (көптеген объектілерге қатысты);

құжат материалдарына қатысты сәйкестендірушілік зерттеу;

құжаттарды өңдеуге, брошюралауға арналған техникалық құралдарды зерттеу;

4) аса күрделі:

ұзақ және еңбекті көп қажет ететін аспапты тәсілдерді қолдануды, оқиға орнына шығумен байланысқан алынған нәтижелерді терең талдауды талап ететін, көп объектілі, сұрақтар саны көп зерттеулер (жекелеген және көптеген объектілерге қатысты);

құжат деректемелерін өңдеу (жою) үшін қолданылған заттардың табиғатын анықтау;

құжаттың бөлшегі, құжат фрагменті бетіндегі қабат ретінде желім-материалын (қағаз және картоннан өнім) зерттеу;

өртелген құжаттарды зерттеу;

құжат деректемелерінің орындалу ұзақтығын анықтау;

ахуалдық міндеттерді шешу жөніндегі зерттеулер;

хат материалдарын күрделі сәйкестендірушілік зерттеу (көптеген объектілерге қатысты).

1.3. Сот-автортану зерттеуі:

1) күрделілік дәрежесі орташа:

жазбаша сөз белгілерін әдейі өзгертусіз құрастырылған мәтіннің авторын анықтау;

біртұтас мәтінді құрайтын мәтіндер фрагменттерінің авторын анықтау;

2) күрделі:

басқа тілдің жазбаша сөзінің белгілеріне еліктеумен орындалған мәтіннің авторын анықтау (10 параққа дейінгі көлемде);

басқа адамның жазбаша сөзінің белгілеріне еліктеумен орындалған мәтіннің авторын анықтау (10 параққа дейінгі көлемде);

3) аса күрделі:

басқа тілдің жазбаша сөзінің белгілеріне еліктеумен орындалған мәтіннің авторын анықтау (10 парақтан асатын көлемде);

басқа адамның жазбаша сөзінің белгілеріне еліктеумен орындалған мәтіннің авторын анықтау (10 парақтан асатын көлемде);

өзгеше күйде орындалған мәтіннің авторын анықтау.

2. Сот портреттік сараптама

2.1. Сот-сараптамалық габитологиялық зерттеу

1) күрделі:

ұсынылған фотосуреттерге, негативтерге, пленка кадрларына (бейнежазбаларына) түсіріліп алынған 2-ден артық емес адамдарды дифференциалау жөніндегі зерттеу;

ұсынылған фотосуреттерде, негативтерде, кинопленка кадрларында (бейнежазбаларда, портреттерде) тіркелген нақты бір адамның ұқсастығын анықтау жөніндегі сәйкестендірушілік зерттеулер (2 адамнан артық емес);

ұсынылған фотосуреттерге, негативтерге, пленка кадрларына түсіріліп алынған жануарларды дифференциалау жөніндегі зерттеу;

фотосуреттердегі (негативтерде, кинопенка кадрларында, бейнежазбаларда) бейнелер бойынша жануарларды сәйкестендірушілік зерттеу;

2) аса күрделі:

ұсынылған фотосуреттерге, негативтерге, пленка кадрларына (бейнежазбаларына) түсіріліп алынған 2-ден көп адамдарды дифференциалау бойынша зерттеу;

ұсынылған фотосуреттерде, негативтерде, кинопенка кадрларында (бейнежазбаларда, портреттерде) тіркелген нақты бір адамның ұқсастығын анықтау жөніндегі сәйкестендірушілік зерттеулер (2 адамнан көп);

адамның сыртқы түрінің субъективті бейнесі бойынша сәйкестендірушілік зерттеу;

пластикалық ота әсерінен жасанды өзгеріске және жастық түрленуге ұшыраған тұлға бейнесін сәйкестендірушілік зерттеу;

3. Сот бейнефонографиялық сараптамасы

3.1. Сот-сараптамалық бейнефонографиялық зерттеу. Дауысты және дыбысталған сөздерді спектральді (аспаптық) зерттеу.

3.2. Сот-сараптамалық бейнефонографиялық зерттеу. Дауыс және дыбысталған сөздерді аудитивтік және лингвистикалық зерттеу.

1) күрделі:

зерттелетін фонограммадағы әңгіменің сөзбе-сөз мазмұнын анықтау (қанағаттанарлық сападағы 15 минутқа дейінгі дыбыс жазбасы немесе қанағаттанарлықсыз сападағы 5 минутқа дейінгі дыбыс жазбасы);

жазу барысында немесе одан кейін енгізілген монтаждау және өзгерістер белгілерін анықтау (зерттелетін 1 фонограмма);

дауыс пен сөздерді сәйкестендірушілік зерттеу (1-2 диктор);

зерттелетін фонограммадағы негізгі дыбыс жазбасына ілеспе дыбыстардың шығу көзі мен сипатын анықтау жөніндегі зерттеулер (зерттелетін 1 фонограмма);

зерттелетін фонограммаға жазылған әңгімеге қатысқан адамдардың санын анықтау (зерттелетін 1 фонограмма);

зерттелетін фонограммада (зерттелетін 1 фонограмма) тіркелген акустикалық дыбыстардың ішінен белгілі (нақты) дыбыстың шығу көзін анықтау (мұндай жағдайда тәжірибелік үлгілер - зерттелетін объектімен жасалатын дыбыс жазбасы қажет);

2) аса күрделі:

зерттелетін фонограммадағы әңгіменің сөзбе-сөз мазмұнын анықтау (қанағаттанарлық сападағы 15 минуттан көп дыбыс жазбасы немесе қанағаттанарлықсыз сападағы 10 минутқа дейінгі дыбыс жазбасы);

жазу барысында немесе одан кейін енгізілген монтаждау және өзгерістер белгілерін анықтау (зерттелетін 2 фонограммадан көп);

ұсынылған дыбысжазушы қондырғымен фонограмманың дыбысжазбасының өндірісін анықтау мүмкіндігі;

дауыс пен сөздерді сәйкестендірушілік зерттеу (2-ден көп диктор);

зерттелетін фонограммадағы негізгі дыбыс жазбасына ілеспе дыбыстардың шығу көзі мен сипатын анықтау жөніндегі зерттеулер (зерттелетін 2 және одан да көп фонограмма);

зерттелетін фонограммаға жазылған әңгімеге қатысқан адамдардың санын анықтау (зерттелетін 2 және одан да көп фонограмма);

зерттелетін фонограммада (зерттелетін 2 және одан да көп фонограмма) тіркелген акустикалық дыбыстардың ішінен белгілі (нақты) дыбыстың шығу көзін анықтау (мұндай жағдайда тәжірибелік үлгілер - зерттелетін объектімен жасалатын дыбыс жазбасы қажет);

4. Сот фототехникалық сараптамасы

4.1. Сот-сараптамалық фототехникалық зерттеу

1) күрделі:

суретті дайындау тәсілін анықтау бойынша (фотографиялық технологияның ережелерін сақтау) зерттеу;

түсірілім шарттарына (анықтық, айқындық, жарықтың болуы, суреттің ракурсы, кедергілердің болуы, тәулік уақыты) жататын жағдайларды анықтау жөніндегі зерттеулер;

бейнежазбаға жазылған заттардың жекелеген сипаттамаларын (түстік, сандық белгілерін және т.б.) анықтау мен табу жөніндегі зерттеулер;

позитив бойынша негативті сәйкестендірушілік зерттеулер; оператордың, түсірілімді жүргізуші адамның кәсіби дағдысын, біліктілігін анықтау жөніндегі зерттеулер.

2) аса күрделі:

суретте бейнеленген заттардың көлемін және олардың ара қашықтығын анықтау жөніндегі зерттеулер;

түсірілім аппаратурасын, техникалық құралдарды (ұлғайтқыш, жиектеме, кескіш) сәйкестендірушілік зерттеулер;

бейнежазбаға түсіріп алынған әрекеттердің мазмұнын анықтау мен олардың мағыналық мазмұнын бағалау жөніндегі зерттеулер;

сәйкестендірушілік деңгейді зерттеу (екі немесе одан да көп жазбада, фотосуретте бейнеленген заттарды, құрылыстарды, үй-жайларды, жер телімін сәйкестендіру);

жүргізілген әрекеттердің мағынасы мен мазмұнын анықтау мақсатында жедел іздестіру шараларын жүргізу кезінде түсірілген бейнематериалдарды зерттеу;

бейнежазбада бейнеленген заттардың қолдану мақсатын анықтау жөніндегі зерттеулер;

бейнесуреттің дайындалу уақытын (ескілігін) анықтау жөніндегі зерттеулер және оңып кеткен бейнені қалпына келтіру;

бейнежазбада көрсетілген заттардың көлемі мен олардың ара қашықтығын анықтау жөніндегі зерттеулер;

бейнелердің монтажын анықтау жөніндегі зерттеулер;

бейнесуреттер бойынша болған оқиғаның жағдайларын зерттеу (ЖКО, тінту және басқалары).

5. Сот трасологиялық сараптамасы

5.1. Сот-сараптамалық трасологиялық зерттеу

1) жай:

мүшеленудің жалпы сызығы болған кездегі біртұтас бүтінді бөлшектері бойынша анықтау;

аяқ, аяқ киім мен қол іздерінің жарамдылығына зерттеу;
объектілерді суық қару түріне жатқызу мақсатында зерттеу.

2) күрделілік дәрежесі орташа:

объектілердегі зақымдардың пайда болу механизмін анықтау;

жекелеген бөлшектердің нақты бір көлік құралына жататындығын анықтау;

объектілерді дайындау тәсілін анықтау;

іздерді қалдырған көлік құралының моделін анықтау мақсатында киімдегі протектор іздерін зерттеу;

аяқ киім типін, қозғалыс бағытын анықтау мақсатындағы аяқ киім ізін зерттеу;

металдану іздерін зерттеу;

тораптар мен ілмектерді түрін, типін анықтау мақсатында зерттеу;

тіс іздерін, олардың сәйкестендіруге жарамдылығын зерттеу;

қан іздерін сәйкестендіруге жарамдылығын зерттеу;

3) күрделі:

объектілердегі зақымдарды түсірген заттың түрі мен типін анықтау мақсатында зерттеу;

мүшеленудің жалпы сызығы болмаған жағдайдағы біртұтас бүтінді бөлшектері бойынша анықтау;

қол және аяқ іздерін сәйкестендірушілік зерттеу;

құлыптардың, бақылау және құлыптанатын құрылғылардың жарамдылығы және кілтпен ашылуы мүмкіндігі туралы сұрақты шешу мақсатында олардың механизмдерін зерттеу;

жойылған таңбалау белгілерін зерттеу және анықтау;

нақты көлік құралына тиістілігін анықтау мақсатында фарлардың ыдыратқыштарының сынықтарын зерттеу;

кедергілердегі бұзу іздерін зерттеу;

жануарлардың іздерін зерттеу;

тораптар мен ілмектерді оны байлаған адамның кәсіби біліктілігінің болуы туралы сұрақты шешу мақсатындағы зерттеу;

тіс іздерін сәйкестендірушілік зерттеу;

4) аса күрделі:

оқиға орнына немесе зерттеу объектісіне барып қараумен ұштасатын зерттеулер;

жиынтықтық бүтінді анықтау;

объектіге зақым түсірген затты анықтау мақсатында сәйкестендірушілік зерттеу;

зақым келтіру сәтіндегі жәбірленушінің орналасу орнын анықтау;

тасымалдаушы-объектідегі қан іздерінің пайда болу механизмін анықтау жөніндегі зерттеу;

ахуалдық деңгейдегі сұрақтарды шешуге байланысты және тәжірибелер жүргізуді, модельдеуді қажет ететін ведомстваралық кешенді сараптамалар.

6. Сот баллистикалық сараптамасы

6.1. Сот-сараптамалық баллистикалық зерттеу

1) жай:

зауыттық тәсілмен жасалған қаруды (түрі (оқ дәрімен ататын, пневматикалық, газды және т.б.), типі, маркасы, моделі, дұрыстығы мен атуға, атыс жасауға жарамдылығы, қарудың 3 бірлігіне дейінгі немесе әр түрінен 10 данаға дейінгі мөлшердегі бытыраның 3 түрі бар аз объектілі) жіктеушілік және диагностикалық міндеттерді шешу мақсатында зерттеу;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

патрондардың құрамын зерттеу (әр түрінен 10 данаға дейінгі мөлшердегі бытыраның 3 түріне дейін);

зақымдануларды оқ атуға жатқызу мақсатында зерттеу;

3) күрделі:

оқтар мен гильзалардағы іздер бойынша сәйкестендірушілік зерттеулер;

оқ дәрімен ататын қаруға жатқызу мақсатында қолдан жасау тәсілімен дайындалған объектіні зерттеу;

патрон жабдықтарының құрауыштарын зерттеу (әр түрінен 10 данаға дейінгі мөлшердегі бытыраның 3 түрінен көп);

4) аса күрделі:

оқтағы, бытырадағы, кәртештегі, жабдықтардың құрауыштарындағы іздер бойынша тегіс ұңғылы қаруды сәйкестендіру мақсатындағы зерттеу;

патрон құрауыштарының біртұтас шығу көзін анықтау;
ату іздері мен жағдаяттарын зерттеу;

зақым келтіру сәтіндегі атқан адам мен жәбірленушінің орналасу орнын анықтау (сот-медициналық сарапшылармен бірлесе отырып кешенді ахуалдық сараптамалар, тәжірибелер жүргізу, модельдеу).

7. Заттар мен материалдардың сот сараптамасы

7.1. Лакты бояу материалдарын, жабындар мен полимер материалдарын сот-сараптамалық зерттеу

7.2. Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу

7.3. Металдар мен қорытпаларды сот-сараптамалық зерттеу

7.4. Топырақты сот-сараптамалық зерттеу

7.5. Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу

7.6. Спирт құрамды сұйықтықтарды сот-сараптамалық зерттеу

7.7. Арнайы химиялық заттарды сот-сараптамалық зерттеу

7.8. Әйнектен, керамикадан және силикаттық құрылыс материалдарынан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу

1) жай:

қатпарларды табу мақсатында тасымалдаушы объектілерді зерттеу;

заттың, қатпарлардың затын лакты-бояу жабындарына (әрі қарай - ЛБЖ), лакты-бояу материалдарына (әрі қарай - ЛБМ), полимерлік материалдарға (әрі қарай - ПМ), металдар мен қорытпаларға, мұнай тектес өнімдерге, топыраққа, спиртқұрамды сұйықтарға (әрі қарай - СҚС) жатқызу мақсатында оның табиғатын анықтау;

жаратылысы талшықты емес тасымалдаушы-объектілердегі (тырнақ астындағылар, дактиласкопиялық үлбір және

басқалары) жекелеген талшықтарды олардың табиғаты мен пайда болуы мүмкін көздерін анықтау мақсатында зерттеу;

этил спирттерін, арақтарды ай қын күштілігін анықтау мақсатында зерттеу;

люминесценциялайтын заттардың қатпарларын табу және оларды физикалық сипаттамалары негізінде арнайы химиялық заттарға жатқызу мақсатында тасымалдаушы-объектілерді зерттеу;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

жаратылысы талшықты объектілерді жіктеушілік және сәйкестендірушілік зерттеу;

аз объектілі, киімнің жекелеген заттарымен шектелген (2 көп емес) не аз талшықты құраммен сипатталатын киім;

талшықты материалдардың қандай мақсатқа қажеттілігін анықтау мақсатында олардың жанып кеткен қалдықтарын зерттеу (үш объектіден көп емес);

салмағы 0,01 грамға дейінгі топырақ тектес объектілердің жалпы тектік, топтық тиістілігін анықтау мақсатында жіктеушілік және сәйкестендірушілік зерттеу;

бұйымның нақты тегіне, түріне жатқызу мақсатында ЛБЖ, ЛБМ, ПМ, металдар мен қорытпаларды, СҚС (арақтың, спирттің түрлерін) қолданыстағы жіктеуіштерге сәйкес жіктеушілік зерттеу (20 объектіге дейінгі аз объектілі);

арнайы химиялық заттарды (әрі қарай - АХЗ) АХЗ бір сыныбына, түріне, маркісіне жатқызу мақсатында сәйкестендірушілік зерттеу;

заттар мен материалдардың сот сараптамасы (әрі қарай - ЗМСС) объектілерінің із жасау және із қабылдау қабілеттерін, іздердің пайда болу механизмдерін анықтау;

орамдағы көрсетілген табиғатын растау мақсатында (талдаудың дәстүрлі әдістерін қолдану арқылы) дәстүрлі емес объектілерді зерттеу (5 объектіден көп емес);

3) күрделі:

бұйымның нақты тегіне, түріне, маркісіне жататынын анықтау мақсатында ЛБЖ, ЛБМ, ПМ, металдар мен қорытпаларды, СҚС (арақтың, спирттің түрлерін) (20 объектіден

артық, көп объектілі), СҚС (вино, коньяк, ликер, тұнбалардың түрлерін және басқаларды), мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын қолданыстағы жіктеуіштерге сәйкес жіктеушілік зерттеу;

ЗМСС объектілерін дайындау әдістерін анықтау;

металдар мен қорытпалардан жасалған бұйымдардың талқандалу себебін анықтау;

жалпы тектік, топтық қатыстылығын анықтау мақсатында ЛБЖ, ЛБМ, ПМ, металдар мен қорытпаларды, мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын, СҚС тиістілігін анықтау мақсатында сәйкестендірушілік зерттеу;

жаратылысы талшықты объектілерді (көп объектілі, киімнің көп талшықты құрамын ескере отырып) жіктеушілік және сәйкестендірушілік зерттеу;

салмағы 0,1 грамнан артық топырақ қатпарларын жіктеушілік және сәйкестендірушілік зерттеу;

талдаудың дәстүрлі әдістерін қолдану арқылы белгісіз және дәстүрлі емес объектілерді зерттеу (5 объектіден көп);

ЗМСС кез келген объектілерін зерттеу кезінде ахуалды модельдеу әдісін пайдалану арқылы арнайы химиялық заттардың із жасау механизмін зерттеу;

екі көлік құралының өзара түйіспелі әрекеттесу фактісін анықтау жөніндегі кешенді зерттеулер;

объектілерде ортақ бөліну сызығы болмаған кездегі физикалық-техникалық әдістер кешенін пайдалана отырып тұтасты бөліктері бойынша анықтау;

4) аса күрделі:

киім жиынтықтарының өзара түйісе әрекеттесу фактісін анықтау;

екеуден артық көлік құралдарының өзара түйісе әрекеттесу фактісін анықтау жөніндегі кешенді зерттеулер;

жердің оқшауланған жер телімін анықтау жөніндегі кешенді зерттеулер (топырақтық-биологиялық-техногендік кешен объектілері);

металдар мен қорытпалардан жасалған бұйымдардың талқандалу себебін анықтау мақсатындағы кешенді зерттеулер;

пайда болуының ортақ көзін анықтау, бір массаға тиістілігін, тұтасты бөліктері бойынша анықтау сұрақтарын шешу мақсатындағы зерттеу;

зерттеу объектілерінің қылмыстың нақты бір оқиғасы жағдайларымен кеңістік-уақыт бойынша байланысын анықтау;

талдаудың дәстүрлі емес әдістерін қолдану арқылы белгісіз және дәстүрлі емес объектілерді зерттеу;

дәстүрлі емес әдістерді, өзге мекемелердің базасын пайдалану, мамандарды сырттан тарту талап ететін сараптамалық міндеттерді шешу;

білімнің әртүрлі салалары пайдаланылатын ЗМСС шеңберіндегі кешенді сараптамалар;

ахуалдық және сәйкестендірушілік міндеттер шешілетін ведомствoarалық деңгейде жүргізілетін кешенді сараптамалар.

8. Жол-көлік оқиғасы жағдайлары мен көлік құралдарының сот сараптамасы

8.1. Жол-көлік оқиғасы жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу:

1) жай:

қосымша редакциялаудың қажеттілігі болмаған кезде, бағдарламалық қамтылымды пайдалана отырып зерттелетін жол-көлік оқиғасы (әрі қарай - ЖКО) жағдайлары жөніндегі сұрақтарды автоматтандырылған режимде шешу;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

қосымша редакциялаудың және/немесе бағдарламалық қамтылымда есепке алынбаған сұрақтарды шешудің қажеттілігі болған кезде, бағдарламалық қамтылымды пайдалана отырып ЖКО жөніндегі сұрақтарды автоматтандырылған режимде шешу;

3) күрделі:

оқиға орнына шығумен байланысты зерттеулер;

автомобиль жолдарының, көлік құралдарының элементтерін зерттеу;

4) аса күрделі:

құрамына ЖКО графикалық/графикалық талдау әдістерімен немесе ахуалдарды күрделі бағдарламалық қамтылымдарда 2-3 өлшемдік модельдеу арқылы талдау және қайта қалпына келтіру кіретін зерттеулер.

8.2. Сот-сараптамалық көлік-трасологиялық зерттеу:

1) күрделілік дәрежесі орташа:

көлік құралдарының (әрі қарай - КҚ) өзара әрекеттескен бөліктерін, КҚ соқтығысу бұрышын, 2 көлік құралы және заттық жағдайы тиісті деңгейде шегенделген барлық қажетті бастапқы мәліметтері болған кездегі алғашқы түйісу сәтіндегі олардың өзара орналасуын анықтау мақсатындағы зерттеу;

көлік құралдарының соқтығысу орнын, олардың жолдың жүріс бөлігінде орналасуын, соқтығысу алдындағы динамикалық күйін, 2 көлік құралы және заттық жағдайы тиісті деңгейде шегенделген барлық қажетті бастапқы мәліметтері болған кездегі ЖКО динамикасын анықтау мақсатындағы зерттеу;

2) күрделі:

мәліметтер жиынтығы және заттық жағдайы тиісті деңгейде шегенделмеген кездегі осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген сұрақтарды шешу мақсатында зерттеу;

көлік құралының жүргізушісі маневр (бұрылыс/кері қарай бұрылыс) жасар алдындағы жолдағы жағдайды анықтау.

3) аса күрделі:

тек бір КҚ ғана ұсынылған кезде (КҚ соқтығысқан жағдайда) 8.2 тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген сұрақтарды шешу мақсатындағы зерттеу;

ЖКО жасалған сәтте меңгерікте отырған адамды анықтау;

жаяу жүргіншінің киімі және аяқ киіміндегі іздер бойынша және оқиға орнындағы іздер бойынша жаяу жүргіншіні басып кету орнын анықтау;

түйісу сәтіндегі КҚ қатысты жаяу жүргіншінің орны мен оның қозғалыс режимін анықтау.

8.3. КҚ сот-сараптамалық зерттеу:

1) жай:

жүру бөлігін сынақтан өткізе отырып, аспаптар базасын қолдану арқылы жарамды КҚ техникалық күйін зерттеу;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

объектілердің мөлшері аз немесе КҚ бөлшектеу қажет болған кезде жарамсыз КҚ техникалық күйін зерттеу;

3) күрделі:

шамдарды зерттеу;

КҚ бөлшектерінің бұзылу себептерін анықтау мақсатындағы зерттеу (КҚ тораптары мен агрегаттарын зертханалық жағдайда бөлшектеу қажет болмаған кезде);

4) аса күрделі:

стандарттау үшін және бөлшектерді дайындаудың дайындаушы-зауыт белгілеген технологиялық картасы мен оны дайындаудың техникалық шарттары мен талаптарына сәйкестігіне металографикалық және материалтану зерттеуін жүргізе отырып, тораптары мен агрегаттарын бөлшектеу қажет болған кездегі КҚ бөлшектерінің бұзылу себептерін анықтау мақсатындағы зерттеу;

КҚ бөлшектерінің бұзылу себептерін анықтау мақсатындағы зерттеу;

ЖКО дейін/алдын пайда болған табылған ақау мен ЖКО басталуы фактісі арасындағы себеп-салдар байланысын зерттеу.

8.4. ЖКО орнындағы жолдың техникалық күйін, жол жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу

1) күрделілік дәрежесі орташа:

іс материалдарында шегенделген заттық жағдайлар мен барлық қажетті бастапқы деректердің сәйкестігін анықтау мақсатындағы зерттеу;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

мәліметтер жиынтығы мен заттық жағдайдың тиісті түрде шегенделуінің болмаған жағдайдағы қажетті іздік ақпаратты, анықтау, табу және шегендеу мақсатындағы зерттеу;

3) аса күрделі:

жол-көлік оқиғасы жағдайларын сот-сараптамалық зерттеуін (8.1.) жүргізу үшін сұрақтарды және 8.2. (көлік-трасологиялық

зерттеу) тобының сұрақтарын шешу мақсатындағы оқиға орнын зерттеу;

жаяу жүргіншінің немесе көлік құралының жайластыру элементтерімен және жол жабдықтарымен түйісу іздерін анықтау мақсатындағы зерттеу (өзге кедергілермен екінші рет түйісу);

оқиға орнындағы іздік ақпараттарды элемент бойынша зерттей отырып ЖКО даму механизмін (ЖКО қалпына келтіру) анықтау;

оқиға орнындағы іздер, қан іздері, киім элементтері қалдырған биологиялық массалар, жаяу жүргінші алып жүрген заттар және басқа да объектілер бойынша жаяу жүргіншіні басып кету орнын анықтау;

жол бөлігінің жоспары мен кескінін (ұзына бойғы, көлденең еңіс; айналма радиусы, қарсы еңіс, теріс көлденең еңіс және т.б.) анықтау;

оқиға орнының бөлігіндегі көлденең және тік белгілердің МемСТ-қа сәйкестігін және жол жабдықтарының қауіпсіздік нормаларына сәйкестігін анықтау;

оқиға орнын, шинаның жол төсемімен ілінісу коэффициентін өлшей отырып жол төсемінің пайдаланудың техникалық талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатындағы зерттеу;

9. Сот экономикалық сараптамасы

9.1. Шаруашылық операцияларын сот-сараптамалық зерттеу

9.2. Сот-сараптамалық бухгалтерлік зерттеу

9.3. Сот-сараптамалық қаржы-несиелік зерттеу

9.4. Сот-сараптамалық қаржы-бюджеттік зерттеу

1) жай:

көлемі 20 беттен көп емес, ұсынылған жалпы текті құжаттамалардың негізінде жүргізілген зерттеулер;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

көлемі 100 беттен көп емес, ұсынылған жалпы текті құжаттамалардың негізінде жүргізілген зерттеулер;

3) күрделі:

көлемі 500 беттен көп емес, ұсынылған әртүрлі текті құжаттамалардың негізінде жүргізілген зерттеулер;

4) аса күрделі:

көлемі 500 беттен көп, ұсынылған әртүрлі текті құжаттамалардың негізінде жүргізілген зерттеулер;

10. Сот тауартану сараптамасы

10.1. Азық-түлік емес тауарларды сот-сараптамалық тауартану зерттеуі:

1) жай:

1-ден 5 данаға дейінгі бірлі-жарым объектілердің мөлшерлік (салмағын, сызықтық өлшемдерін) сипаттамаларын зерттеу;

халық тұтынатын тауарлардың (әрі қарай - ХТТ) бірлі-жарым объектілерін жіктеушілік зерттеу;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

объектілерді өндіруші елді анықтау, бұйымның 10 данасына дейінгі;

өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді жіктеушілік зерттеу, бұйымның 10 данасына дейінгі;

ХТТ қатысты ахуалдық міндеттерді шешу (нарықтық құнын анықтау), бұйымның 10 данасына дейінгі;

объектілердің тозу дәрежесін анықтау (ХТТ, тұрмыс техникалары);

сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының (бұдан әрі - СЭҚТН) кодын анықтау (таралған объектілердің), 10 бұйымға дейінгі;

объектілерді өндіру тәсілін анықтау;

ақауды түзетудің, қарапайым объектілерді жөндеудің құнын анықтау (ХТТ, тұрмыс техникалары), 20 бұйымға дейінгі;

3) күрделі:

объектілерді өндіруші елді анықтау, бұйымның 20 данасына дейінгі;

ХТТ қатысты ахуалдық міндеттерді шешу (нарықтық құнын анықтау), 10-нан 50 объектілерге дейінгі;

технологиялық жабдық пен эксклюзивті объектілердің (тозуын, бүлінуін, бұзылуын есепке ала отырып және есепке алмай) құнын анықтау, 10 данаға дейін қоса алғандағы;

объектілердің құнын анықтау (нарықта таралмаған, мамандандырылған), 10 данаға дейін қоса алғандағы;

эсклюзивтік объектілердің СЭҚТН кодын анықтау (таралмаған, мамандандырылған объектілер);

объектілерді ұсынылған үлгілерге сәйкестендіру, бұйымның 5 данасына дейінгі;

тауарлардың сапасы мен жиынтығы бойынша мемлекеттік стандарттардың, техникалық шарттардың, халықаралық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттамалардың талаптарына сәйкестігін/сәйкес еместігін анықтау, 10 объектіге дейінгі;

объектілерді (нарығы шектелген өндірістік-техникалық мақсаттағы) қалпына келтіру жұмыстарының, ақауын түзетудің, жөндеудің құнын анықтау, 10 данаға дейінгі;

өндірістік-техникалық мақсаттағы объектілердің зақымдарының, ақауларының сипаты мен пайда болу себептерін анықтау, 10 данаға дейінгі;

бұйымдарды өрттен, су басып қалғаннан және т.б. кейінгі зерттеу кезіндегі объектілердің тауарлық түрін жоғалтуын анықтау, 10 объектіге дейінгі;

4) аса күрделі:

объектілерді өндіруші елді анықтау, бұйымның 20 данасынан көп;

ақауды түзетудің, қарапайым объектілерді жөндеудің құнын анықтау (ХТТ, тұрмыс техникалары), 20 объектіден көп;

ХТТ тауарларға қатысты ахуалдық міндеттерді шешу (нарықтық құнын анықтау), іріктелгеннен 50 данаға дейін немесе объектілер жиынынан бұйымның 100 данасына дейін бөліп алып;

технологиялық жабдық пен эксклюзивті объектілердің (тозуын, бүлінуін, бұзылуын есепке ала отырып және есепке алмай) құнын анықтау, 10 данадан көп;

объектілердің құнын анықтау (нарықта таралмаған, мамандандырылған), 10 объектіден көп;

объектілерді ұсынылған үлгілерге сәйкестендіру, 5 данадан көп;

тауарлардың сапасы мен жиынтығы бойынша мемлекеттік стандарттардың, техникалық шарттардың, халықаралық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттамалардың талаптарына сәйкестігін/сәйкес еместігін анықтау, 10 объектіден көп;

объектілерді (нарығы шектелген өндірістік-техникалық мақсаттағы) қалпына келтіру жұмыстарының, ақауын түзетудің, жөндеудің құнын анықтау, бұйымның 10 данасынан көп;

өндірістік-техникалық мақсаттағы объектілердің зақымдарының (ақауларының) сипаты мен пайда болу себептерін анықтау, бұйымның 10 данасынан көп;

бұйымдарды өрттен, су басып қалғаннан және т.б. кейінгі зерттеу кезіндегі объектілердің тауарлық түрін жоғалтуын анықтау, бұйымның 10 данасынан көп;

10.2. Азық-түлік тауарларын сот-сараптамалық тауартану зерттеуі.

1) жай:

бірлі-жарым объектілердің сапалық сипаттамаларын анықтау, 5 данаға дейін;

бірлі-жарым объектілердің мөлшерлік сипаттамаларын анықтау, 5 данаға дейін;

бірлі-жарым объектілердің құндық сипаттамаларын анықтау, 5 данаға дейін;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

бірлі-жарым объектілердің техникалық шарттарға, мемлекеттік стандарттарға және өзге де нормативтік құжаттамаларға сәйкестігін анықтау;

заттар мен материалдардың сот-сараптамасымен бірге кешенді сараптамаларда тауарлардың сипаттамаларын зерттеу, 5 объектіге дейін;

объектілердің сапалық сипаттамаларын анықтау, 5-тен 10-ға дейін;

объектілердің мөлшерлік сипаттамаларын анықтау, 5-тен 20-ға дейін;

объектілердің құндық сипаттамаларын анықтау, 5-тен 20-ға дейін;

3) күрделі:

объектілердің техникалық шарттарға, мемлекеттік стандарттарға және өзге де нормативтік құжаттамаларға сәйкестігін анықтау, 10-ға дейін;

заттар мен материалдардың сот-сараптамасымен бірге кешенді сараптамаларда тауарлардың сипаттамаларын зерттеу, 5-тен 20 объектіге дейін;

объектілердің сапалық сипаттамаларын анықтау, 10-нан 20-ға дейін;

объектілердің мөлшерлік сипаттамаларын анықтау, 10-нан 20-ға дейін;

объектілердің құндық сипаттамаларын анықтау, 10-нан 20-ға дейін;

азық-түлік тауарларының бірлі-жарым объектілерінің негіз болатын сипаттамаларын жиынтықты түрде (сапасын, мөлшерін, құнын - 5 объектіге дейін) зерттеу;

азық-түлік тауарларының құнын анықтау, 20 объектіге дейін;

4) аса күрделі:

тауарларды дайындаушы-зауыт өнімдеріне сәйкестігіне зерттеу;

объектілерді өрттен, су басып қалғаннан және т.б. кейінгі зерттеу кезінде тауарлық түрін жоғалтуын анықтау;

объектілердің техникалық шарттарға, мемлекеттік стандарттарға және өзге де нормативтік құжаттамаларға сәйкестігін анықтау, 10-нан көп;

заттар мен материалдардың сот-сараптамасымен бірге кешенді сараптамаларда тауарлардың сипаттамаларын зерттеу, 20 объектіден көп;

объектілердің сапалық сипаттамаларын анықтау, 20 данадан көп;

объектілердің мөлшерлік сипаттамаларын анықтау, 20 данадан көп;

объектілердің құндық сипаттамаларын анықтау, 20 данадан көп;

азық-түлік тауарларының бірлі-жарым объектілерінің негіз болатын сипаттамаларын жиынтықты түрде (сапасын, мөлшерін, құнын - 5 объектіден артық) зерттеу;

азық-түлік тауарларының құнын анықтау, 20 объектіден көп;

10.3. Сот-сараптамалық автотауртану зерттеуі:

1) жай (3 объектіге дейін қоса алғанда):

ұсынылған көлік құралының сипаттамаларын анықтау (моделін, маркасын, шығарылған жылын, жарақтандырылуын және т.с.с);

ұсынылған көлік құралының амортизациялық тозуын анықтау;

көлік құралына тексеру жүргізудің қажетінсіз көлік құралдары мен көлік құралдары бөлшектерінің атаулары бойынша нарықтық құнын анықтау;

зерттеу объектісінің ұсынылған уақытынан екі жыл аспайтын кезеңдегі көлік құралдарының және көлік құралдары бөлшектерінің нарықтық құнын анықтау;

көлік құралына тексеру жүргізудің қажетінсіз көлік құралдарының және көлік құралдары бөлшектерінің қалдық құнын анықтау;

2) күрделілік дәрежесі орташа (3 объектіден көп):

ұсынылған көлік құралының сипаттамаларын анықтау (моделін, маркасын, шығарылған жылын, жарақтандырылуын және т.с.с);

ұсынылған көлік құралының амортизациялық тозуын анықтау;

көлік құралына тексеру жүргізудің қажетінсіз көлік құралдары мен көлік құралдары бөлшектерінің атаулары бойынша нарықтық құнын анықтау;

зерттеу объектісінің ұсынылған уақытынан екі жыл аспайтын кезеңдегі көлік құралдарының және көлік құралдары бөлшектерінің нарықтық құнын анықтау;

көлік құралына тексеру жүргізудің қажетінсіз көлік құралдарының және көлік құралдары бөлшектерінің қалдық құнын анықтау;

3 объектіге дейін қоса алғанда:

көлік құралына немесе детальдарына тексеру жүргізудің қажеттілігімен көлік құралдарының және көлік құралдары бөлшектерінің нарықтық құнын анықтау;

ұсынылған уақытынан екі жыл асатын кезеңдегі көлік құралдарының және көлік құралдары бөлшектерінің нарықтық құнын анықтау;

көлік құралдарын ұсынған кездегі көлік құралы мен бөлшектерінің қалдық құнын анықтау;

көлік құралының тауарлық түрін жоғалту құнын анықтау;

3) күрделі:

3 объектіден көп:

көлік құралына немесе детальдарына тексеру жүргізудің қажеттілігімен көлік құралдарының және көлік құралдары бөлшектерінің нарықтық құнын анықтау;

ұсынылған уақытынан екі жыл асатын кезеңдегі көлік құралдарының және көлік құралдары бөлшектерінің нарықтық құнын анықтау;

көлік құралдарын ұсынған кезде көлік құралы мен бөлшектерінің қалдық құнын анықтау;

көлік құралының тауарлық түрін жоғалту құнын анықтау;

3 объектіге дейін қоса алғанда:

көлік құралын қалпына келтіру-жөндеу құнын анықтау;

көлік құралын жөндеудің техникалық-экономикалық мақсатқа сайлығын анықтау;

4) аса күрделі (3 объектіден көп):

көлік құралын қалпына келтіру-жөндеу құнын анықтау;

көлік құралын жөндеудің техникалық-экономикалық мақсатқа сайлығын анықтау;

көлік құралын қалпына келтіру бойынша жүргізілген жұмыстардың түрі мен олардың жөндеу технологиясына сәйкестігін анықтау.

10.4. Сот-сараптамалық құрылыс-тауартану зерттеуі:

1) жай (3 объектіге дейін):

құрылыс материалдарының, бұйымдардың, құрылмалардың құнын анықтау;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

құрылыс материалдарының, бұйымдардың, құрылмалардың құнын анықтау, 3 объектіден көп;

құрылыс бұйымдары мен құрылмалардың құнын олардың физикалық тозуын есепке ала отырып анықтау;

пәтердің сараптаманы жүргізу сәтіндегі нарықтық құнын анықтау;

жер телімінің сараптаманы жүргізу сәтіндегі нарықтық құнын анықтау;

3) күрделі:

пәтердің сараптаманы жүргізер сәтінің алдындағы кезеңдегі нарықтық құнын анықтау;

жер телімінің сараптаманы жүргізер сәтінің алдындағы кезеңдегі нарықтық құнын анықтау;

тұрғын үй-жайының уақыттың кез келген кезеңіндегі нарықтық құнын анықтау;

шағын жылжымайтын объектілердің (тұрғын үйге арналған объектілерден бөлек) сараптаманы жүргізу сәтіндегі нарықтық құнын анықтау;

4) аса күрделі:

көп объектілі сараптамаларда жылжымайтын объектілердің (тұрғын үйге арналған объектілерден бөлек) уақыттың кез келген кезеңіндегі нарықтық құнын анықтау;

құрылысы аяқталмаған объектілердің нарықтық құнын анықтау;

таратқыш құрылғылар объектілерінің нарықтық құнын анықтау;

10.5. Дыбыстау-бейнелеу және бағдарламалық өнімдерін сот-сараптамалық тауартану зерттеуі жай:

зерттеу объектісінің лицензиялық өнімге сәйкестігін анықтау, 5 данаға дейін;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

зерттеу объектісінің лицензиялық өнімге сәйкестігін анықтау, 5-тен 10 данаға дейін;

3) күрделі:

зерттеу объектісінің лицензиялық өнімге сәйкестігін анықтау, 10-нан 20 данаға дейін;

4) аса күрделі:

зерттеу объектісінің лицензиялық өнімге сәйкестігін анықтау, 20 және одан көп данаға дейін;

11. Сот құрылыс сараптамасы

11.1. Ғимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-экономикалық зерттеу:

1) күрделілік дәрежесі орташа:

жылжымайтын мүліктерді (пәтерлерді, жеке тұрғын үйлерді) қайта құру жөніндегі жұмыстарының нақты құнын анықтау;

өрт немесе су басу нәтижесінде зақымданған үй-жай немесе пәтер бойынша жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының құнын анықтау;

2) күрделі:

өнеркәсіптік немесе азаматтық құрылыстың ғимараттары мен имараттарын су басу (өртену) нәтижесінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының құнын анықтау;

құрылыстың бірлі-жарым объектілерін зерттеу: есептердің дұрыстығын және объект құнының нақты орындалған құрылыс-монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстарының көлеміне, белгіленген нормативтер мен жобаларға сәйкес жұмсалған құрылыс материалдары құнына сәйкестігін;

үй-жайды қайта жабдықтау бойынша жұмыс түрлерін, бөлудің ұсынылған нұсқаларының әрқайсысы бойынша қайта жабдықтауға кететін материалдық шығынды анықтау;

3) аса күрделі:

есептердің дұрыстығын және объект құнының өнеркәсіптік немесе азаматтық құрылыстың ғимараттарында, имараттарында нақты орындалған құрылыс-монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстарының көлеміне сәйкестігін зерттеу;

өнеркәсіптік немесе азаматтық құрылыстың ғимараттары, имараттары бойынша құрылыс-монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстарын сапасыз орындау нәтижесінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының құны мен көлемін анықтау;

құрылыстарды, олардың бөліктерін тұрғызу жөніндегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының, өнеркәсіптік немесе

азаматтық құрылыстың ғимараттары, имараттары бойынша жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындау құнының негізділігін анықтау.

11.2. Ғимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-техникалық зерттеу:

1) күрделілік дәрежесі орташа:

үй-жайларды қайта жобалау мүмкіндігін және жүргізілген жұмыстардың сәйкестігін анықтау;

пәтерді су басудың себептері мен көзін анықтау;

қалпына келтіру - жөндеудің (су басу, өрт және т.б. нәтижесінде) көлемін анықтау мақсатында көп қабатты тұрғын үйлердегі және жеке сектордағы пәтерлерді зерттеу;

жеке үй құрылыстары мен жер телімдерін құрылыс салу және пайдалану кезінде ережелер мен нормалардың бұзылғанын анықтау мақсатында зерттеу;

жеке үй құрылыстарында санитарлық нормалардың бұзылғанын анықтау;

жерді пайдалану тәртібін айқындау;

2) күрделі:

жеке үй қожалықтары мен жер телімдерін бөлудің нұсқаларын анықтау;

жүргізілген құрылыс-монтаждау, жөндеу-құрылыс жұмыстарының сапасын, анықталған сәйкессіздіктерін көрсете отырып құрылыс материалдары мен бұйымдарының жарамдылық сапасын анықтау;

құрылыс материалдарын мақсатына сай қолданудың сәйкестігі мен негізділігін анықтау;

жеке үй құрылыстары мен жер телімдерін құрылыстарды салу және пайдалану кезінде құрылыс ережелері мен нормаларының бұзылғанын анықтау мақсатында зерттеу;

имараттар мен ғимараттарды салу және пайдалану кезінде құрылыс ережелері мен нормаларының бұзылғанын анықтау мақсатында зерттеу;

санитарлық, өртке қарсы және пайдалану нормаларының бұзылғанын зерттеу;

3) аса күрделі:

құрылыс құрылмаларының зақымдануының себептерін анықтау;

техникалық жобалардың бұзылуы мен одан келген зардаптың (құрылыстың сапасыздығы мен апаты, жазатайым жағдаймен) арасындағы себептік байланысты анықтау;

құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезіндегі апаттың техникалық себептерін анықтау;

жобада белгіленген құрылыс құрылымына түсетін салмақтың (күш салудың) негізділігін анықтау.

12. Сот технологиялық сараптамасы

12.2. Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу:

1) жай:

файлдардың, бағдарламалардың, мәтіндердің болу, болмау фактісін анықтау (жады көлемі 80 Гб дейінгі бір объектіге қатысты);

файлдарды, бағдарламаларды, мәтіндерді құру (өзгерту) күнін және уақытын анықтау (1 объектіге қатысты);

Майкрософт корпорациясы өнімдері туралы ақпаратты анықтау (1 объектіге қатысты);

техникалық күйін анықтау (1 объектіге қатысты);

компьютерлік жабдықтың техникалық ерекшелік пен техникалық тапсырмаға сәйкестігі/сәйкес еместігін анықтау (1 объектіге қатысты);

2) күрделілік дәрежесі орташа:

3 объектіден көп емес мөлшердегі файлдардың, бағдарламалардың, мәтіндердің, жадысының жалпы көлемі 120-дан 150 Гб дейінгі ақпарат тасымалдағышының болу, болмау фактісін анықтау;

3 объектіден көп емес мөлшердегі файлдарды, бағдарламаларды, мәтіндерді жасау (өзгерту) күнін және уақытын анықтау;

3 объектіден көп емес мөлшердегі жойылған файлдарды, жадысының жалпы көлемі 120-дан 150 Гб дейінгі ақпарат тасымалдағышын қалпына келтіру;

компьютерлік жабдықтың техникалық күйін анықтау, 3 жиынтықтан көп емес;

Майкрософт корпорациясы өнімдері туралы ақпаратты анықтау, 3 объектіден көп емес;

нұсқасын, жиынтығын және бағдарламалық қамтылымды орнату тәсілін анықтау, 1 объектіден көп емес;

ұсынылған компьютерден кіру жүзеге асырылған сайттарды, сондай-ақ ұсынылған компьютерден белгілі бір сайттарға кіру жүзеге асырылған күнін және уақытын анықтау, 1 объектіден көп емес;

компьютерлік жабдықтың техникалық ерекшелік пен техникалық тапсырмаға сәйкестігі/сәйкес еместігін анықтау, 3 объектіден көп емес;

мобильдік телефондар мен құрылғылардағы файлдарды (графикалық және мәтіндік), контактілерді, хабарламаларды, ғаламтор браузерлерінің тарихын іздеу, 1 объектіден көп емес;

3) күрделі:

5 объектіден көп емес мөлшердегі файлдардың, бағдарламалардың, мәтіндердің, жадысының жалпы көлемі 1000 Гб дейінгі ақпарат тасымалдағышының болу, болмау фактісін анықтау;

5 объектіден көп емес мөлшердегі файлдарды, бағдарламаларды, мәтіндерді жасау (өзгерту) күнін және уақытын анықтау;

5 объектіден көп емес мөлшердегі жойылған файлдарды, жадысының жалпы көлемі 1000 Гб дейінгі ақпарат тасымалдағышын қалпына келтіру;

компьютерлік жабдықтың техникалық күйін анықтау, 5 жиынтықтан көп емес;

Майкрософт корпорациясы өнімдері туралы ақпаратты анықтау, 5 объектіден көп емес;

нұсқасын, жиынтығын және бағдарламалық қамтылымды орнату тәсілін анықтау, 3 объектіден көп емес;

ұсынылған компьютерден кіру жүзеге асырылған сайттарды, сондай-ақ ұсынылған компьютерден белгілі бір сайттарға кіру

жүзеге асырылған күнін және уақытын анықтау, 3 объектіден көп емес;

компьютерлік жабдықтың техникалық ерекшелік пен техникалық тапсырмаға сәйкестігі/сәйкес еместігін анықтау, 5 объектіден көп емес;

бағдарламалық қамтылымның функционалдық мүмкіндіктерін анықтау, 5 объектіден көп емес;

мобильдік телефондар мен құрылғылардағы файлдарды (графикалық және мәтіндік), контактілерді, хабарламаларды, ғаламтор браузерлерінің тарихын іздеу, 3 объектіден көп емес;

4) аса күрделі:

5 объектіден көп мөлшердегі файлдардың, бағдарламалардың, мәтіндердің, жадысының жалпы көлемі 1000 Гб артық ақпарат тасымалдағышының болу, болмау фактісін анықтау;

5 объектіден көп мөлшердегі файлдарды, бағдарламаларды, мәтіндерді жасау (өзгерту) күнін және уақытын анықтау;

5 объектіден көп мөлшердегі жойылған файлдарды, жадысының жалпы көлемі 1000 Гб артық ақпарат тасымалдағышын қалпына келтіру;

компьютерлік жабдықтың техникалық күйін анықтау, 5 жиынтықтан көп;

Майкрософт корпорациясы өнімдері туралы ақпаратты анықтау, 5 объектіден көп;

нұсқасын, жиынтығын және бағдарламалық қамтылымды орнату тәсілін анықтау, 3 объектіден көп;

ұсынылған компьютерден кіру жүзеге асырылған сайттарды, сондай-ақ ұсынылған компьютерден белгілі бір сайттарға кіру жүзеге асырылған күнін және уақытын анықтау, 3 объектіден көп;

компьютерлік жабдықтың техникалық ерекшелік пен техникалық тапсырмаға сәйкестігі/сәйкес еместігін анықтау, 5 объектіден көп;

бағдарламалық қамтылымның функционалдық мүмкіндіктерін анықтау, 5 объектіден көп;

мобильдік телефондар мен құрылғылардағы файлдарды (графикалық және мәтіндік), контактілерді, хабарламаларды, ғаламтор браузерлерінің тарихын іздеу, 3 объектіден көп;

зиянды бағдарламалық қамтылымдардың бар болуын және мақсатын анықтау, 1 және одан көп объектінің;

ақпараттық жүйелердің техникалық ерекшелік пен техникалық тапсырмаға сәйкестігі/сәйкес еместігін анықтау, 1 және одан көп объектінің;

операциялық жүйеге, бағдарламалық қамтылымға рұқсатсыз қосылудың болғанын анықтау, 1 және одан көп объектінің.

13. Сот өрт-техникалық сараптамасы

13.1. Өрт жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу

1) жай:

өрт ошағын оқшаулауды және оттың таралу бағытын анықтау;

өрттің туындауының техникалық себептерін анықтау;

электр қондырғылары күйінің жанудың пайда болуымен себептік байланысы бар болуын анықтау жөніндегі зерттеу (3 объектіге дейінгі мөлшерде);

заттар мен материалдардың өздігінен жану мүмкіндігін анықтау жөніндегі зерттеу (3 объектіге дейінгі мөлшерде);

үдеткіштер болған кездегі жану фактісін анықтау жөніндегі зерттеу (3 объектіге дейінгі мөлшерде);

өртенген бұйымдар мен материалдарды қалпына келтіру жөніндегі зерттеу (5 объектіге дейінгі мөлшерде);

тасымалдаушы-объектілерде мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарының болуын анықтау;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

құрылымдарды өрт ошағын оқшаулау және жанудың таралу бағытын анықтау мақсатында зерттеу (15 объектіге дейінгі мөлшерде);

электр қондырғылары күйінің жанудың пайда болуымен себептік байланысы бар болуын анықтау жөніндегі зерттеу (5 объектіге дейінгі мөлшерде);

заттар мен материалдардың өздігінен жану мүмкіндігін анықтау жөніндегі зерттеу (5 объектіге дейінгі мөлшерде);

үдеткіштер болған кездегі жану фактісін анықтау жөніндегі зерттеу (5 объектіге дейінгі мөлшерде);

электр қондырғылары күйінің жанудың пайда болуымен себептік байланысы бар болуын анықтау жөніндегі зерттеу;

өртенген бұйымдар мен материалдарды олардың қалдықтары бойынша қалпына келтіру (5 объектіден көп);

мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарының түрін анықтау;

3) күрделі:

өрт механизмін сараптамалық қалпына келтіру мақсатындағы зерттеу;

мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарының нақты көлемін сәйкестендіру;

заттар мен материалдардың өздігінен жануын зерттеу;

үдеткіштер болған кездегі жану фактісін анықтау жөніндегі зерттеу (5 объектіден көп мөлшерде);

өрттің шығу көзінің табиғатын анықтау мақсатындағы зерттеу;

4) аса күрделі:

мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарының нақты көлемін сәйкестендіру;

заттар мен материалдардың өздігінен жануын кешенді зерттеу.

13.2. Сот-сараптамалық электротехникалық зерттеу

1) күрделілік дәрежесі орташа (3 объектіге дейінгі мөлшерде):

электр құрал-жабдықтары мен электр аспаптарының техникалық күйін анықтау;

жарық техникасы бұйымдарының жарамдылығын анықтау;

электр аспаптарының, тартылымдардың және кәбілдердің маркасын (түрін), олардың техникалық күйін және пайдалану саласын анықтау;

2) күрделі:

электр тартылымдары мен электр қондырғыларын монтаждау дұрыс жүргізілген бе;

қорғаныш түрі мен жерге тұйықтау күйі Электр қондырғыларын орнату қағидаларының талаптарына (әрі қарай - ЭОҚ) (Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 наурыздағы №230 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылдың 29 сәуірінде № 10851 тіркелген) сәйкес келе ме;

ұсынылған зерттеу объектілерінде қысқа тұйықталу белгілері және оның пайда болу сәті бар ма;

электр санауышынан орағыта өтіп электр энергиясын пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатындағы электр санауышын қосу схемасын зерттеу;

электр қорғанышы қондырғыларының (балқымалы сақтандырғышты, автоматты ажыратқышты) ЭОҚ талаптарына сәйкестігін тексеру;

электр тартылымының ЭОҚ талаптарына сәйкестігін тексеру;

3) аса күрделі:

оқиға орнына не болмаса зерттеу объектісіне шығумен байланысты болатын зерттеу;

электр қондырғысы жұмысының апаттық режимінің туындау және даму механизмін анықтау;

электр құрал-жабдығының зерттеліп отырған объектілердегі жұмыстың апаттық режимінің туындауымен немесе онда орын алған оқиғамен себептік байланысын анықтау;

электр тартылымдары мен электр қондырғыларының монтажын зерттеу;

пайдаланудың талаптарын сақтамау орын алған/алмағанын анықтау, желідегі кернеудің құлау себебін анықтау;

электр құрал-жабдығының, электр тартылымының зақымдану себептерін анықтау;

электр желілерін, электр құрал-жабдығын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарын сақтамаудың себептерін анықтау және оларды бағалау.

14. Сот жарылыс-техникалық сараптамасы

14.1. Жарылыс жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу

1) жай:

жарылғыш заттың табиғатын анықтау;

оқ-дәрілердің түрін, олардың тактикалық-техникалық және құрылымдық деректерін анықтау;

жарылыс жасауға жарамдылығын анықтау;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

қолдан жасалған жаратын құралдарды дайындау тәсілін (құрылымын, материалдарын) және оның жұмыс істеу принципін анықтау;

жаратын құрылғыдағы, жару құралдарындағы жарылыстың болмау себебін анықтау;

апатты жағдайдың туындау себебі мен жарылыстың тікелей техникалық себептерін анықтау;

3) күрделі:

жарылғыш заттардың пайда болуының бірыңғай көзін анықтау;

жарылыс механизмін қалпына келтіру мақсатында жарылыс іздерін (жарылғыш заттардың қолданылуын және олардың мөлшерін, жаратын құрылғының түрі мен құрылымын, жарылыс ошағын және т.б.), жарылысқа дейінгі материалды жағдайдың түрі мен қасиетін зерттеу;

жарылыс объектісі немесе онымен технологиялық тұрғыдан байланысты болған құрал-жабдықтардың техникалық күйін анықтау және бағалау;

4) аса күрделі:

жарылыс механизмін қалпына келтіру мақсатында жарылыс іздерін, жарылысқа дейінгі материалды жағдайдың түрі мен қасиетін кешенді зерттеу.

15. Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасы

15.1. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын және прекурсорларды сот-сараптамалық зерттеу

1) жай:

есірткі құралдарын, психотропық заттар мен прекурсорларды диагностикалық зерттеу (табиғаты біркелкі 15 объектіге дейін);

таңбалық белгілері бар болған кездегі фармацевтикалық препараттарды диагностикалық зерттеу (табиғаты біркелкі 5 объектіге дейін);

2) күрделілік дәрежесі орташа:

есірткі құралдарын, психотропық заттар мен прекурсорларды диагностикалық зерттеу (табиғаты әр түрлі 15 объектіге дейін);

мөлшерлік анықтау кіретін, таңбалық белгілері бар болған кездегі фармацевтикалық препараттарды диагностикалық зерттеу (табиғаты әр түрлі 5 объектіге дейін);

есірткі құралдарын, психотропық заттар мен прекурсорларды диагностикалық зерттеу (табиғаты біркелкі 15 объектіден көп);

3) күрделі:

есірткі құралдарын, психотропық заттар мен прекурсорларды диагностикалық зерттеу (табиғаты әр түрлі 15 объектіден көп);

мөлшерлік анықтау кіретін, таңбалық белгілері бар болған кездегі фармацевтикалық препараттарды диагностикалық зерттеу (20 объектіге дейін);

мөлшерлік анықтау кіретін, таңбалық белгілері болмаған кездегі фармацевтикалық препараттарды диагностикалық зерттеу;

мөлшерлік анықтау кіретін, таңбалық белгілері бар болған кездегі фармацевтикалық препараттарды сәйкестендірушілік зерттеу (10 объектіге дейін);

4) аса күрделі:

мөлшерлік анықтау кіретін, таңбалық белгілері бар болған кездегі фармацевтикалық препараттарды диагностикалық зерттеу (20 объектіден көп);

мөлшерлік анықтау кіретін, таңбалық белгілері бар болған кездегі фармацевтикалық препараттарды сәйкестендірушілік зерттеу (10 объектіден көп);

белгісіз заттың табиғатын анықтау;
мөлшерлік анықтау кіретін, есірткі құралдары мен психотропық заттардың аналогтарын диагностикалық зерттеу;
мөлшерлік анықтау кіретін, есірткі құралдары мен психотропық заттардың аналогтарын сәйкестендірушілік зерттеу;
ахуалдық міндеттерді шешу жөніндегі зерттеу.

16. Сот биологиялық сараптамасы

16.1. Өсімдік тектес объектілерді сот-сараптамалық биологиялық зерттеу

1) жай:

тасымалдаушы-объектілерді табиғаты биологиялық қатпарларды анықтау және оларды өсімдік тектес объектілер тобына жатқызу мақсатында зерттеу;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

макроморфологиялық белгілері бойынша объектілердің нақты түрін биологиялық жіктеу (тұқымдас, тек, түр) арқылы анықтау;

3) күрделі:

микрoқатпарлары бойынша объектілердің нақты түрін биологиялық жіктеу (тұқымдас, тек, түр) арқылы анықтау;

салыстырылатын объектілердің жалпы тектік, топтық қатыстылығы туралы сұрақты шешу жөніндегі сәйкестендірушілік зерттеу;

объектілерді, іздің пайда болу механизмінің, вегетация кезеңдерінің, сақталу дәрежесінің белгілері бойынша олардың жалпы топтық қатыстылығын анықтау мақсатында салыстырмалы зерттеу;

топырақ-биологиялық-техногендік-кешен (әрі қарай - ТБТК) объектілері қатпарларының пайда болу көзін анықтау жөніндегі диагностикалық міндеттерді шешу;

4) аса күрделі:

кешенді сараптамалар шеңберіндегі өзара түйісе әрекеттесу фактісін анықтау;

салыстырылатын объектілердің біртұтас бүтінге жататындығы туралы сұрақты шешу жөніндегі сәйкестендірушілік зерттеу;

объектілердің бірынғай массаға (шикізатқа, жартылай өнімге, өсімдік шикізатынан өңделген өнімдерге) жататындығы туралы сұрақты шешуге бағытталған сәйкестендірушілік зерттеу;

жердің оқшауланған жер телімін анықтау жөніндегі кешенді зерттеулер (ТБТК объектілері);

зерттеу объектілерінің қылмыстың нақты оқиғаларымен кеңістік-уақыттық байланысын анықтау.

16.2. Жануар тектес объектілерді сот-сараптамалық биологиялық зерттеу:

1) жай:

тасымалдаушы-объектілерді табиғаты биологиялық қатпарларды анықтау және оларды жануар тектес объектілер тобына жатқызу мақсатында зерттеу;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

макроморфологиялық белгілері бойынша объектілердің нақты түрін биологиялық жіктеу (тұқымдас, тек, түр) арқылы анықтау;

3) күрделі:

микрoқатпарлары бойынша объектілердің нақты түрін биологиялық жіктеу (тұқымдас, тек, түр) арқылы анықтау;

салыстырылатын объектілердің жалпы тектік, топтық қатыстылығы туралы сұрақты шешу жөніндегі сәйкестендірушілік зерттеу;

объектілерді, іздің пайда болу механизмінің, вегетация кезеңдерінің, сақталу дәрежесінің белгілері бойынша олардың жалпы топтық қатыстылығын анықтау мақсатында салыстырмалы зерттеу;

топырақ-биологиялық-техногендік-кешен (әрі қарай - ТБТК) объектілері қатпарларының пайда болу көзін анықтау жөніндегі диагностикалық міндеттерді шешу;

4) аса күрделі:

кешенді сараптамалар шеңберіндегі өзара түйісе әрекеттесу фактісін анықтау;

салыстырылатын объектілердің біртұтас бүтінге жататындығы туралы сұрақты шешу жөніндегі сәйкестендірушілік зерттеу;

объектілердің бірыңғай массаға (шикізатқа, жартылай өнімге, өсімдік шикізатынан өңделген өнімдерге) жататындығы туралы сұрақты шешуге бағытталған сәйкестендірушілік зерттеу;

жердің оқшауланған жер телімін анықтау жөніндегі кешенді зерттеулер (ТБТК объектілері);

зерттеу объектілерінің қылмыстың нақты оқиғаларымен кеңістік-уақыттық байланысын анықтау.

17. Сот молекулярлық-генетикалық сараптамасы

17.1. Сот-сараптамалық молекулярлық-генетикалық зерттеу

1) күрделі:

қан үлгілері мен буккалдық эпителий бойынша биологиялық әкелікті анықтау;

қан үлгілері мен буккалдық эпителий бойынша биологиялық аналықты анықтау;

қан үлгілерін бұрын алынған нәтижелермен салыстырмалы талдау жүргізу мақсатындағы зерттеу;

егіздердің зиготалығын анықтау;

2) аса күрделі:

адамды танылмаған қалдықтар (сүйектер, бұлшықеттер, басқа ұлпалар) бойынша сәйкестендіру;

заттай дәлелдемелердегі қан іздерін, сілекейді, шәуетті, пашты, ұлпаны, адам жасушасын сәйкестендіру;

тікелей (ұрпағы арқылы) және тікелей емес (анасы тегі бойынша, әкесінің тегі және тармақтары бойынша) тегі бойынша биологиялық туыстығын анықтау;

тірі туыстары арқылы генетикалық кескінін қайта қалпына келтіру;

түсік материалы бойынша биологиялық әкелікті және аналықты анықтау.

18. Адамның психофизиологиялық процесстерінің сот сараптамасы

18.1. Сот-сараптамалық психологиялық-криминалистикалық зерттеу

1) жай:

шектеулі көлемде және келесі мөлшерде келіп түсетін порнографиялық сипаттағы, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттайтын объектілерді зерттеу:

ойын картасы - 5 колодаға дейін;

бейнетаспалар, CD-дискілер, DVD-дискілер, алмалы-салмалы немесе алынбайтын ақпарат тасымалдаушылар, ұялы телефондар, смартфондар, дербес қалта компьютері (ары қарай-ДҚК) 2 данаға дейін, фотосуреттер, жекелеген репродукциялар - 5 данаға дейін, журналдар, газеттер - 2 данаға дейін, кітаптар - 1 данаға дейін;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

шектеулі көлемде және келесі мөлшерде келіп түсетін порнографиялық сипаттағы, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттайтын объектілерді зерттеу: ойын картасы - 10-нан 15 колодаға дейін; бейнетаспалар, CD-дискілер, DVD-дискілер, алмалы-салмалы немесе алынбайтын ақпарат тасымалдаушылар, ұялы телефондар, смартфондар, ДҚК-3-5 данаға дейін, фотосуреттер, жекелеген репродукциялар-5-тен 10 данаға дейін, журналдар, газеттер-5 данаға дейін, кітаптар - 2-4 данаға дейін (оқылатын мәтіннің көлеміне байланысты);

3) күрделі:

порнографиялық сипаттағы объектілерді төмендегі көлемде зерттеу: тасымалдаушы объектілерге жазылған әрекеттердің мағыналық мазмұнын анықтау (көрнекі, ауызша ақпараттар); ойын картасы - 15 және одан көп колодаға дейін; бейнетаспалар, CD-дискілер, DVD-дискілер, алмалы-салмалы (тасымалдайтын) немесе алынбайтын ақпарат тасымалдаушылар; ұялы телефондар, смартфондар, ДҚК-5 және одан да көп данаға дейін; фотосуреттер, жекелеген репродукциялар - 10-нан көп данаға дейін; журналдар, газеттер - 5 және одан да көп данаға дейін; хаттар, кез келген өзге де авторлық қолжазба нұсқалары - 5 және

одан да көп данада; кітаптар - 4 және одан да көп данада (оқылатын мәтіннің көлеміне байланысты); ойын бағдарламалары - 1 және одан көп данада; өзге де стандартты емес объектілер - 1 және одан көп данада;

порнографияның, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттайтын белгілердің болуы/болмауын анықтау; объектіні эротикалық/порнографиялық/ қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттайтын топқа жатқызу - 1 бейнетаспадан көп емес;

4) аса күрделі:

келесі мөлшерде келіп түсетін порнографиялық сипаттағы, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттайтын объектілерді зерттеу: бейнетаспалар, CD-дискілер, DVD-дискілер, алмалы-салмалы (тасымалдайтын) немесе алынбайтын ақпарат тасымалдаушылар, ұялы телефондар, сматрфондар, ДҚК - 15 және одан да көп данада; фотосуреттер, жекелеген репродукциялар - 30 және одан да көп данада; журналдар, газеттер - 10 және одан да көп данаға дейін; хаттар, өзге де авторлық қолжазба нұсқалары - 10 және одан да көп данада; кітаптар - 10 және одан да көп данада (оқылатын мәтіннің көлеміне байланысты); ойын бағдарламалары - 1 және одан көп данада; өзге де стандартты емес объектілер - 1 және одан көп данада, объектілерді - нақты адамның күйі және жедел-іздігі шараларын, тергеу әрекеттерін жүргізу сәттері, жауап алу, оқиға орнында түсініктерді тексеру, ұстау және т.б. жазылған бейнежазбаларды зерттеу - 1 данадан көп;

адамның физиологиялық және психологиялық күйін өзгерту мақсатында әртүрлі құралдармен оған әсер етудің фактісін анықтау; өзі жасап жатқан әрекеттер барысында немесе оған қандай да бір құралдармен әсер етудің нәтижесінде адамның психологиялық және физиологиялық күйінің өзгеру фактісін анықтау - 5-20 данадан көп емес.

18.2. Сот-сараптамалық психологиялық-филологиялық зерттеу

1) күрделі:

төмендегідей міндеттерді шешу мақсатындағы саны 2 данадан аспайтын баспаға шығарудың заманауи құралдарымен

жасалған мәтіндер, сондай-ақ интернет-коммуникациялар мәтіндері: кітаптар, брошюралар, бұқаралық ақпарат көздеріндегі жарияланымдар, үнпарақ, плакат түрінде әзірленген нақты адамға немесе адамдар тобына айтылған қаратылған хабарламалар, әртүрлі аудио-бейнежазбалар, дербес компьютерлер жадындағы, компакт-дискілердегі, флеш-карталардағы, басқа да электронды тасымалдағыштардағы, сондай-ақ Интернет желілерінің бетінде берілген мәтіндер және олардың баспалары, ауызша немесе жазбаша тіл (хаттар, мәлімдемелер, аудио, бейнежазбалар) құралдары арқылы, сондай-ақ әртүрлі техникалық құралдар (телефон арқылы сөйлесулер) көмегімен орындалған нақты адамға арналған жеке үндеулер, нақты даулы жағдайда бірыңғайсыздығымен сипатталатын жекелеген тілдік құрылымдар және/немесе пікірлер:

сөздің, мәтіннің жалпы бағыттылығын анықтау, олардың сипаттамасы;

автордың жеке көзқарасын жеткізудің жалпыға қолжетімділігі тұрғысынан баяндау нысанын анықтау, мәтінде жасырын, жанама ниеттің бар/жоғын анықтау;

зерттелетін объектінің баяндалу стилін, адамның ар-ожданын кемсіту және қадір-қасиетін төмендетуге бағытталған балағат сөздерді, негативті мәліметтерді қолдануын анықтау;

лексемалардың, сондай-ақ тілдік құрылымдардың қазақ, орыс тілдерінің нормаларына сәйкестігін/ сәйкессіздігін анықтау;

қолданылған баяндау формасы мен тілдік қатынастың сипатын, тілдік дағдыларды қолдану деңгейін (грамматикалық, стилистикалық, синтаксистік және т.б.) меңгеру;

ұсынылған материалдардың адамның (адамдар тобының) эмоциялық, жігерлік өрісіне, бұқаралық санаға әсер етуінің психологиялық аспектісін зерттеу;

әңгімелесудің ортақ тақырыптарын анықтау;

белгілі мағыналық құрауыштардың бар/жоқтығын анықтау;

2) аса күрделі:

төмендегідей міндеттерді шешу мақсатындағы саны 3 және одан да көп баспаға шығарудың заманауи құралдарымен

жасалған мәтіндер, сондай-ақ интернет-коммуникациялар мәтіндері: кітаптар, брошюралар, бұқаралық ақпарат көздеріндегі жарияланымдар, үнпарақ, плакат түрінде әзірленген нақты адамға немесе адамдар тобына қаратыла айтылған хабарламалар, әртүрлі аудио-, бейнежазбалар, дербес компьютерлер жадындағы, компакт-дискілердегі, флеш-карталардағы, басқа да электронды тасымалдағыштардағы, сондай-ақ Интернет желілерінің бетінде берілген мәтіндер және олардың баспалары, ауызша немесе жазбаша тіл (хаттар, мәлімдемелер, аудио, бейнежазбалар) құралдары арқылы, сондай-ақ әртүрлі техникалық құралдар (телефон арқылы сөйлесулер) көмегімен орындалған нақты адамға арналған жеке үндеулер, нақты даулы жағдайда бірыңғай сыздығымен сипатталатын жекелеген тілдік құрылымдар және/немесе пікірлер:

ұсынылған материалдардың адамның (адамдар тобының) эмоциялық, жігерлік өрісіне, бұқаралық санаға әсер етуінің психологиялық аспектісін зерттеу;

адамның діни ұйымдарға психологиялық тәуелділігін қалыптастыру мақсатында оған әртүрлі құралдар арқылы әсер ету фактілерін анықтау;

сөйлеушінің коммуникативтік пиғылын анықтау;

әңгімеге қатысушылардың өзара қарым-қатынас сипатын (ресми, бейресми) анықтау;

коммуникативтік ұстанымды (белсенді, белсенді емес) анықтау;

коммуниканттардың иерархиялық ролдерін анықтау (теңқұқылы, теңқұқылы емес өзара қарым-қатынас);

әңгімелесудің ортақ тақырыбын анықтау;

белгілі іс-қимылға итермелеудің белгілерінің бар/жоқтығын анықтау;

қоқан-лоққы белгілерінің бар/жоқтығын анықтау;

белгілі мағыналық құрауыштардың бар/жоқтығын анықтау;

эксплицитті (ашық) және имплицитті (жасырын, жанама) ақпаратты анықтау;

19. Сот экологиялық сараптамасы

19.1. Сот-сараптамалық экологиялық зерттеу

1) күрделі:

келесі міндеттерді шешу үшін күрделіліктің 1-ден көп емес белгісімен сипатталатын топырақ-геологиялық жасалған объектілерді, су объектілерін, ауаны, табиғи және жасанды биоценоздарды және басқа объектілерді зерттеу:

сәйкестендірушілік міндеттерді шешу:

қоршаған орта объектілеріне негативті антропогендік әсердің ошақтарын анықтау;

топырақты-геологиялық, өсімдіктер мен жануарлардан алынатын объектілерге, су объектілеріне антропогендік әсердің пайда болу орны болып табылған нақты жергілікті жерлерді (әлеуетті қауіпті объект) анықтау;

диагностикалық міндеттерді шешу:

негативті антропогендік әсер ошағын немесе бірнеше ошақтарын және түрін, сондай-ақ, олардың негативті әсерінің өзара байланысын, бірізділігін, қоршаған орта объектілеріне әсерінің ұзақтығын және оның салдарының әрі қарайғы біліну аралығын анықтау;

уақыт және кеңістікке қатысты қоршаған ортаға негативті антропогендік әсердің сипатын анықтау (олардың негативті әсерінің өзара байланысын, бірізділігін, қоршаған орта объектілеріне әсерінің ұзақтығын және оның салдарының әрі қарайғы біліну аралығын анықтау);

қоршаған орта объектілеріне негативті антропогендік әсер жағдайларының деңгейін, масштабын анықтау;

негативті антропогендік әсер механизмін анықтау (әрекеттердің, оқиғалардың, құбылыстардың, олардың арасындағы себептік байланыстың әдісі мен бірізділігі);

қоршаған ортаның нақты объектілеріне негативті антропогендік әсер масштабының ұлғаюына ықпал еткен жағдайларын анықтау;

қоршаған табиғат ортасына және (немесе) қоршаған ортаның нақты объектілерінің күйін нашарлататын қауіпті заттардың таралу жолдарын анықтау;

жұмыс істеп тұрған шаруашылық объектісінің шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде туындайтын қоршаған ортаның нақты объектілерінің негативті өзгеруінің экологиялық тәуекелін анықтау (мысалы, атмосфераға, литосфераға және гидросфераға негативті әсерін туындататын инженерлік-геологиялық және физикалық-химиялық процестердің қарқындауымен ұштасатын жер қойнауын заңсыз игеру кезіндегі ландшафтың бұзылуы (жер бетінің бұзылуы));

топырақ бетіне келеңсіз антропогендік әсер етудің анықталған белгілерін жою, нақты келеңсіз антропогендік әсер ету нәтижесінде бұзылған экологиялық тепе-теңдікті қалпына келтіруге қажетті уақыт кезеңін анықтау үшін табиғатты қорғаудың көзделген іс-шараларын өткізудің жеткіліктігін анықтау;

нақты жер телімдерінде шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған орта объектілерінің кейінде мүмкін болатын келеңсіз өзгеруін жоюдың және алдын алудың кешенді іс-шараларын анықтау;

табиғатты қорғау заңнамасын, әлуатті қауіпті объектілерді пайдаланудың шарттарын бұзумен және адам денсаулығына зиян (адам өліміне) немесе өзге де ауыр зардаптар келтіруге септігін тигізген қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы арнайы уәкілетті тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) байланысты мән-жайларды анықтау;

қоршаған ортаның табылған объектілерінің жарамдылығын анықтау.

2) аса күрделі:

төмендегі міндеттерді шешу мақсатында:

топырақ-геологиялық текті объектілерді, су-ауа объектілерін, екі және одан да көп күрделілік белгілерімен сипатталатын табиғи және жасанды биоценоздарды зерттеу;

сәйкестендірушілік міндеттерді шешу:

қоршаған орта объектілеріне келеңсіз антропогендік әсер ету көзін анықтау;

топырақ-геологиялық, өсімдік және жануарлар текті объектілерге, су объектілеріне антропогендік әсер етудің пайда болу орны болатын нақты жер учаскесін (әлуетті қауіпті объектіні) анықтау;

диагностикалық міндеттерді шешу:

келеңсіз антропогендік әсер етудің түрін және орналасу көзін немесе бірнеше көзін анықтау;

уақыт және кеңістіктегі қоршаған ортаға келеңсіз антропогендік әсер етудің сипаттамасын (қоршаған орта объектілеріне келеңсіз әсер етудің өзара байланысын, жүйелігін, ұзақтығын және ілгеріде зардаптардың көріну кезеңін) анықтау;

қоршаған орта объектілеріне келеңсіз антропогендік әсер етудің дәрежесін, мән-жайлардың масштабтарын анықтау;

келеңсіз антропогендік әсер етудің механизмін (іс-әрекет, оқиғалар, құбылыстардың тәсілі мен жүйелігін, олардың арасындағы себептік байланысты) анықтау;

қоршаған ортаның нақты объектілеріне келеңсіз антропогендік әсер ету масштабтарының көбеюіне септігін тигізетін шарттарды анықтау;

қоршаған табиғи ортаға қауіпті және (немесе) қоршаған ортаның нақты объектілерінің күйін нашарлататын заттардың таралу жолдарын анықтау;

жұмыс істейтін шаруашылық объектісінің қызметін жүзеге асыру кезінде пайда болатын қоршаған ортаның нақты объектілерінің келеңсіз өзгеруінің экологиялық тәуекелдерін анықтау;

қоршаған ортаның объектілеріне келеңсіз антропогендік әсер етудің анықталған белгілерін жою үшін, нақты келеңсіз антропогендік әсер ету нәтижесінде бұзылған экологиялық тепе-теңдікті қалпына келтіруге қажетті уақыт кезеңін анықтау үшін табиғатты қорғаудың көзделген іс-шараларын өткізудің жеткіліктілігін анықтау;

нақты жер телімдерінде шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған орта объектілерінің кейінде мүмкін болатын келеңсіз өзгеруін жоюдың және алдын алудың кешенді іс-шараларын анықтау;

табиғатты қорғау заңнамасын, әлуатті қауіпті объектілерді пайдаланудың шарттарын бұзумен және адам денсаулығына зиян (адам өліміне) немесе өзге де ауыр зардаптар келтіруге септігін тигізген қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы арнайы уәкілетті тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) байланысты мән-жайларды анықтау;

21. Сот дінтану сараптамасы

21.1. Сот-сарапшылық дінтану зерттеуі:

1) күрделілік дәрежесі орташа:

мына көлемдегі материалдар бойынша діни ағымды, мазмұнын анықтау туралы бір міндетті шешу,

қазіргі полиграфия құралдарының көмегімен басылған мәтіндер, сондай-ақ интернет-коммуникациялар мәтіндері: кітаптар, кітапшалар, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мәтіндер, форматы А4, көлемі 1-ден 5 параққа дейін; ұзақтығы 30 минутқа дейінгі бейне-аудио материалының мазмұны (уағыз, дәріс, бейнебаян және т.б.);

2) күрделі:

қазіргі полиграфия құралдарының көмегімен басылған мәтіндер, сондай-ақ интернет-коммуникациялар мәтіндері: кітаптар, кітапшалар, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мәтіндер, нақты жеке адамға немесе адамдар тобына қаратып айтылған, үнпарақтар, плакаттар түрінде орындалған хабарламалар; әр түрлі аудио-, бейнежазбалар; флеш жинақтаушы, дербес компьютерлердің қатқыл дискілері, компакт-дискілер және басқа да электрондық жеткізгіштер жадындағы мәтіндік файлдар, сондай-ақ, интернет контент беттерінен алынып ұсынылған ақпарат және (немесе) олардан басылып шығарылғандары, мына төмендегі міндеттерді шешу үшін:

діни ағымды анықтау үшін;

мәтін мазмұнында діни себептер бойынша күрес және өзін-өзін құрбан етуге үгіт-насихаттың болу/болмауын зерттеу;

мәтінде бір топтың екінші топқа діни араздық идеяларының бар болуы/болмауын зерттеу;

зерттелетін объектінің көлемі:

көлемі 5-тен 100 параққа дейінгі баспа, жазбаша, электронды мәтін;

ұзақтығы 4 жазба сағатқа дейінгі бейне-аудио материалының мазмұны.

3) аса күрделі:

қазіргі полиграфия құралдарының көмегімен басылған мәтіндер, сондай-ақ интернет-коммуникация: кітаптар, кітапшалар, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мәтіндер, нақты жеке адамға немесе адамдар тобына қаратып айтылған, үнпарақтар, плакаттар түрінде орындалған хабарламалар; әр түрлі аудио-, бейнежазбалар; флеш жинақтаушы, дербес компьютерлердің қатқыл дискілері, компакт-дискілер және басқа да электрондық жеткізгіштер жадындағы мәтіндік файлдар, сондай-ақ, интернет контент беттерінен алынып ұсынылған ақпарат және (немесе) олардың басылып шығарылғандары; ауызша немесе жазбаша сөйлеу құралдарымен (хаттар, баяндамалар, аудио-, бейнежазбалар), сондай-ақ әр түрлі техникалық құралдар арқылы (телефонмен сөйлесу) орындалған жедел-іздістіру қызметі материалдары, мына төмендегі міндеттерді шешу үшін:

діни ағымды анықтау үшін;

мәтін мазмұнында діни сарындар бойынша күрес және өзін-өзін құрбан етуге үгіт-насихаттың болуы/болмауын зерттеу;

мәтінде бір топтың екінші топқа діни араздық идеяларының бар болуы/болмауын зерттеу;

ауызша сөйлесу, хат алмасуда пайдаланылатын нақты тұлға, органға қатысты діни терминдер мәнін және олардың кімге қаратылып айтылғандарын анықтау;

мәтін мазмұнында діни сарындар бойынша күш көрсету әрекеттерінің болуы/болмауын зерттеу;

мәтін мазмұнында Қазақстан Республикасы аумағында теократиялық құрылысты орнатуға үгіт-насихаттың болуы/болмауын зерттеу;

зерттелетін объектінің көлемі:

көлемі 100 және одан да көп параққа дейінгі баспа, жазбаша, электронды мәтін;

ұзақтығы 4 жазба сағаттан артық бейне-аудио материал мазмұны.

22. Сот техногендік апаттар сараптамасы

22.1. Теміржол көлігін сот-сараптамалық зерттеу

1) күрделі:

нормативтік-техникалық құжаттамаларды, қозғалысты ұйымдастыруды, тиеу кестесін, пойыздың қозғалыс режимін пойыздың немесе вагонның штаттан тыс режимдегі (апаттық) қозғалысын бұзу белгілерін анықтау мақсатындағы зерттеу;

пойыз қозғалысының, тежеу жолының, бойлық және көлденең күштердің вагонның сығымдалуына, рельс аралық жолтабан мен рельстің жиектемелеріне әсерінің есептеулерін жүргізу;

локомотив бригадасының оқиғаның алдын алуға техникалық мүмкіндігінің болғанына не болмағанына есептеулер жүргізу;

2) аса күрделі:

жылжымалы құрамды, мәліметтер жиынтығы мен заттық жағдайдың тиісті түрде шегенделуінің болмаған кезде қажетті іздік ақпаратты, табу және шегендеу мақсатындағы зерттеу;

пойыздың қирау орнын, вагондардың рельстен шығып кету орнын, жолдың үстіңгі құрылысын, рельсті, рельсшпалдық бекітпелерді теміржол-көлік оқиғасының (ТЖКО) даму механизмін анықтау мақсатындағы зерттеу;

рельсшпалдық тордың элементтерін пойыздың қирау немесе вагондардың рельстен шығып кету себептерін жиынтығында шешу үшін зерттеу;

жылжымалы құрамның жүріс бөлігінің тораптарын, бөлшектерін, элементтерін, ақаудың немесе жарамсыздықтың оқиғаның дамуына жалпы алғандағы әсерінің себеп-салдарлық байланысын анықтау мақсатындағы зерттеу;

оқиға орнындағы іздік ақпараттарды элемент бойынша зерттей отырып ТЖКО даму механизмін (ЖКО қалпына келтіру) анықтау;

темір жолы бөлігінің жоспары мен кескінін (ұзына бойғы, көлденең еніс; айналма радиусы, жолдың айналмасындағы рельстің қалпақшасының орналасуын) (сол жақ және оң жақ ауытқуларының қисығы) анықтау;

темір жолдың призмасын жол төсемдерінің пайдаланудың техникалық талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында рельс желілерінің элементтерімен, рельсшпалдық тормен, рельсшпалдық бекітпелермен кешенді зерттеу.

23. Қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша мәйіттердің, жәбірленушілердің, айыпталушылардың және басқада тұлғалардың сот-медициналық сараптамасы

23.1. Сот- жалпы сараптамалық зерттеулер

Жәбірленушілердің, айыпталушылардың және басқада тұлғалардың сараптамасы

1) жай:

жәбірленушілерді, айыпталушыларды және басқада тұлғаларды тексеру кезінде дене жарақаттары анықталмаған сараптамалар;

жәбірленушілерді, айыпталушыларды және басқада тұлғаларды тексеру кезінде 4-тен аспайтын сыртқы дене жарақаттары анықталған сараптамалар;

медициналық анықтамаларын (травматологиялық пункттен, жедел медициналық көмектен ілеспехат және т.б.) зерттеу арқылы жәбірленушілерді, айыпталушыларды және басқада тұлғаларды тексеру сараптамалары;

2) күрделілігі орта дәрежелі:

жәбірленушілерді, айыпталушыларды және басқада тұлғаларды тексеру кезінде 5-тен аса сыртқы дене жарақаттары анықталған, амбулаториялық науқастың 1 медициналық картасын зерттеу сараптамалары;

жәбірленушілерді, айыпталушыларды және басқада тұлғаларды тексеру, амбулаториялық науқастың 1 медициналық картасын зерттеу сараптамалары;

1 медициналық құжатты зерттеу сараптамалары (амбулаториялық немесе стационарлық науқастың медициналық картасы);

3) күрделі:

жәбірленушілерді, айыпталушыларды және басқада тұлғаларды тексеру, 2 немесе оданда көп медициналық құжатты зерттеу сараптамалары (амбулаториялық немесе стационарлық науқастың медициналық картасы);

2 немесе одан да көп медициналық құжатты зерттеу сараптамалары;

жәбірленушілерді, айыпталушыларды және басқада тұлғаларды тексеру, қажетті медициналық құжаттарды зерттеу, басқа да медицина мамандарының қатысуымен өтетін сараптамалар (невропатолог, окулист, гинеколог, рентгенолог, травматолог және т.б.);

Тыртықтарды зерттеу сараптамалары

4) аса күрделі:

жыныстықтық жағынан бүтіндікті анықтау сараптамалары; бұрынғы босануларды, жүктіліктерді, түсіктерді анықтау сараптамалары;

еркек пен еркектің жыныстық қатынасын анықтау сараптамалар;

азғындық әрекеттерді анықтау сараптамалар;

жыныстық қатынасқа қабілеттілігін анықтау сараптамалары;

Ескерту: қосымша сараптамалар өндірісі күрделілік категориясын бір деңгейге көтереді.

Мәйіттер сараптамасы

1) күрделілігі орта дәрежелі:

жарақатсыз мәйіттің қаңқасы мен сүйек қалдықтарын зерттеу (қосымша зерттеу тәсілдерін қажет етпейтіндер)

2) күрделі:

қосымша әдебиеттерді, зертханалық зерттеулерді талап ететін, зорлық өлім жағдайындағы мәйіттерді зерттеу;

уланған жағдайындағы мәйіттердің зерттеуі;

механикалық асфиксиялар жағдайындағы мәйіттердің зерттеуі;

электрожарақат, атмосфералық электр әсері болған мәйіттердің зерттеуі;

температуралар әсер еткен мәйіттердің зерттеуі;

қысымның түсіп кетуі жағдайындағы мәйіттердің зерттеуі;

жарақаттары жоқ жартылай қаңқаланған немесе шіру белгілері бар мәйіттердің зерттеуі;

белгісіз тұлғалардың мәйіттерінің зерттеуі;

3) аса күрделі:

жаңа туылғандар немесе сәби мәйіттерінің зерттеуі;

оқ тиген жаралары бар мәйіттердің зерттеуі;

жарылыс зақымы, жарақаттары бар мәйіттердің зерттеуі;

өткір немесе доғал заттармен түсірілген жарақаттары бар мәйіттердің зерттеуі;

жоғарғы биіктен және өз бойының биіктігінен (тұрған күйінде) жазықтыққа құлаған жағдайдағы мәйіттердің зерттеуі;

кылмыстық түсік жолымен жасалған мәйіттердің зерттеуі;

ана өлімі бойынша мәйіттердің зерттеуі;

жарақаттары бар қаңқа немесе шіру белгілері бар мәйіттердің зерттеуі;

көліктік жарақаттары бар мәйіттердің зерттеуі;

авиациялық жарақаттары бар мәйіттердің зерттеуі;

бөлшектелген мәйіттердің зерттеуі;

эксгумацияланған мәйіттердің зерттеуі;

медициналық манипуляцилар бойынша /ятрогенді патология/;

рефлексогенді аймақтар соққысы болған жарақаттары бар мәйіттердің зерттеуі;

адамдар жаппай құрбан болған төтенше жағдайдардағы мәйіттердің зерттеуі;

қабаттасқан жарақаттары бар мәйіттердің зерттеуі;

Ескерту: стационарда қайтыс болған мәйіттерді (ауру тарихы болған жағдайда) зерттеу кезінде күрделілік категориясын бір деңгейге көтеріледі.

Қосымша немесе қайталау сараптамаларының өндірісі күрделілік категориясын бір деңгейге көтереді.

Комиссиялық сараптамалар:

1) күрделі:

жыныстық жағдайын анықтау сараптамалары (ұрықтану, ұрықтануға қабілетін анықтау)

өлімнің алдында алынған жарақаттар немесе қоршаған ортаның әсерімен байланысын анықтау сараптамалары

жасты анықтауға байланысты сараптамалар

жынысты анықтауға байланысты сараптамалар

тоқтатылған жүктілік жағдайындағы сараптамалар

2) аса күрделі:

күтім, тасымалдау, қосымша ем және тамақтану, санаторлық-курорттық ем, протездеу және т.б. қосымша көмек түрін қажет ететін сұрақтарды шешумен байланысты сараптамалар;

мүгедектіктен бұрын алынған жарақаттар мен қоршаған ортаның әсерімен байланысын анықтау сараптамалары;

денсаулық жағдайын анықтау бойынша сараптамалар (аурулардан бұрын алынған жарақаттар мен қоршаған ортаның әсерімен байланысын анықтау);

емдеу-профилактикалық мекемесінің консервативті немесе жүйелі емдеуіне шағымдар болған жағдайдағы медициналық көмек көрсетуге баға беру сараптамалары («Дәрігерлік істер» бойынша сараптамалар);

қойылған сұрақтарға профильді мамандар немесе кеңесшілерді тарту арқылы, азаматтық немесе қылмыстық істер бойынша медициналық құжаттарды зерттеу сараптамалары;

қайталанған комиссиялық сот-медициналық сараптамалар;

кешенді, комиссиялық сараптамалар;

мәйіттің эксгумациясы, өткізу орнына бару арқылы басқада тергеу амалдарын өткізуге байланысты комиссиялық сараптамалар;

Ескерту: Қосымша немесе қайталау сараптамаларының өндірісінде күрделілік дәрежесі 1 деңгейге көтеріледі

24. Сот-гистологиялық сараптама

24.1. Сот-гистологиялық зерттеулер

1) күрделілік дәрежесі орташа (объектілер саны 7 көп емес):
механикалық тұншығу (мойынның тұзаққа тұншығуы, жүрек пен іштің қысылуы, ауыздың, мұрынның және демалу жолдарының жабылуы, суға кету)

ішімдікпен улану;

көмірқышқыл газымен улану;

жіті өлім (өлім себебін анықтаумен)

ішкі органдардың шіру өзгерісі, аутолиз;

2) күрделі (объектілер саны 7 көп):

дәрі-дәрмектік заттармен улану;

механикалық зақым (соның ішінде зақымданудан есеңгіреу, қан жоғалту, ДВС-синдром) жарақаттың тірі кезінде алынғандығын және мерзімін анықтаусыз;

жіті өлім (өлімнің көрінеу себебісіз);

электр жарақаты;

жоғарғы немесе төмен температуралар әсерінен болған өлім (терінің үсіген бөліктері бар топазу, қызу, терідегі күйік);

Ұзақ қысып қалу синдромы

3) аса күрделі (объектілер саны 12 көп):

механикалық зақым (соның ішінде зақымданудан есеңгіреу, қан жоғалту, ДВС-синдромы) жарақаттың тірі кезінде алынғандығын және мерзімін анықтаумен

техникалық токсиндермен, сирек және белгісіз заттармен улану;

ұрық немесе жаңа туылған сәбилер мәйітінің сараптамалары;

1 жасқа дейінгі балалар өлімі;

онкологиялық аурулар;

қылмыстық түсіктер;

ішкі органдардың ерекше аурулары;

стационарда өлу жағдайдары;

қайталау және комиссиялық сараптамалар;

планктондарды зерттеу;

объектілерді қосымша бояу тәсілдерін талап ететін сараптамалар;

25. Сот-биологиялық сараптама (медициналық)

25.1. Сот-биологиялық зерттеу (медициналық)

1) жай:

үлгілерді қоспағанда, 3 затқа дейін - қанды зерттеумен байланысты сараптама;

үлгілерді қоспағанда, 3 затқа дейін - бөлінділерді (тер, сілекей, зәр, жалпақ эпителийдің жасушалары, нәжіс) зерттеумен байланысты сараптама;

5 тұлғадан астам іс бойынша өтетін - үлгілерді зерттеумен байланысты сараптама;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

үлгілерді қоспағанда, 5 затқа дейін - қанды зерттеумен байланысты сараптама;

үлгілерді қоспағанда, 5 затқа дейін - бөлінділерді (тер, сілекей, зәр, жалпақ эпителийдің жасушалары, нәжіс) зерттеумен байланысты сараптама;

үлгілерді қоспағанда, 3 затқа дейін - аралас дақтарды (шәует, тер, қан, сілекей, зәр, жалпақ эпителийдің жасушалары, нәжіс) зерттеумен байланысты сараптама;

3 затқа дейін - ядросы бар жасушаларды анықталуымен байланысты цитологиялық сараптама;

үлгілерді қоспағанда, 3 затқа дейін - топтық қатыстылығы бірдей дақтарда басқа серологиялық жүйелер бойынша дифференцирлеу;

3 затқа дейін қан мен бөлінділерді, бөлінді мен бөліндіні дифференцирлеу - аралас дақтарды зерттеумен байланысты сараптама;

3 затқа дейін мәйіттен алынған материалды (сүйек, бұлшықет, тістер) зерттеу;

3) күрделі:

үлгілерді қоспағанда, 10 затқа дейін - қанды зерттеумен байланысты сараптама;

үлгілерді қоспағанда, 7 затқа дейін - бөлінділерді (тер, сілекей, зэр, жалпақ эпителийдің жасушалары, нәжіс) зерттеумен байланысты сараптама;

үлгілерді қоспағанда, 5 затқа дейін - аралас дақтарды (шәует, тер, қан, сілекей, зэр, жалпақ эпителийдің жасушалары, нәжіс) зерттеумен байланысты сараптама;

5 затқа дейін - ядросы бар жасушаларды анықталуымен байланысты цитологиялық сараптама;

үлгілерді қоспағанда, 5 затқа дейін - топтық қатыстылығы бірдей дақтарда басқа серологиялық жүйелер бойынша дифференцирлеу;

5 затқа дейін қан мен бөлінділерді, бөлінді мен бөліндіні дифференцирлеу - аралас дақтарды зерттеумен байланысты сараптама;

шаштың сараптамасы (2 - ге дейін айғақ-шаш және іс бойынша өтетін екі тұлғаға дейін)

5 затқа дейін мәйіттен алынған материалды (сүйек, бұлшықет, тістер) зерттеу;

4) аса күрделі:

үлгілерді қоспағанда, 10 заттан астам - қанды зерттеумен (бар болуын анықтау, түр-тұқым тиістілігін, топтық қатыстылығын анықтау) байланысты сараптама;

үлгілерді қоспағанда, 7 заттан астам - бөлінділерді (тер, сілекей, зэр, жалпақ эпителийдің жасушалары, нәжіс) зерттеумен байланысты сараптама;

үлгілерді қоспағанда, 5 заттан астам - аралас дақтарды (шәует, тер, қан, сілекей, зэр, жалпақ эпителийдің жасушалары, нәжіс) зерттеумен байланысты сараптама;

5 заттан астам - ядросы бар жасушаларды анықталуымен байланысты цитологиялық сараптама;

үлгілерді қоспағанда, 7 заттан астам - топтық қатыстылығы бірдей дақтарда басқа серологиялық жүйелер бойынша дифференцирлеу;

5 заттан астам қан мен бөлінділерді, бөлінді мен бөліндіні дифференцирлеу - аралас дақтарды зерттеумен байланысты сараптама;

шаштың сараптамасы (2-ден астам айғақ-шаш және іс бойынша өтетін екі тұлғадан астам);
цитологиялық зерттеумен байланысты сараптама - анықталмаған мәйіттің шіріп өзгерген материалдарын зерттеу.

26. Медициналық-криминалистикалық сараптама

26.1. Сот медициналық-криминалистикалық зерттеу

1) жай:

3-тен көп емес объектілерді рентгенологиялық зерттеу;

Зерттеу жүргізусіз, объектіні (объектілерді) фототүсіру фотокестесін құрумен;

2) күрделілік дәрежесі орташа:

1-ден аспайтын болжамды жарақат құралын ұсынумен немесе ұсынусыз, денесінде және (немесе) киімінде өткір және доғал қатты заттардың әсерінен 3-тен аспайтын зақымдардың (объектілердің) пайда болу механизмін, сипатын, түрін анықтау бойынша зерттеу;

болжамды жарақат құралын ұсынусыз, денесінде және (немесе) киімінде атыс қаруының әсерінен 1-ден аспайтын зақымның (объектінің) пайда болу механизмін, сипатын, түрін анықтау бойынша зерттеу;

мәйіттің (тірі тұлғаның) денесінде және (немесе) киімінде термиялық, химиялық зақымдауда 1 зақымның (объектінің) пайда болу механизмін, сипатын, түрін зерттеу;

мойын мойын мүшелер кешенінің 1 мүшесін зерттеу;

қан іздерінің пайда болу механизмін анықтау бойынша зерттеу (5 объектілерден аспайтын);

зақымның пайда болу механизмін анықтаусыз, өзіндік зерттеу түрінде қосылған, металл іздерін, бөтен бөлшектерді анықтау бойынша зерттеу;

биологиялық объектілердің алғашқы түрін және қасиеттерін қалпына келтіру;

3) күрделі:

2 және одан көп болжамды жарақат құралын ұсынумен немесе ұсынусыз, денесінде және (немесе) киімінде өткір және доғал қатты заттардың әсерінен 4 және одан көп зақымдардың

(объектілердің) пайда болу механизмін, сипатын, түрін анықтау бойынша зерттеу;

болжамды жарақат құралын ұсынумен немесе ұсынусыз, денесінде және (немесе) киімінде атыс қаруының әсерінен 2 және одан көп зақымдардың (объектілердің) пайда болу механизмін, сипатын, түрін анықтау бойынша зерттеу;

жеке адамды ұқсастыруға қажетті құжаттарын (заттарын) ұсынусыз, бас сүйек, (үштен аспайтын) қаңқа сүйектері, (10-нан аспайтын) сүйек бөлшектерін, олардың зақымдануынсыз зерттеу;

(5 объектілерден көп) қан іздерінің пайда болу механизмін анықтау бойынша зерттеу;

атипті жарақат құралының әсерінен болған 1 және одан көп зақымдарды зерттеу;

мойын мүшелер кешенінің барлық мүшелерін зерттеу;

қаңқа сүйектерін қайта құрумен байланысты зерттеу;

дене зақымдарынсыз және киімсіз, (әр түрлі дәрежеде) сұлделенген, шіріп өзгерген, мумияланған мәйіттерді зерттеу;

4 және одан көп объектілерді рентгенологиялық зерттеу;

кейінгі реперажбен, салу және басқа да әдіспен фотоқосарлаумен 1 және одан көп объектілерді рентгенологиялық зерттеу;

микробөлшектерді зерттеу және олардың сәйкестіктерін лабораториялық әдістермен зерттеу;

кейінгі реперажбен, салу және басқа да әдіспен фотоқосарлаумен фотографиялық зерттеу;

кейінгі реперажбен, салу және басқа да әдіспен фотоқосарлаумен видеографиялық зерттеу;

УК және ИҚ-шоғырында фотографиялық зерттеу;

4) аса күрделі:

комиссиялық, қайталама сараптамасы шегінде жүргізілетін, денесінде және (немесе) киімінде 1 және одан көп зақымдардың (объектілердің) пайда болу механизмін, сипатын, түрін анықтау бойынша зерттеу;

кешенді сараптамасы шегінде жүргізілетін, денесінде және (немесе) киімінде бір және одан көп зақымдардың

(объектілердің) пайда болу механизмін, сипатын, түрін анықтау бойынша зерттеу;

ықтимал жарақат механизмін қайта құру үшін, құжаттарын (заттарын) ұсынумен, сонымен қатар денесінде және (немесе) киімінде бір және одан көп зақымдарды (объектілерді) зерттеу;

автожарақаттың нәтижесінде денесінде және (немесе) киімінде бір және одан көп зақымдардың (объектілердің) пайда болу механизмін, сипатын, түрін анықтау бойынша зерттеу;

эксперименталдық зақымдаулар және келесі салыстырмалы зерттеумен (қиыстыру, репераж және басқасы), денесінде және (немесе) киімінде бір және одан көп зақымдардың (объектілердің) пайда болу механизмін, сипатын, түрін анықтау бойынша зерттеу;

екі және одан көп әр түрлі құрылымдық ерекшеліктерімен болжамды жарақат құралдарын ұсынумен, денесінде және (немесе) киімінде бір және одан көп зақымның (объектінің) пайда болу механизмін, сипатын, түрін, болжамды жарақат құралымен сәйкестігін анықтау бойынша зерттеу;

дене зақымдарымен және киімдерімен, (әр түрлі дәрежеде) сұлделенген, шіріп өзгерген, мумияланған мәйіттерді зерттеу;

жеке адамды ұқсастыруға қажетті құжаттарын (заттарын) ұсынусыз, бас сүйек, (үштен аспайтын) қаңқа сүйектері, (10-нан аспайтын) сүйек бөлшектерін, олардың зақымдануларымен зерттеу;

жеке адамды ұқсастыруға қажетті құжаттарын (заттарын) ұсынусыз, (үштен көп) қаңқа сүйектері, (10-нан көп) сүйек бөлшектерін зерттеу;

жеке адамды ұқсастыруға қажетті құжаттарын (заттарын) ұсынумен, бас сүйек, (бір және одан көп) қаңқа сүйектері, (бір және одан көп) сүйек бөлшектерін зерттеу;

түрін, жынысын және басқа керек-жарағын анықтаумен күлденген фрагменттерді зерттеу;

(екі және одан көп мәйіттерді) жаппай жерлеуін зерттеу;

қаңқа сүйектерін қайта құрумен байланысты, сүйектің бір және одан көп зақымдарының пайда болу механизмін анықтау бойынша зерттеу.

Ескертпе: қосымша, қайталама және кешенді сараптамаларды жүргізу қиындықтар дәрежесін бір деңгейге жоғарылатады.

27. Химия-токсикологиялық сараптама

27.1. Соттық химия-токсикологиялық зерттеу

1) жай:

этил алкогольін анықтау (1-3 нысандар);

карбоксигемоглобинді анықтау (1-3 нысандар);

этил алкогольін және карбоксигемоглобинді бірге анықтау (бір нысанда);

2) күрделілік дәрежесі орташа:

этил алкогольін анықтау (3-тен 7 нысанға дейін);

карбоксигемоглобинді анықтау (3-тен 7 нысанға дейін);

этил алкогольін және карбоксигемоглобинді бірге анықтау (1 нысаннан көп болғанда);

шірімеген биологиялық материалда бір токсикологиялық топқа жататын басқа заттарды (этил спирті және карбоксигемоглобиннен басқасы) анықтау (7 нысанға дейін);

3) күрделі:

этил алкогольін анықтау (7-ден 10 нысанға дейін);

карбоксигемоглобинді анықтау (7-ден 10 нысанға дейін);

шірімеген биологиялық материалда екі токсикологиялық топтың (7 нысанға дейін) немесе 7-ден 10 нысанға дейін бір токсикологиялық топтың заттарын (этил спирті және карбоксигемоглобиннен басқасы) анықтау;

шірі бастаған мәйіт материалында бір токсикологиялық топтың басқа заттарын анықтау (7 нысанға дейін);

4) аса күрделі:

шірімеген биологиялық материалда (этил спирті және карбоксигемоглобиннен басқасы) екіден көп токсикологиялық топтың заттарын анықтау (7 нысаннан жоғары);

шірі бастаған биологиялық материалда бір токсикологиялық топтың заттарын (7 нысаннан жоғары) анықтау;

10-нан жоғары нысандарды сараптау (зерттеулер).

28. Сот-наркологиологиялық сараптама

28.1. Сот-наркологиологиялық зерттеу

1) күрделі:

психобелсенді заттарды қолданумен байланысты психиканың бұзылулары мен мінез-құлықтың бұзылулары бар болуын/болмауын анықтау үшін зерттеуі (наркомания, алкоголизм, токсикомания) тұлғаның психикалық жағдайын зерттеу

наркологиологиялық ауру - психобелсенді заттарды қолданумен байланысты психиканың бұзылулары мен мінез-құлықтың бұзылулары (наркомания, алкоголизм, токсикомания) болуына байланысты мәжбүрлі ем ұсыну сұрақтарын шешу үшін тұлғаның психикалық жағдайын зерттеу;

2) аса күрделі:

азаматтық істерде психобелсенді заттарды қолданумен байланысты психиканың бұзылулары мен мінез-құлықтың бұзылулары бар болуы/болмауына (наркомания, алкоголизм, токсикомания) байланысты әрекетке қабілеттілігін шектеу жағдайында тұлғаның психикалық жағдайын зерттеу.

29. Сот-психиатриялық сараптама

29.1. Сот-психиатриялық зерттеу

1) күрделі:

қылмыстық іс бойынша айыпталушылардың есінің дұрыстығын/есінің дұрыс еместігін (айыпталушыда созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша бұзылуы, ақыл есінің кемдігі немесе психикасының өзге де дерттерінің болуы/болмауы салдарынан өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптігін ұғына алу немесе оларға ие бола алу қабілетін зерттеу) анықтау;

қылмыстық процессте айыпталушының (күдіктінің), куәнің, жәбірленушінің психикалық жағдайын зерттеу;

айыпталушының (күдіктінің) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта психикасының бұзылуы салдарынан психикалық жағдайын және өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігін)

іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде ұғына алмау не оларға ие бола алмау қабілетін зерттеу;

куә, жәбірленушінің психикалық жағдайына байланысты іс үшін маңызды болған жағдайларды дұрыс қабылдай алу және олар туралы дұрыс көрсетулер бере алу қабілетін зерттеу;

айыпталушының (күдіктінің), куәнің, жәбірленушінің психикалық жағдайына байланысты сот-тергеу әрекетіне қатыса алу қабілетін зерттеу;

тұлғада жүйке ауру немесе ақыл-есінің кемдігінің болуының/болмауының салдарынан өз әрекетінің мәнін түсіне алмау немесе басқара алмау қабілетін анықтау (азаматтық процессте әрекетке қабілеттілігін/әрекетке қабілетсіздігін) анықтау;

азаматтық процессте тұлғаның мүліктік келісім-шарт жасаған кездегі психикалық жағдайын зерттеу (келісім шарт жасау қабілетін анықтау);

психиатриялық көмек көрсету барысында тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу туралы істерді зерттеу.

2) аса күрделі:

қайталама сот-психиатриялық сараптама зерттеуі;

қайталама қайтыс болғаннан кейінгі сот-психиатриялық сараптама зерттеуі;

қылмыстық процессте қайтыс болғаннан кейінгі сот-психиатриялық сараптама зерттеуі;

өзін өзі өлтірген тұлғаның психикалық жағдайын зерттеу.

өзін өзі өлтірген тұлғаның психикалық жағдайын және өлімінен алдығы психикалық жағдайын зерттеу;

өзін өзі өлтіруге дейін жеткізу сұрақтарын шешу үшін өзін өзі өлтірген тұлғаның психикалық жағдайын зерттеу;

өзін өзі өлтірген тұлғада өлімінен алдығы кезеңде өзін өзі өлтіруге бейімді психикалық жағдайын және осы жағдайға алып келетін ықтималдық (мүмкін болған) себептерін зерттеу;

қылмыс жасалғаннан кейін (зорлау қылмыстық істерінде) суицид жасаған жәбірленушілердің психикалық жағдайын зерттеу;

азаматтық процесстерінді қайтыс болғаннан кейінгі сот-психиатриялық сараптама зерттеуі;

азаматтық іс құжаттары және медициналық құжаттары негізінде сотқа керек кезеңінде тұлғаның өз әрекетінің мәнін түсіне алу немесе басқара алу қабілеттілігін (қабілетсіздігін) зерттеу (әрекетке қабілеттілігін/әрекетке қабілетсіздігін анықтау);

азаматтық іс құжаттары және медициналық құжаттары негізінде мүліктік келісім шарт жасаған кездегі тұлғаның психикалық жағдайын зерттеу (келісім шарт жасай алу қабілетін анықтау).

6. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 327 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамасы органдары сот сарапшыларының жүктемелері нормативтері

1. Осы Сот сараптамасы органдары сот сарапшыларының жүктемелері нормативтері (бұдан әрі - Нормативтер) «Сот-сараптама қызметі туралы» 2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Осы Нормативтер жүргізілетін сараптамалардың күрделілік дәрежесіне байланысты бір сот сарапшысына келетін сараптамалар саны жүктемесінің нормасын айқындайды.

3. Жүктеме нормативтерін айқындау кезінде сот-сараптамалық зерттеулердің күрделілік дәрежесі бойынша төрт санатқа бөлінетіндігі ескеріледі:

1) жай - стандартты, зерттеудің көп еңбек сiңiрудi қажет ететiн әдiстерiн қолдануды талап етпейтiн, күрделi емес объектiлер бойынша;

2) күрделiлiк дәрежесi орташа - бұл ретте объектiлердiң сапалық және мөлшерлiк сипаттамалары, сондай-ақ сот-сараптамасы зерттеулерiнiң пайланылатын әдiстемелерi белгiлi бiр уақыт шығынын талап етедi;

3) күрделi - ұзақ және көп ғылыми еңбек сiңiрудi қажет ететiн, аспаптық әдiстердi қолдануды, оқиға орнына шығумен байланысты алынған нәтижелердi терең талдауды талап ететiн, көп объектiлi, көп сұрақтары бар сот-сараптамалық зерттеулерi;

4) аса күрделi - жаңа объектiлердiң өзiне ғана тән, стандартты емес, сондай-ақ әдiстемелiк және ұйымдастырушылық жағынан күрделендiрiлген, соның iшiнде ахуалдық мiндеттердi шешу жөнiндегi зерттеулер.

4. Сот медицинасы, сот психиатриясы және сот наркологиясы саласындағы сараптама түрлерінен бөлек түрлердің бөлінісіндегі күрделілік дәрежесі бойынша жүктеме нормативтері осы Нормативтерге 1-қосымшада келтірілген.

5. Сот медицинасы саласында сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын сот сарапшылары жүктеме нормативтері осы Нормативтерге 2-қосымшада келтірілген.

6. Сот психиатриялық және сот наркологиялық саласында сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын сот сарапшылары жүктемелерінің нормативтері осы Нормативтерге 3-қосымшада келтірілген.

7. Сот сараптамасы органына материал келіп түскен кезде сот сараптамасы органының басшысы алдағы жүргізілетін сараптамалық зерттеудің күрделілігін алдын-ала бағалайды, сараптаманы жүргізудің мерзімін анықтайды және оның сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

8. Сараптаманың орындаушысын анықтау сот сарапшыларының лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес жүргізіледі;

9. Сараптамаларды бөлу кезінде құрылымдық бөлімше шегіндегі қызметкерлердің сараптамалық жүктемесінің біркелкілігі сақталады.

10. Сараптама өндірісі аяқталған соң сот сараптамасы органының басшысы сараптамалық зерттеудің күрделілік дәрежесін сот сараптамасын жүргізу үшін келіп түскен материалдарды тіркеу журналында тиісті белгілерді енгізе отырып нақтылайды және орындаудың нақты мерзімдерінің бақылау мерзімдеріне сәйкестігін тексереді.

(ескерту! Сот сараптамасы органдары сот сарапшыларының жүктемелері нормативтеріне 1-3 қосымшаларға назар аударыңыз)

7. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 325 бұйрығымен бекітілген

Сот сараптамасы органдарында сот сараптамасын жүргізу құнын айқындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сот сараптамасы органдарында сот сараптамасын жүргізу құнын айқындау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленген және сот сараптамасы органдарында сот сараптамасын жүргізу құнын айқындаудың тәртібін айқындайды.

2-тарау. Сот сараптамасын жүргізу құнының құрылысы

2. Сот сараптамасының құны зерттеу объектілерінің түрлері және саны, сондай-ақ сараптаманың шешіміне қойылған мәселелердің саны ескеріле отырып, оның күрделілік дәрежесі негізінде айқындалады.

3. Сот сараптамасы күрделілігінің дәрежесі Заңға сәйкес айқындалады және төрт санатқа бөлінеді:

жай - стандартты;

күрделілік дәрежесі орташа;

күрделі;

аса күрделі.

4. Сот сараптамаларын жүргізу кезінде мынадай шығындар: материалдық (химиялық реактивтер, шығыс материалдары, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың стандарттық үлгілері);

ілеспе (коммуналдық және өзге де шығыстар);

еңбек ақы және сот сарапшысының жалақысымен байланысты аударымдар көзделеді.

3-тарау. Сот сараптамасын жүргізу құнын айқындау тәртібі

5. Сот сараптамасын жүргізу құнын айқындау үшін соңғы бес жылдағы статистикалық деректерді талдау негізінде сараптамалар саны өсуінің немесе азаюының орташа жылдық пайызын есептеу тәсілімен сараптамалардың болжалды саны есептеледі.

6. Жылдық сот сараптамасының жалпы болжалды саны түрлері бойынша орындалған сараптамалардың әрбір түрі бойынша соңғы бес жылда орындалған сараптамалардың жалпы санына (статистикалық деректерге сәйкес) пайыздық қатынасын айқындау тәсілімен бөлінеді.

Сот сараптамаларының болжалды санын түрлері бойынша есептеген кезде сараптамалар саны өсуінің немесе азаюының қарқыны ескеріледі.

7. Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелеріне сәйкес жұмсалатын материалдық және еңбек қорларына байланысты сот сараптамаларының түрлері бес топқа бөлінеді.

бірінші топ - химиялық реактивтер мен шығыс материалдарын қолданбай жүзеге асырылатын сот сараптамалары;

екінші топ - сот сараптама зерттеулерінің жекелеген әдістемелерін айқындау бойынша жүргізу химиялық реактивтер мен шығыс материалдарын пайдалануды талап ететін сот сараптамалары;

үшінші топ - жүргізу кезінде химиялық реактивтер мен шығыс материалдары пайдаланылатын сот сараптамалары;

төртінші топ - жүргізу кезінде химиялық реактивтер, шығыс материалдары және есірткі құралдарының стандарттық үлгілері пайдаланылатын есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сараптамалары;

бесінші топ - химиялық реактивтер мен бір реттік шығыс материалдарының арнайы жиынтықтарын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын сот-сараптамалық молекулярлық-генетикалық зерттеулер.

8. Сот сараптамасының базалық бағасы (ББ) бес топтың әрқайсысы үшін болжалды қаржылық шығындар мен топтағы сараптамалардың болжалды саны ескеріле отырып, мына формула бойынша айқындалады:

$ББ = \sum$ қаржылық шығындар / топтағы сараптамалар саны, мұнда

\sum - сомасы

9. Сот сараптамаларын жүргізу құны (СҚ) бес топтың әрқайсысы үшін сараптама түріне байланысты ББ мен күрделілік коэффициенті (КК) ескеріле отырып, мына формула бойынша есептеледі:

$СҚ = ББ * КК * \text{топтағы сараптамалар саны}$

10. Сот сараптамалары, ақылы қызметтерден басқа, республикалық бюджеттен бөлінген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

11. Сот сарапшысының қорытындысына осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілген сот-сараптамалық зерттеудің құны қоса тіркеледі.

8. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 328 бұйрығымен бекітілген Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының қағидалары (бұдан әрі - Қағида) «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленген және сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағида сот-сараптамалық зерттеулердің стандартты емес, жаңадан әзірленген немесе жетілдірілген әдістері мен әдістемелеріне қолданылады және сот сараптамаларын жүргізу кезінде қолданылатын сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелерінің тиісті сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

3. Бұл Қағидалар валидация рәсімдерін ұйымдастыруға, алынған нәтижелерді статистикалық өңдеуге, валидация рәсімі аяқталғаннан кейінгі есептілік нысанын, сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемесін құрайтын мөлшерлік, сапалық, сәйкестендірушілік және диагностикалық әдістердің валидациясы нәтижелерін бағалау өлшемшарттарына қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

4. Валидация -мақсаты, алғашқы қасиеттері мен талданып отырған көрсеткіштің тұрақтылығы сақталған жағдайда, сот сараптамаларын жүргізу кезінде қолданылатын сот-сараптамалық зерттеулердің стандартты емес, жаңадан әзірленген немесе жетілдірілген әдістері мен әдістемелері көрсеткіштерінің (зертханааралық сынақтар жүргізу кезінде) дұрыстығын, дәлдігін, қайта жаңғыртылуын, орнықтылығын белгілеу болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілетін сот-сараптамалық зерттеудің әдістері мен әдістемелерін пайдаланудың жарамдылығын бағалау.

2 тарау. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының тәртібі

1 Параграф. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының рәсімдерін жүргізу

5. Қазақстан Республикасының сот-сараптамалық зерттеулері әдістемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілмеген сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері, сондай-ақ сот-сараптамалық зерттеулердің жаңадан әзірленіп жатқан әдістемелеріндегі әдістер валидациядан өтеді.

6. Валидацияны өткізу рәсімі, әрбір кезеңі валидацияға ұшырап отырған әдістер мен әдістемелерді қолдану осы әдісті қолдану кезінде алынуы жоспарланып отырған нәтижелерге сәйкес келетініне дәлелдеме болуы тиіс аналитикалық сынақтардың нәтижелері бойынша сот-сараптамалық зерттеудің әдісі мен әдістемесінің түрімен және ерекшелігімен айқындалады.

7. Сот-сараптамалық зерттеудің әдісі мен әдістемесінде көзделген мөлшерлік және сапалық сипаттамаларын алуға байланысты болатын валидация рәсімін жүргізу кезінде бақылау және стандартты үлгілерді пайдалану қажет.

Сарапшы бақылау және стандартты үлгілерді объектіні зерттеу кезінде бұрынырақ қолданылған сот-сараптамалық зерттеудің өзге әдістері мен әдістемелерін қолдану процесінде алуы мүмкін.

Бақылау және стандартты үлгілер ретінде халықаралық, ұлттық және басқа да стандарттарға сәйкес келетін объектілер пайдаланылады.

8. Валидация рәсімі валидацияға әсер ететін факторлар (валидация процесінде қолданылған құрал-жабдықтардың, материалдардың техникалық сипаттамаларын, валидацияны жүргізу шарттарын) ескеріле отырып нәтижелерді ары қарай бағалаумен сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелерінің қолдану нәтижелерін ішкі және зертханааралық салыстыру түрінде жүргізіледі.

9. Валидацияны жүргізу кезінде, валидация шарттары ескеріле отырып әр кезеңінде кемінде үш сынақ жүргізіледі.

10. Валидация рәсіміне сот сараптамасы органының қызметкерлері, лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдар, «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 62-бабына сәйкес шетел мемлекетінің сот сарапшылары (бұдан әрі - валидация рәсіміне қатысушылар) қатысады.

11. Жаңа әдістердің валидациясы кезінде әдістің сипаттамалары (қасиеттері) мен оның дәлдігінің көрсеткіштерін айқындайды.

Әдістің сипаттамаларына келесілер жатады:

1) ерекшелік - әдістің тек талданып отырған затты, күйді, нақты деректерді ғана анықтау қабілеттілігі;

2) сызықтық - әдістің жүргізілетін сынақтың берілген ауқымы шегінде мөлшерлік әдістердің валидациясы кезінде қолданылатын стандарттық үлгілердегі мөлшерлік көрсеткіштерге пропорционал болатын нәтижелерді беруге қабілеттілігі;

3) анықталатын шамалардың ауқымы - мөлшерлік әдістің валидациясы кезінде алынған көрсеткіштердің жоғарғы және төменгі мәндерінің арақашықтығы, алынған мөлшерлік мәннің 10% мәнінен аспауы қажет;

4) табу шегі немесе мөлшерлік айқындау шегі - валидацияланатын әдісті қолдану арқылы жүргізілетін сынақтар нәтижелерінің ең аз мөлшерлік көрсеткіші;

5) сезімталдық - әдістің, әдістің валидациясы рәсімін жүргізу жағдайының кез келген өзгерісіне орай әрекет ету қабілеттілігі.

Сипаттамаларды таңдау валидацияланатын әдісті қолдану саласына байланысты болады.

Дәлдіктің көрсеткіштері:

прецизиялық (қайталанушылық және қайта өндірушілік);
дұрыстық болып табылады.

Дәлдіктің көрсеткіштері сот сараптамаларын жүргізу процесінде айқын айқындалады.

Сот-сараптамалық зерттеудің жетілдірілген әдістерінің валидациясы кезінде дәлдіктің көрсеткіштерін айқындайды.

Дұрыстықты: сот-сараптамалық зерттеудің әдістерін қолдану саласын кеңейтуге; сот-сараптамалық зерттеудің қолданыстағы әдістерін ауыстыруға; сот-сараптамалық зерттеудің қолданыстағы әдістерімен қатар қолдануға арналған әдістер үшін белгілейді.

12. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелерінің валидациясына байланысты сынақтарды дайындаудың, жүргізудің ерекшеліктері, валидация хаттамаларын ресімдеу, оларды есепке алу және сақтау Ғылыми-әдістемелік кеңесте (бұдан әрі - ҒӘК) қаралады және ҒӘК шешімі негізінде «Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Сот сараптамаларының орталығы» (бұдан әрі - Орталық) РМҚК директоры бекітеді.

13. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелерінің валидациясын жүргізу үшін осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес валидациялау жоспары жасалады.

14. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының рәсімі ҒӘК отырысында бекітілгеннен кейін Жоспарда белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

15. Егер, валидация кезінде құрал-жабдықтың модификациясы, іс-қимыл тәртібінің немесе зерттеу параметрлерінің өзгеруі күтіліп отырған нәтижелерге әсер ететін болса, онда осы әдісті сот сараптамасында қолдану нәтижелерінің анықтығын растау/теріске шығару кезінде валидациялық қателіктердің пайда болуын болғызбауға мүмкіндік беретін қайталама валидация жүргізу қажет.

16. Әдістің қайталама валидациясы жоспарлы тәртіппен, ҒӘК келісімі бойынша, валидация рәсіміне қатысушы адамдар белгілейтін мерзімде жүргізіледі.

2 Параграф. Валидация нәтижелерін өңдеу және ресімдеу

17. Жоспарды орындағаннан кейін жүргізілген валидацияның нәтижелері осы Қағидалардың 2-қосымшасына

сәйкес нысан бойынша екі данада жасалатын сот-сараптамалық зерттеудің әдісі мен әдістемесінің валидациясы бойынша есепте (бұдан әрі - есеп) көрсетіледі.

18. Валидацияның нәтижелері бойынша құрастырылған есепке бастапқы деректер туралы, дәлдік көрсеткіштерінің есептері, барлық жүргізілген зерттеулер бойынша валидация хаттамалары, валидация нәтижелері бойынша жиынтық деректер, сондай-ақ деректердің талдамасы мен валидация нәтижелері туралы қорытынды мәліметтер тіркеледі.

19. Есепке валидация рәсіміне қатысушылардың барлығы қол қояды. Есептің бір данасы валидация жүргізілген Орталықтың аумақтық бөлімшесінде қалады, екінші данасы валидацияның жүргізілуі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Орталыққа жолданады.

20. Валидация нәтижесі бойынша оң немесе теріс шешім шығарылады.

21. Сот-сараптамасының нақты бір түрін жүргізуде валидация рәсімінен өткен сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері немесе әдістемелері тек валидация нәтижелері бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін ғана қолданылады.

22. Егер, қайталанушылық көрсеткіштері сот-сараптамалық зерттеудің мөлшерлік әдістері үшін жалпы сандық көрсеткіштерінен ауытқуы 10% аспайтын, сондай-ақ басқа әдістер үшін дәлдік көрсеткіштерін алудың кезеңділігі сақталатын болса, нәтижелер оң деп танылады.

23. Валидация нәтижелері, егер:

1) валидацияланатын әдістің сипаттамаларында ерекшелік пен сызықтықтың жоқтығы анықталса;

2) әдістің валидациясы кезінде табу шегінің немесе мөлшерлік көрсеткіштер шегінің сәйкессіздігі анықталса;

3) дәлдік көрсеткіштерінің валидацияланатын әдісінің сипаттамаларында мәлімделген көрсеткіштерге сәйкессіздігі анықталса теріс деп танылады.

24. Сот-сараптамалық зерттеу әдісі валидациясының теріс нәтижесінде валидация рәсіміне қатысушылар мынадай:

1) валидация рәсіміне өзгертулер енгізе отырып, қайталама валидация жүргізу (өзгертулерді нақтылау);

2) валидацияны және қайталама валидацияны жүргізу барысында алынған ескертулерді ескере отырып, сот-сараптамасы зерттеуінің әдісін пысықтау;

3) мәлімделген сипаттамаларға сәйкес келмейтіндігі ретінде, сот-сараптамасын жүргізу кезінде қолдану үшін әдісті қабыл алмау туралы тұжырымдардың бірін жасайды.

25. Сот-сараптамалық зерттеудің нақты бір әдісі валидациясының нәтижелері ҒӘЖ отырысында қаралады және оның шешімімен бекітіледі.

Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері
валидациясының қағидаларына 1-қосымша
Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері
валидациясының жоспары

1. Сот-сараптамалық зерттеу әдісі (әдістемесі) валидациясының мақсаты мен міндеті	
2. Валидация рәсіміне қатысушы адамдар	
3. Валидация рәсімін жүргізу жөніндегі жоспарда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар	
4. Валидация рәсімінде пайдаланылған нормативтік және техникалық құжаттамалар, материалдар, құрал-жабдықтар	
5. Валидация рәсімін жүргізу: валидацияны жүргізудің түрі, сатысы; валидация рәсімін жүргізу орны мен уақыты; валидация рәсіміне тартылатын өзге де қатысушылар туралы мәліметтер (бөтен ұйымдар, зертханалар, «ҚР ӘМ Сот сараптамаларының орталығы» РМҚК осы аумақтық бөлімшесінің сот сарапшылары болып табылмайтын адамдар не болмаса сот-сараптама қызметімен лицензия негізінде айналысатын адамдар және т.б. қатысқан жағдайда); валидация хаттамаларының, есептердің, жиынтық кестелердің және т.б. нысандары; қолданылатын өлшем құралдарын калибрлеу/тексеру рәсімі; сот-сараптамалық зерттеудің нақты әдісінің валидациясы жөніндегі рәсімнің тізімі мен оларды жүргізу шарттары. Жекелеген рәсімдерді алып тастау қажет болған жағдайда, бұл алып тастаулар негізді болуы тиіс; валидацияның жоспарланып отырған нәтижелері; сот-сараптамалық зерттеу әдісінің (әдістемесінің) қайталама валидациясының шарттары; жүргізілетін сынақтардың тізімі (өлшемдер, сынамаларды тандап алу және т.б.), алынған нәтижелерді бағалау өлшемдері	
6. Әдістің немесе әдістеменің валидациясы жөніндегі іс-шараларды өткізу кестесі (кесте нысанында, валидацияланатын әдістің атауын, сот-сараптамалық зерттеу әдістемесінің атауын, валидация хаттамасын келісуге/бекітуге жауапты адамдардың аты-жөнін, уақыты мен орнын және т.б. көрсете отырып)	
7. Валидация жоспарына қоса тіркелетін қосымша материалдар (сызбалар, сұлбалар және т.б.)	
8. Валидацияны өткізудің жалпы мерзімдері	

Сот-сараптамалық зерттеулердің
әдістері мен әдістемелері
валидациясының қағидаларына
2-қосымша

**Сот-сараптамалық зерттеуі әдісінің валидациясы жөніндегі
есеп**

Валидация рәсімін бастау күні: _____

Валидация рәсімін аяқтау күні: _____

Аумақтық бөлімшенің атауы (валидация рәсімі өткізілген)

Сот-сараптамалық зерттеу әдісінің атауы

Әдісі валидация рәсімінен өтіп жатқан әдістеменің атауы

Валидация рәсіміне қатысқан адамдар

Валидация рәсімінің мақсаты

Валидацияға жататын әдістің мақсаты

Валидация рәсімінде пайдаланылған материалдар, құрал-жабдықтар мен техникалық құжаттамалар _____

Жүргізілген бақылаулар, алынған нәтижелер мен оларды бағалау

Әдістің мәлімделген сипаттамаларынан ауытқулар туралы деректер _____

Бақылау сынамадарын және статистикалық талдауларды жүргізу нәтижелері

Алынған нәтижелердің әдістің мәлімделген сипаттамаларына сәйкестігі

Қайталама валидацияны жүргізу (оны жүргізу себептері мен алынған нәтижелерін көрсете отырып) _____

Әдістің валидациясы рәсімінің нәтижесі бойынша құрастырылған тұжырымдар:

алынған нәтижелер анық және әдіс (әдістеме) мәлімделген сипаттамаларға сәйкес келеді; валидация рәсіміне өзгертулер енгізе отырып, қайталама валидация жүргізу (өзгертулерді нақтылау); ары қарай валидация жүргізу үшін, сот-сараптамалық зерттеудің әдісін (әдістемесін) пысықтау қажет;

мәлімделген сипаттамаларға сәйкес келмейтіндігі ретінде, сот-сараптамасын жүргізу кезінде қолдану үшін әдісті (әдістемені) қабыл алмау.

(керектісін сызыңыз)

Валидация рәсіміне қатысушылар:

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), лауазымы, аумақтық бөлімше) _____ (қолы)

9. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 330 бұйрығымен бекітілген Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынамадан өткізу және енгізу қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынамадан өткізу және енгізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 10) тармақшасына сәйкес әзірленген, олар сот сараптамаларын және сот сараптамасы саласындағы ғылыми зерттеулерді жүргізу кезінде әзірленетін және қолданылатын сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін (бұдан әрі - Әдістемелер) әзірлеудің, сынамадан өткізудің және енгізудің тәртібін айқындайды.

2. Әдістемелерді әзірлеудің және енгізудің мақсаты қылмыстық, азаматтық істерді және әкімшілік істердің материалдарын тергеу барысында сарапшының алдына қойылған сұрақтарды шешудің бірыңғай тәсілдерін жасау, сондай-ақ сот-сараптама қызметін ғылыми дамыту болып табылады.

3. Әзірленетін Әдістемелерді сынамадан өткізудің мақсаты нақты жағдайларда жүргізілетін теориялық тұрғыдағы әдістемелерді сот сараптамасын жүргізу тәжірибесінде қолдану үшін олардың жарамдылығын растау болып табылады.

4. Әдістемелерді әзірлеудің және енгізудің міндеттері:

сот сараптамасы органдарының сот сарапшылары мен ғылыми қызметкерлерінің қызметін ретке келтіру және жүйелеу;

сот сараптамаларын жүргізудің прогрессивті түрлерін, әдістерін, тәсілдерін және құралдарын іздеу;

сот сараптамаларын жүргізудің сапасын арттыру болып табылады.

5. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі сот сараптамасы органдарының (бұдан әрі - сот сараптамасы органы) сарапшылары;

сот сараптамасы органдарының қызметкерлері;

сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын адамдар;

ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметкерлері
Әдістемелерді әзірлеушілер (авторлары, құрастырушы-лары)
болып табылады.

6. Осы Қағидаларда келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады: 1) арнаулы ғылыми білімдер - сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерінде іске асырылған, мазмұны ғылыми білімді құрайтын арнаулы білім саласы; 2) сот-сараптамалық зерттеудің әдістемесі - сот сараптамасының белгілі бір тегінің, түрінің мәніне жататын нақты деректерді анықтау үшін сот сараптамасы объектілерін зерделеу кезінде қолданылатын әдістер жүйесі; 3) әдістемелерді әзірлеу - тиісті нормативтік құқықтық актілерді, оқу-әдістемелік, анықтамалық материалдар мен ғылыми жұмыстарды шығармашылық зерделеу негізінде теориялық сипаттағы материалдарды жүйелеу, сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізудің қолда бар тәжірибесін жинақтап қорыту; 4) әдістемелерді сынамадан өткізу - бұл, нәтижесінде олардың сараптамалық тәжірибеде пайдаланылуының мүмкіндігін және қажеттілігін растайтын немесе теріске шығаратын, теориялық әзірленімдердің ережелері мен тұжырымдарын эксперименттік материалдарда тексеру; 5) әдістемелерді енгізу - әзірленген және байқаудан өткізілген әдістемелерді бекіту және сараптама қызметінде пайдалану; 6) сот-сараптамалық зерттеулер әдістемесінің төлқұжаты - сот-сараптамалық зерттеулер әдістемесі туралы ақпараттан тұратын әдістеменің бөлімі; 7) сот-сараптамалық зерттеу әдісі - сот сараптамасының нысанасына қатысты нақты деректерді анықтау үшін сот сараптамасы объектілерін зерделеу кезінде қолданылатын логикалық және (немесе) аспаптық операциялар (тәсілдер, әдістер) жүйесі.

2-тарау. Сот сараптамасы зерттеулерінің әдістемелерін әзірлеудің, сынамадан өткізудің шарттары мен тәртібі

7. Әдістемелерді әзірлеу туралы шешімді сот сараптамасы органының Ғылыми кеңесі (бұдан әрі - ҒК) қабылдайды, онда әдістемелері әзірленуі қажетті сараптама түрлерін, оны орындау нысанын анықтайды, әдістемелерді әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын қалыптастырады, жұмыс тобының жетекшісін, жауапты орындаушыларды, әзірлеудің және сынамадан өткізудің мерзімдерін, сыртқы және ішкі рецензенттерді бекітеді және әдістемені әзірлеу, сынамадан өткізу және енгізу жөніндегі іс-шараларды бекіту жөніндегі одан арғы рәсімдерді жүргізеді.

8. Әдістемелерді әзірлеу мен енгізу жоспары сот сараптамасы органының кешенді жоспарына енгізіледі.

9. Әдістемелерді әзірлеу кезінде әзірлеуші материалдарды теориялық сипаты бойынша тиісті нормативтік құқықтық актілерді, оқу-әдістемелік, анықтамалық материалдар мен ғылыми жұмыстарды зерделеу негізінде жүйелейді, сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізудің қолда бар тәжірибесін жинақтап қорытады.

10. Әдістеменің құрылымы келесі элементтерден тұрады:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша титулдық парақтан;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлқұжаттан;

мазмұнынан;

кіріспе бөлімінен;

негізгі бөлімінен;

қорытынды бөлімінен;

пайдаланылған дереккөздердің тізімінен;

қосымшалардан (қажет болған жағдайда).

11. Мазмұнында, олардың басталатын беттері көрсетіле отырып, барлық тарауларды, параграфтарды белгілеу жолымен жұмыстың мазмұндамасы келтіріледі, мазмұнындағы тақырыптары мәтіндегі тиісті тақырыптарды қайталайды, мазмұны жұмыстың бас жағына немесе соңына орналастырылады.

12. Кіріспе бөлімінде қысқаша нысанда:
сот-сараптамалық зерттеу әдістемесін әзірлеудің өзектілігі;
зерттеу тақырыбының практикалық маңыздылығы;
шешілетін ғылыми келелі мәселенің заманауи ахуалын бағалау;

зерттеудің мақсаттары мен міндеттері, объектісі мен мәні тұжырымдалады;

зерттеу әдістері, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің қажетті шарттары көрсетіледі;

оларды пайдалану, міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ғылыми негізделген нәтижелерді анықтау көрініс табады.

Кіріспе бөлімнің көлемі негізгі мәтін көлемінің 5-7% аспайды.

13. Негізгі бөлімнің тарауларында қойылған міндеттерді шешудің әдістемесі мен техникасы жан-жақты қарастырылады, алынған нәтижелер жүйелеп баяндалады. Негізгі бөлімнің мазмұны, зерттеу тақырыбын қисынды және дәйекті түрде аша отырып, оған дәлме-дәл сәйкес келеді.

14. Бөліктердің, бөлімдердің, тараулар мен параграфтардың тақырыптары нөмірленеді. Өз кезегінде, олар бір-бірімен белгілі бір оймен байланысқан бірнеше сөйлемдерден тұратын азат жолдарға бөлінеді. Бөліктердің, бөлімдердің, тараулар мен параграфтардың тақырыптары қысқа, зерттеу объектісін немесе мәнін бейнелейтін түйін сөздері болады және мазмұнын барынша дәлме-дәл бейнелейді.

15. Қорытынды бөлімі, алынған нәтижелердің кіріспе бөлімінде көрсетілген мақсаттар және міндеттермен байланысқан, олардың тізбектелген, логикалық үйлесімді баяндалуы болып табылады, әрі жүргізілген жұмыстардың логикасымен ескерілген және негізгі бөлімде баяндалған ғылыми ақпараттың синтезі нысанында болады. Қорытынды бөлімнің көлемі негізгі мәтін көлемінің 5-7% аспауы тиіс.

Зертеудің соңғы нәтижелерінен, оның ғылыми жаңалығы, теориялық маңыздылығы және практикалық құндылығы шығады.

16. Пайданылған фактілерге сілтеме жасаған кезде немесе басқа авторлардың жұмыстарынан дәйексөз келтіргенде, келтірілген материалдардың дереккөздері көрсетіледі. Мәтіндер, графикалар, кестелер, карталар, фотосуреттер және т.б. түріндегі көмекші материалдар қосымшаға шығарылады.

17. Негізгі мәтіннің қосымшалармен байланысы «қосымшаны қараңыз...» деген сөзді пайдалана отырып, сілтеме жасау арқылы жүзеге асырылады, ол қысқартылып жазылады және жақшаға алынады. Әдістеменің көлемін есептеген кезде оның қосымшалары есепке алынбайды.

18. Әдістеменің мазмұны Әдістемені әзірлеу кезінде жүргізілген зерттеудің ғылымилығын, жаңалығын және практикалық құндылығын негіздеу болып табылады.

Әдістеменің ғылымилығы зерттеудің эмпириялық және теориялық әдістерін, тұжырымдалатын логикалық ойша пайымдаулар мен қорытындыларды қолданудың ғылыми негізділігімен анықталады.

Жаңалығы, Әдістемеде ұсынылып отырған сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен тәсілдері теориялық тұрғыдан негізделгендігімен және алғаш рет ұсынылып отырғандығымен анықталады.

Әдістеменің практикалық құндылығы оны сынақтан өткізу барысында анықталады.

Әдістемені жазу кезінде бір мағыналы сөздер мен терминдер пайдаланылады, сондай-ақ сөздердің көп мағыналы түсінігіне жол берілмейді.

19. Әзірлеуші (кұрастырушы) әзірленген Әдістеменің жобасын төлқұжатымен бірге Ғылыми-әдістемелік кеңестің (бұдан әрі - ҒӘК) отырысында қарау үшін сот сараптамасы органына жолдайды.

20. ҒӘК қараудың нәтижесі бойынша Әдістеменің ұсынылған жобасын сынамадан өткізу туралы шешім қабылдайды, сынамадан өткізу рәсіміне қатысушыларды және оны өткізудің мерзімін анықтайды.

21. Зерттеудің аспаптық әдістерін қолдануды көздейтін Әдістемені әзірлеген жағдайда, сынамадан өткізу сот-

сараптамалық зерттеу әдістерінің валидациясы арқылы жүргізіледі.

22. Сынамадан өткізу рәсіміне сот сараптамасы органының сот сарапшылары, сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын адамдар, сондай-ақ Заңның 60-бабына сәйкес шетелдердің сот сарапшылары қатысады.

23. Сынамадан өткізу нәтижесі бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды ресімделеді.

24. Қорытындыда Әдістеменің өзектілігі, ол сынамадан өткізілген эксперименттік материал, оларды растау немесе теріске шығару, сарапшылық тәжірибеде пайдаланудың мүмкіндігі мен қажеттілігі көрсетіледі.

25. Сынамадан өткізу нәтижесі бойынша ресімделген қорытынды ҒӘК отырысында қарау үшін жолданады.

26. Сынамадан өткізу рәсімінің нәтижесі бойынша оң немесе теріс шешім шығарылады.

27. Егер, Әдістеменің жарамдылығын эксперименталдық материалда тексеру нәтижелері Әдістемеде тұжырымдалған теориялық ережелер мен қорытындыларды сарапшылық тәжірибеде пайдаланудың мүмкіндігі мен қажеттілігін растайтын болса, сынамадан өткізудің нәтижесі оң деп танылады.

28. Егер, Әдістемеде тұжырымдалған теориялық ережелер мен қорытындылардың, оларды сот сараптамасын жүргізу кезінде практикалық қолданудың нәтижелеріне сәйкессіздігі анықталса, сынамадан өткізудің нәтижесі теріс деп танылады.

29. Сынамадан өткізудің нәтижесі теріс болған жағдайда қорытынды пысықтау үшін әзірлеушілерге (құрастырушыларға) қайта жолданады.

30. Пысықтау аяқалған соң Әдістеме қайта сынамадан өткізу үшін сынамадан өткізу рәсімі жүргізілген сот сараптамасы органына жолданады.

31. Сынамадан өткізу рәсімі аяқталған соң ҒӘК шешімі негізінде сот сараптамасы органы Әдістемені ішкі және сыртқы рецензиялауға жолдайды.

32. Әдістемені ішкі рецензиялауға тиісті мамандық бойынша бас сот сарапшысы қатысады.

33. Әдістемені сыртқы рецензиялауға тиісті мамандық бойынша сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын адам, тиісті мамандық бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, медициналық мамандықтар бойынша жоғары немесе бірінші біліктілік санаттары бар ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметкері, Қазақстан Республикасымен шетелдердің жоғарғы оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамы қатысады.

34. Рецензияда, рецензияланатын әдістеменің алынған тұжырымдарының өзектілігі, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы көрініс табады және баспа түрінде ресімделеді, оған рецензент жұмыс істейтін ұйымның мөрімен куәландырылған рецензенттің қолы қойылады.

35. Сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын Әдістеменің әзірлеушісі (құрастырушысы) сот сараптамасы органына өзі әзірленген Әдістемені сынамадан өткізуге жолдау туралы жазбаша арызбен жүгінеді.

36. Сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын адамдар әзірлеген Әдістемені сынамадан өткізу мен рецензиялау рәсіміне қойылатын талаптар сот-сараптамасы органының сот сарапшылары әзірлеген Әдістемені сынамадан өткізу мен рецензиялаудың рәсіміне қойылатын талаптармен бірдей.

3-тарау. Әдістемені енгізудің шарттары мен тәртібі

37. Сынамадан өткізу рәсмін жүргізгеннен кейін әзірленген сот сараптамасы органы Әдістеме нәтижелерінің тиімділігін және маңыздылығын бағалау үшін ұсынылған Әдістемені сот сараптамасы органының ҒӘК қарауына береді.

38. Сот сараптамасы органының ҒӘК ұсынылған Әдістемені қарау нәтижесі бойынша келесі шешімдердің бірін қабылдайды: ұсынылған Әдістемені пысықтауға қайтарады немесе ҒК бекітуіне ұсынады.

39. ҒК ұсынылған Әдістемені қарап, келесі шешімдердің бірін қабылдайды: Әдістемені бекітеді немесе пысықтауға қайтарады.

40. Сот сараптамасы органының ҒК бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін, Әдістеме сот сараптамаларының белгілі бір түрін (түрлерін) жүргізу практикасына енгізу үшін ұсынылады.

Әдістеме туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізіліміне әдістеменің төлқұжаты түрінде, олардың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығына келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізіледі.

10. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 331 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) қалыптастыру, жүргізу және пайдаланудың мақсатын, тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік тізілім осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сот-сараптамалық зерттеулер әдістемесінің төлқұжаты түрінде жасалған сот-сараптамалық зерттеулерінің әдістемелері (бұдан әрі - әдістемелер) туралы мәліметтерді құрайды.

3. Мемлекеттік тізілім қылмыстық процесті жүргізуші органдарды, соттарды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органдарды (лауазымды адамдарды), процеске өзге қатысушыларды, сондай-ақ сот сарапшыларын әдістемелер туралы мәліметтермен қамтамасыз ету мақсатында қалыптастырылады.

2 тарау. Қазақстан Республикасы сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі

4. Мемлекеттік тізілімді қалыптастыруды және жүргізуді «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Орталық) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген, сынамадан өткізілген және енгізілген әдістемелер туралы мәліметтерді ұсына отырып жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиісті әдістемелер туралы мәліметтерді әзірлеушілер (авторлар, құрастырушылар) Орталыққа Орталықтың аумақтық бөлімшелерінің мөрімен немесе әдістемені әзірлеуші өз қызметін жүзеге асыратын ұйымның мөрімен куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдерінде, баспа және электронды түрде, әдістеме Орталықтың Ғылыми-әдістемелік кеңесінің (бұдан әрі - ҒӘК) отырысында бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде жолдайды.

6. Мемлекеттік тізілімге енгізілуі тиіс мәліметтер әдістеменің төлқұжаты түрінде, олардың Орталыққа түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізіледі.

7. Қазақстан Республикасы сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімі осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде электронды түрде жүргізіледі.

8. Мемлекеттік тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, ақпарат, ҒӘК отырысында қарастырылғаннан кейін Орталыққа әдістеме әзірленген ұйымның мөрімен не болмаса сот-сараптама қызметімен лицензия негізінде айналысатын адамның жеке мөрімен куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдерінде, баспа және электронды түрде, ҒӘК отырысында өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жолданады.

Мемлекеттік тізілімге өзгерістер мен толықтыруларды Орталықосы тармақта көрсетілген ақпарат келіп түскен сәттен бастан бес жұмыс күні ішінде енгізеді.

9. Мемлекеттік тізілімнің электронды нұсқасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурстарында орналастырылады.

3 тарау. Қазақстан Республикасы сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін пайдалану тәртібі

10. Сот сарапшылары Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістемелер туралы мәліметтерді сот сараптамасын жүргізу кезінде пайдалана алады.

11. Қылмыстық процесті жүргізуші орган, сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан орган (лауазымды адам), процеске өзге қатысушылар Орталықтың мекенжайына әдістемелер туралы мәліметтерді ұсыну туралы сұрауды жазбаша түрде ресімдейді.

12. Орталық жазбаша түрде сұрау келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Мемлекеттік тізілімнен басшының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және Орталықтың мөрімен куәландырылған үшіндіні ғана ұсынады.

13. Аталған үзінді қылмыстық процесті жүргізуші органның, соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органның (лауазымды адамның), процеске өзге қатысушының, сондай-ақ сұрауды ресімдеген сот сарапшысының мекенжайына жолданады.

11. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 наурыздағы № 310 бұйрығымен бекітілген

Сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптар

1. Осы сот сараптамасын жүргізуге арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптар (бұдан әрі - Стандарттар мен талаптар) «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және сот, сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамасын жүргізуді жүзеге асырылатын арнайы жабдықталған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарды белгілейді.

2. Арнайы жарақтандырылған үй-жайларға (одан әрі - Үй-жайлар):

сот, сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамаларын және сот-сараптама саласындағы ғылыми зерттеулерді жүргізуге арналған зертханалар, химиялық, гистологиялық, биологиялық, арнайы және криминалистикалық зерттеулер жүргізуге арналған зертханалар;

мәйіттерге зерттеу жүргізуге арналған үй-жайлар (мәйітхана);

тірі адамдарды куәлендіруден өткізуге арналған үй-жайлар (қарау бөлмесі);

зерттеу объектілерін сақтауға арналған үй-жайлар;

химиялық реактивтерді сақтауға арналған үй-жайлар;

есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды сақтауға арналған үй-жайлар;

оқ-дәрілерді атуға және атыс қаруларын зерттеуге арналған тирлер;

жарылыс камерасын орналастыруға және жарылғыш құрылғыларды зерттеуге арналған арнайы үй-жайлар;

фотозертхана;

көлік құралдарын қарап тексеруге және зерттеуге арналған бокстар;

слесарлық шеберхана;

бақылау өндірістерін сақтауға арналған үй-жайлар (архив);

зерттеу объектілерін қарап тексеруге арналған үй-жайлар;

күзет бекетіне арналған үй-жайлар;

кітапхана жатады.

3. Үй-жайлар келесі стандарттарға және талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) осы Стандарттар мен талаптарға 1, 2-қосымшаларға сәйкес сот және сот-медициналық, сот - наркологиялық және сот - психиатриялық сараптамасын жүргізуді жүзеге асырылатын арнайы жарақтандырылған үй-жайларға жабдықты, сондай-ақ, қызметкерлерді орналастыруға арналған алаңдардың есептік нормативтеріне;

2) осы Стандарттар мен талаптарға 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес сот, сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамасын жүргізу үшін қажет арнайы жарақтандырылған үй-жайларға, сондай-ақ, жұмыс кабинеттері, қосалқы және жалпы үй-жайларға арналған жабдықтардың, аспаптардың, құрал-саймандар мен бағдарламалық жасақтамалардың тізбесіне;

3) жасанды және табиғи жарықпен жарақтандырылды, төбешамынан бөлек әр жұмыс орнында қосымша жарық көзі орнатылады;

4) кернеулігі әртүрлі электр энергиясымен, су құбырымен, кәрізбен, сорғыш шкафтардан ауа соруға арналған механикалық әрекет ететін және жекеше (автономды) ауа сорғыш желдеткіш құрылғысы бар сыртқа тарту-сору желдеткішпен қамтамасыз етілуі;

5) тікелей күн көзі түсуінен қорғайтын қорғанышпен қамтамасыз етілуі;

6) зиянды және жанғыш булар мен газдар бөлетін заттармен жұмыс жасауға арналған ауа сорғыш шкафтармен қамтамасыз етілуі;

7) арнайы климат-бақылау жүйелерімен жарақтандырылуы;

8) үй - жайлардың бір-бірінен оқшау орналасуы;

9) белгіленген құрылыс нормалары мен қағидалары, техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі талаптары сақталуы тиіс.

Сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарға 1-қосымша

Сот-сараптамалары өндірісі жүзеге асырылатын арнайы жарақтандырылған үй-жайларға құрал-жабдықтарды, сондай-ақ, қызметкерлерді орналастыруға арналған аландардың есептік нормативтері

Сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарға 2-қосымша

Сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық сараптама-лары өндірісі жүзеге асырылатын арнайы жарақтандырылған үй-жайларға құрал-жабдықтарды орналастыруға арналған аландардың есептік нормативтері

Сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарға 3-қосымша

Арнайы жарақтандырылған үй-жайларға, сондай-ақ, жұмыс кабинеттеріне, қосалқы және жалпы бөлмелерге арналған құрал-жабдықтардың, аспаптардың, мүкәммалдар мен бағдарламалық камтамасыз етулердің тізбесі

Сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарға 4-қосымша

Сот сараптамаларын жүргізу үшін қажетті құрал-жабдықтардың, аспаптар базасының, құрал-саймандар мен бағдарламалық жасақтамалардың тізбесі

Сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарға 5-қосымша

Сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық Сараптамаларын жүргізу үшін қажетті құрал-жабдық тардың, аспаптар базасының, құрал-саймандар мен бағдарламалық жасақтамалардың тізбесі

12. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 342 бұйрығымен бекітілген Сот сарапшыларының біліктілік даярлығы Қағидасы

1. Осы сот сарапшыларының біліктілік даярлығы туралы Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Орталық) - сот сараптамалар органына алғаш жұмысқа қабылданатын қызметкердің (бұдан әрі - Қызметкер) біліктілік даярлығын ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

2. Қағида сот сарапшысы біліктілігін алу үшін біліктілік емтиханын тапсыруға рұқсат алу мақсатында сот-сараптама мамандығын игеру бойынша жоғарғы білімі бар қызметкерді тиімді даярлауды ұйымдастыруға бағытталған.

3. Біліктілік даярлығын ұйымдастыру аумақтық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі, олар сараптама мамандығы бойынша тиісті жұмыс тәжірбиесі бар даярлау басшысын анықтайды, оның қорытындысы бойынша есепті бекітеді, біліктілік даярлығы барысы бойынша бақылауды жүзеге асырады.

4. Қызметкердің біліктілік даярлықтан өтуін қамтамасыз ету, сараптама мамандығын жетік игеру үшін оған қажетті жағдайларды жасау Орталықтың тиісті аумақтық бөлімшелерімен жүзеге асырылады.

5. Қызметкерді біліктілік даярлау мерзімі сараптамалық мамандығына байланысты, негізгі даярлық деңгейіне, сондай-ақ, тиісті білім саласында қызметкердің жұмыс өтілі Орталық директорының келісімі бойынша алты айдан бір жыл шегінде аумақтық бөлімшелер басшысымен белгіленеді.

6. Біліктілік даярлық мазмұны тиісті сараптама мамандығы бойынша біліктілік даярлық бағдарламасымен анықталады (бұдан әрі - даярлық бағдарламасы), оны Орталық директоры орынбасарының келісімі бойынша қызметкермен бірге біліктілік даярлық басшысымен құрастырылады және Орталық директорымен бекітіледі.

7. Қызметкерді нақты сот-сараптама мамандығы бойынша даярлау бағдарламасы келесі мазмұнда болуы қажет:

1) жалпы бөлімі: құқықтық білім негіздері (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік процесстер негіздері), криминалистикалық және сот экспертологияның ғылыми негіздері;

2) арнайы бөлімі: сот сараптамасының анықталған түрінің теориялық және әдістемелік негіздері, сот сараптамасының анықталған түрін тағайындау және өндірісі негіздері.

Даярлау бағдарламасында бағдарламаның әрбір тармағын орындаудың нақты мерзімдері көрсетіледі.

8. Қызметкердің біліктілік даярлығы жеке сипатта және олар төмендегіні қарастырады:

жеке теоретикалық және тәжірбиелік дайындықты;

қажетті кәсіби дағдыларды алу және оларды біліктілік даярлау басшысының басшылығымен сот-сараптамасы өндірісіне қатысу, сараптаманың өндірісін ұйымдастыруды зерделеу арқылы жетілдіру;

сот-сараптамасы қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді дербес зерделеу;

сарапшы қорытындысын құрастыру бойынша тәжірбиелік дағдыларды алу;

сот-сараптама зерттеулерінің тәсілдері мен әдістемелерін зерделеу;

біліктілік даярлау басшысымен зерделенген материалдарды бекіту және тәжірбиелік дағдыларды жетілдіру үшін сараптама тәжірбиесіндегі проблемалық мәселелерді бірлесіп талқылау.

9. Біліктілік даярлау басшысы:

қызметкерге теориялық мәселелерді игеру және тәжірбиелік дағдыларды алуға көмек көрсетеді;

сараптама зерттеулер тәсілдері мен әдістемелерін зерделеу кезінде қиындық келтіретін мәселелерді түсіндіреді;

теоретикалық мәселелер бойынша ауызша сұранысты жүзеге асырады, тәжірбиелік тапсырмалардың орындалуын бақылайды;

біліктілік даярлық барысы туралы аумақтық бөлімшелерінің басшысын хабардар етеді.

10. Қызметкер біліктілік даярлау мерзімінің өтуі бойынша орындалған жұмыс мазмұны мен көлемін көрсетіп, онымен даярлау бағдарламасы бейнеленген біліктілік даярлықты өту туралы жазбаша есебін құрастырады, біліктілік даярлау басшысымен жазбаша сұраныс түрінде сот-сараптамасы мамандығын игеру ұзақтығы, көлемі мен тиімділігі көрсетіліп, қажетті ұсыныстар беріледі.

11. Біліктілік даярлау нәтижелерін қорытындылау біліктілік даярлықты өту деңгейі мен сапасын анықтау үшін қызметкермен аумақтық бөлімшесінің басшысымен сұхбаттасу арқылы жүргізіледі.

12. Аумақтық бөлімшелер басшысының ұсынымы бойынша сұхбаттасу қорытындысы бойынша біліктілік даярлықты өткен қызметкер сот сарапшысы біліктілігін алу үшін біліктілік емтиханды тапсыруға жіберіледі.

13. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 335 бұйрығымен бекітілген Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабына сәйкес әзірленді және сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау тәртібін айқындайды. Сот сарапшысы біліктілігін беру адамның біліктілік емтиханын тапсырып, оған сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігін беру жолымен жүзеге асырылады.

2. Емтихан тапсыру кестесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органының басшысы немесе оны алмастыратын адам бекітеді.

3. Емтиханды тапсыру кестесінің көшірмесі сот сарапшысы біліктілігін алуға үміткер адамды таныстыру үшін аумақтық бөлімшелерге жіберіледі.

4. Біліктілік емтиханын тапсырғанға дейін адам он бір жұмыс күнінен бұрын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) сот сараптамасы органына Сот сараптамалары органының кеңсесі немесе «электрондық үкіметтің» веб - порталы арқылы келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

сот сарапшылары үшін - сот сарапшыларының кәсіби даярлығының нәтижелері бойынша пікір және есеп;

2) сот - медициналық, сот - наркологиялық, сот - психиатриялық сарапшылары үшін - интернатура немесе резидентураны бітіргендігін, не болмаса мәлімделген мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткенін немесе соңғы бес жыл ішінде біліктілігін жоғарылатқанын растайтын құжат;

3) осы Қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәліметтер.

5. Сот сарапшысы біліктілігін алуға үміткер адам емтихан тапсыратын күн туралы емтихан қабылдаудан күнтізбелік отыз күн бұрын хабардар етіледі.

2-тарау. Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтиханды қабылдау тәртібі

6. Емтихандар адамның таңдауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде 2 кезеңде жүргізіледі:

1) тестілеу: сот сарапшылары үшін (алғашқы мамандықты игеру бойынша) 100 сұрақ және сот - медициналық, сот - наркологиялық, сот - психиатриялық мамандықтары бойынша сот сарапшылары үшін 50 сұрақ;

сот сарапшылары үшін - қылмыстық - іс жүргізу құқығы (20 сұрақ), азаматтық - іс жүргізу құқығы (20 сұрақ), криминалистика (20 сұрақ), әкімшілік құқық (20 сұрақ), Заң бойынша (20 сұрақ);

сот - медициналық, сот - наркологиялық, сот - психиатриялық мамандықтарының сот сарапшылары үшін - игеретін мамандықтары бойынша (50 сұрақ).

2) білімін тексеру:

сот сарапшылары үшін - құрамына үш сұрақ кіретін, сот сараптамасының белгілі бір түрі бойынша емтихан билеттері бойынша;

сот - медициналық, сот - наркологиялық, сот - психиатриялық мамандықтары бойынша сот сарапшылары үшін - құрамына үш теориялық және бір ахуалдық сұрақ кіретін, сот сараптамасының белгілі бір түрі бойынша емтихан билеттері бойынша.

7. Сот сарапшылары үшін тестілеу уақыты 90 минутты құрайды.

Сот - медициналық, сот - наркологиялық, сот - психиатриялық мамандықтары бойынша сот сарапшылары үшін тестілеу уақыты 50 минутты құрайды.

Емтихандарды тапсыру барысында адамдардың көмекші құжаттарды (анықтамалықтарды, арнайы әдебиеттерді), байланыс құралдарын, сондай-ақ электрондық тасығыштағы жазбаларды пайдалануына жол берілмейді.

8. Сот сарапшылары мен сот - медициналық, сот - наркологиялық, сот - психиатриялық мамандықтары бойынша сот сарапшылары үшін компьютерлік тестілеуден өтудің шекті мәні сұрақтардың жалпы санынан 70% және одан да көп дұрыс жауапты құрайды.

Тестілеудің нәтижелерін есептеу автоматты түрде, компьютерлік бағдарлама арқылы жүргізіледі. Нәтижелері екі данада басылып шығарылады, оның біреуі адамға беріледі, ал екіншісіне адамның қолы қойылып біліктілік ісінде сақталады.

Егер, дұрыс жауаптардың саны сұрақтардың жалпы санының 70% кем болса сот сарапшысы біліктілігін алуға үміткер адам емтиханның келесі кезеңіне жіберілмейді.

9. Емтихандық билеттер бойынша білімдерін тексеру барысында, екі не одан да көп сұраққа дұрыс жауап берген жағдайда, сот сарапшысының біліктілігін (оның ішінде қосымшасын) алуға үміткер адам емтиханнан өткен болып есептеледі.

Сот сарапшысының біліктілігін беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия), адамның сот сарапшысы біліктілігін беру емтиханын тапсыру нәтижесі бойынша шешім қабылдайды: 1) біліктілік берілді; 2) біліктілік берілген жоқ.

10. Сот сарапшысының біліктілігі Комиссияның дауыс беру нәтижелері бойынша беріледі.

11. Нәтижелері емтихандарды тапсырған күні жарияланады және осы Қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сарапшысының біліктілігін беру жөніндегі комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.

12. Комиссия біліктілік емтихан өткеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде, біліктілік емтиханынан өткен адамға осы Қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот

сарапшысының біліктілік куәлігін (бұдан әрі - біліктілік куәлігі) береді.

Қосымша сарапшылық мамандығын алу кезінде біліктілік емтиханы өткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларының 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігіне қосымша (бұдан әрі - біліктілік куәлігіне қосымша) ресімделеді.

13. Комиссия теріс шешім қабылдаған жағдайда, емтиханды қайта тапсыруға сот сарапшыларының кәсіби даярлықтан өткенінен кейін кемінде 3 айдан кейін рұқсат беріледі.

14. Емтихандарды жүргізу кезінде туындайтын даулар, сотта қаралады.

15. Біліктілік куәлігі немесе біліктілік куәлігіне қосымша жоғалған немесе зақымдалған (бүлінген) жағдайда, адамның жоғалтуға, зақымдалуға (бүлінуге) әкеп соққан жағдайларды көрсете отырып, негізделген арызының негізінде біліктілік куәлігінің немесе біліктілік куәлігіне қосымшаның телнұсқасы (бұдан әрі - телнұсқа) беріледі. Телнұсқа арыз келіп түскеннен кейін үш жұмыс күні ішінде қағаз нысанында беріледі. Телнұсқаға біліктілік комиссиясының төрағасы қол қояды.

14. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 333 бұйрығымен бекітілген Сот сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі комиссия туралы Ереже

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Сот сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі комиссия туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) 2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасы «Сот-сараптама қызметі туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 16) тармақшасына сәйкес әзірленген және сот сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі Комиссияның қызметін анықтайды.

2. Комиссияның негізгі міндеттері

1) сот сарапшысы біліктілігін беру;

2) мәжілістің ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Комиссия тұрақты әрекет ететін орган болып табылады және мүшелерінің құрамы тақ санынан (5 адамнан кем емес) тұрады.

Комиссияның құрамы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен (немесе орын басатын тұлғамен) бекітіледі.

4. Комиссияның құрамынан бір мүшенің шыққан кезінде, жаңа мүше бір айдан кем емес мерзімде құрамға кіреді.

5. Комиссия төрағасы - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасары болып табылады.

Комиссия төрағасы болмаған кезде (іссапар, уақытша еңбекке жарамсыздық кезінде, демалыста) оның қызметтерін Комиссия төрағасының орынбасары, егер ол болмаған жағдайда тізім бойынша келесі адам атқарады.

6. Төрағаның орынбасарлары ретінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сараптама қызметін ұйымдастыру жөніндегі департамент директоры (немесе оның орын басатын тұлға) және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамалары органының басшысы (немесе оның орын басатын тұлға) болып табылады.

7. Комиссияның құрамына енгізілетін кандидатуралар Департаменттің келісімімен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамалары басшысымен ұсынылады.

8. Комиссияның қызметін ұйымдастыру үшін Кадрлық қамтамасыз ету басқармасы қызметкерлерінің ішінен Комиссия хатшысы тағайындалады.

2 Тарау. Сот сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі комиссияның өкілеттері

9. Комиссия төрағасы:

- 1) мәжілісті шақырады;
- 2) Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 3) жұмысты жоспарлайды;
- 4) Комиссия мәжілісінде төрағалық етеді.

10. Комиссия мүшелері:

- 1) сот сарапшысы біліктілігін алуға ұсынылған тұлғаның құжаттарымен танысады;
- 2) біліктілік емтиханын тапсыруға жіберу немесе жібермеу туралы шешімді шығарады;
- 3) Комиссия мәжілісінде шешілетін мәселелерді қарастырады және тиісті шешімді шығарады;
- 4) Сот сарапшысы біліктілік дайындығынан өткен тұлғаның білім деңгейін анықтау мақсатында біліктілік дайындықтан өту қорытындылары жөніндегі пікірді қарастырады;
- 5) біліктілік дайындықты өту нәтижелерін бағалайды.

11. Комиссия хатшысы;

- 1) Комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады;
- 2) Комиссия мүшелерін күнтізбелік отыз күн бұрын Комиссия мәжілісін өткізу күні мен өткізіетін орны туралы хабардар етеді;

3) Заңның 12-бабы 16) тармақшасына сәйкес сот сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі комиссия мәжілісіне қажетті құжаттарды дайындауды қамтамасыз етеді, оны жүргізгеннен кейін хаттаманы ресімдейді (бұдан әрі - Хаттама);

4) Комиссия жұмысын ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұсынысты енгізеді;

5) Комиссия мүшесі болып табылмайды.

12. Қабылданатын шешіммен келіспеген жағдайда Комиссия мүшесі өзінің ойын жазбаша түрінде баяндайды, оны хаттамаға қоса тігеді.

13. Комиссия мәжілісі Хаттамамен ресімделеді.

Комиссия мәжілісінің хаттамасына сот сарапшысы біліктілігін беру нәтижелері бойынша Комиссия мүшелерімен және хатшымен қол қойылады.

15. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 334 бұйрығымен бекітілген Сот сарапшыларын аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сот сарапшыларын аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Сот-сараптама қызметі туралы» 2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 19) тармақшасына сәйкес әзірленді және сот сарапшылары аттестаттау, оның ішінде кезектен тыс аттестаттау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) қызметін айқындайды.

2. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) аттестаттаудан, оның ішінде кезектен тыс аттестаттаудан (бұдан әрі - аттестаттау) өткізу үшін сот сарапшыларын сапалы іріктеуді қамтамасыз ету;

2) сот сарапшыларын аттестаттаудан, оның ішінде кезектен тыс аттестаттаудан сапалы өткізу;

3) отырыстың ашықтығын және жариялығын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Комиссия тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады және мүшелерінің тақ санынан (кем дегенде 5 адамнан) тұрады.

Комиссияның құрамы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің (не оны алмастыратын адамның) бұйрығымен бекітіледі.

4. Комиссия құрамынан оның мүшелерінің бірі шыққан жағдайда, жаңа мүшесі құрамға ол шыққан күннен бастап бір айдан кешіктірілмей енгізіледі.

5. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасары - Комиссия төрағасы болып табылады.

Комиссия төрағасының жоқ болған уақытында (іссапар, уақытша еңбекке жарамсыздық, еңбек демалысы және т.б.) оның функциясын бекітілген Комиссия құрамындағы тізім бойынша бірінші тұрған Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі атқарады.

6. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сараптамалық қызметін ұйымдастыру департаментінің директоры (не оны алмастыратын адам) және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамалары органының басшысы (не оны ауыстыратын адам) Комиссия төрағасының орынбасарлары болып табылады.

7. Комиссия құрамына енгізу үшін кандидатураларды Департаменттің келісім бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамалары органының басшысы ұсынады.

8. Комиссияның қызметін ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамалары органының Кадрлық қамтамасыз ету басқармасы қызметкерлерінің қатарынан Комиссия хатшысы тағайындалады.

2-тарау. Комиссияның өкілеттіктері

9. Комиссия төрағасы:

- 1) отырысты шақырады;
- 2) Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 3) Комиссияның жұмысын жоспарлайды;
- 4) Комиссия отырыстарында төрағалық етеді.

10. Комиссия мүшелері:

- 1) сот сарапшыларын аттестаттауға ұсынған құжаттармен танысады;
- 2) Комиссия отырысында шешілуі тиіс мәселелерді қарайды және тиісті шешім шығарады;
- 3) отырыстарға қатысу жөніндегі өз өкілеттігін басқа адамдарға бермейді;
- 4) сот сарапшыларының білім деңгейін анықтау мақсатында ауызша әңгілесуді өткізеді;
- 5) сот сарапшыларының аттестаттаудан өту нәтижелерін бағалайды.

11. Комиссияның мүшесі, егер ол:

- 1) сот сарапшысының туысы болса;

2) сот сарапшыларын аттестаттаудың нәтижесіне жеке, тікелей немесе жанама мүдделі болса немесе оның әділдігіне негізделген күмән тудыратын өзге мән-жайлар болса, сот сарапшыларын аттестаттауға қатыспайды және шығарылады.

12. Осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген мән-жайлар болған кезде Комиссияның мүшесі өздігінен бас тартады.

Өздігінен бас тартпаған жағдайда отырысқа қатысатын Комиссияның мүшелері қарсылық білдіреді.

13. Өздігінен бас тарту және қарсылық білдіру аттестаттауға дейін, сондай-ақ, аттестаттау барысында жасалады.

14. Комиссия мүшесінің өздігінен бас тартуы (қарсылық білдіруі) туралы шешімін Комиссия отырысқа қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен жазбаша нысанда қабылдайды және Комиссия мүшесі қатысуымен жариялайды.

15. Комиссияның хатшысы:

1) Комиссия отырысының күн тәртібін жасайды;

2) Комиссияның мүшелеріне Комиссия отырысының өтетін күні мен орны туралы хабарлайды;

3) отырысты өткізу үшін қажетті материалдарды дайындауды жүзеге асырады, сот сарапшыларын аттестаттау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасын (бұдан әрі - Хаттама) және сот сарапшылары аттестаттау, оның ішінде кезектен тыс аттестаттау жөніндегі комиссия отырысының қорытындысын (бұдан әрі - Қорытынды) ресімдейді;

4) Комиссия мүшесі болып табылмайды.

16. Комиссияның отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі және Комиссия мүшелерінің жалпы санынан кем дегенде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады.

17. Комиссия шешімі ұсынылған құжаттардың негізінде қабылданады, Комиссия мүшелерінің қорытындысы қатысып отырғандардың қарапайым көпшілік дауысымен ашық дауыс беру жолымен қабылданады және оны төрағалық етуші жариялайды.

Дауыстар тең болған кезде Комиссия төрағасының (ол болмаған кезде - төраға орынбасарының) дауысы шешуші болып табылады.

18. Комиссияның отырысы хаттамамен ресімделеді.

Комиссия отырысының хаттамасына аттестаттауды өткізу нәтижесі бойынша Комиссияның мүшелері және хатшысы қол қояды.

Комиссия аттестаттау туралы теріс шешім қабылдаған жағдайда Комиссия отырысының хаттамасында бас тартудың дәлелдері көрсетіледі.

19. Комиссияның шешімі Қорытынды түрінде ресімделеді.

20. Аттестаттау ісі сақтау мерзімі 5 жылды құрайтын құжаттардың санатына жатады.

16. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 346 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сот сарапшыларының біліктілігін арттыру қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 ақпандағы Заңына сәйкес және сот сараптама органдарының сот сарапшыларының (бұдан әрі - сот сарапшылары) және лицензия негізінде сот-сарапшылық қызметті жүргізетін тұлғалардың (бұдан әрі - лицензиаттар) біліктілігін арттыруды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Сот сарапшыларының және лицензиаттардың біліктілігін арттыру сот сарапшылары және лицензиаттар ретінде өз функцияларын орындауға қажетті кәсіби білімін мен машығын дамыту мен тереңдету мақсатында жүзеге асырылады.

3. Сот сарапшыларының және лицензиаттардың біліктілігін арттыру негізгі принциптері өздігімен білім алумен оқытудың жүйелік, үздіксіздік, сабақтастық байланыстыру.

4. Сот сарапшыларының және лицензиаттарының біліктілік арттыру бойынша қызметін үйлестіру сот сараптамасы органы мен Қазақстан Республикасы Сот сараптамасы палатасының (бұдан әрі - Палата) қатысумен жүзеге асады.

5. Сот сарапшыларының және лицензиаттардың біліктілігін арттыру оқыту семинарлары, біліктілік арттыру курстары, оқыту тренингтері, «шеберлік - сыныбы», тәжірибе арқылы оқыту түрінде (тағылымдама):

- 1) сот сараптамасы органдарында;
- 2) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда;
- 3) оқыту-білім беру мекемелерінде;
- 4) Қазақстан Республикасы және шетелдегі өндірістік базаларда өтеді.

6. Сот медицинасы, сот психиатрия және наркология саласындағы, медициналық білімі бар сот сарапшыларының біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрінің м.а. 2009 жылғы 11 қарашадағы № 691 бұйрығымен (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер тіркеу тізілімінде тіркелген № 5904) бекітілген Медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау қағидаларын және қосымша медициналық және фармацевтикалық білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2 тарау. Сот сарапшыларының біліктілігін арттыру тәртібі

7. Сот сарапшыларының және лицензиаттардың тиісті кәсіби деңгейін қамтамасыз ету үшін бес жылда бір рет біліктілік арттырудан өтеді.

8. Бесжылдық кезең сот сарапшысының және лицензиаттарының біліктілік куәлігін алған жылдан бастап есептеледі. Бесжылдық кезеңге сот сарапшысының және лицензиаттардың жұмыс өтеліндегі үзіліс, сонымен қатар бала күтіміне байланысты берілетін оны үш жасқа дейін жалақысы сақталмайтын еңбек демалысы кірмейді.

9. Сот сарапшыларының және лицензиаттардың біліктілігін арттыру бойынша жоспарлы іс-шаралар туралы ақпарат сот сараптамасы органдарының, сонымен қатар Палатаның ресми сайттарында жарияланады.

10. Сот сараптамасы органдарының немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен сот сарапшыларының, Палатаның ұсынуымен лицензиаттар тізімі бекітіледі.

11. Біліктілік арттырудан өтетін сот сарапшыларының тізімі бекітілген соң, сот сараптамасы органдарының немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен аумақтық бөлімшелерге жедел түрде оқытудың болатын орны мен уақыты хабарланады. Лицензиаттарға біліктілік арттырудың өткізу орны мен уақытын Палата хабарлайды.

12. Біліктілік арттыру 120 сағаттық сот оқытудан тұрады:

1) сот сарапшыларын және лицензиаттарды оқытудың міндетті 60 сағаты осы Қағиданың 5-тармағында белгіленген тәртіпте жүргізіледі;

2) қосымша 60 сағаты осы Қағиданың 15-тармағында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

13. Біліктілік арттырудың міндетті сағаттары сараптама мамандығы бойынша теориялық және тәжірибелік сұрақтарды үйренуді қамтиды.

14. Біліктілік арттырудың қосымша сағаттары кәсіби, интеллектуалды, арнайы және функционалды білімін, машығын және дағдыларын дамыту мақсатында өткізіледі.

15. Қосымша сағаттарда, біліктілікті арттырудың басқа түрлі нысандары осы Қағиданың 5-тармағында бекітілген ғылыми жұмыстарды жариялау, кітаптар, баяндамалар, мақалалар, конференциялар, семинарлар, форумдар, брифингке қатысу кіреді.

16. Аумақтық бөлімшелердің сот сарапшаларының сот сараптамасы органдарының немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен бекітілген жоспарға сәйкес өткізіледі. Лицензиаттардың біліктілігін арттыру Палата төрағасының атына еркін формадағы лицензиаттармен ұсынылған өтінішке сәйкес жүзеге асырылады.

17. Оқытудан өткен сот сарапшылары, лицензиаттар сот сараптамасы органдарына, Палатаға келесі құжаттарды ұсынады: 1) біліктіліктен өткендігі жөніндегі құжаттың көшірмесі; 2) біліктілік арттырудан өткендігі туралы есеп.

17. Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2017 жылғы 30 науыздағы № 326 бұйрығымен бекітілген Сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссияның ережесі (бұдан әрі - Комиссия) «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 24-тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Осы ереже сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссиясының қызметін реттейді.

3. Комиссия және оның құрамы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (әрі қарай - Министрлік) жанында құрылады.

4. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасының лицензиялау және сот сараптама қызметі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

5. Комиссияның құрамы мүшелердің тақ санынан (кемінде бес адам) тұрады. Комиссия төрағасы Сараптама қызметін ұйымдастыру департаментінің директоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Комиссия құрамына Сот сараптама қызметін ұйымдастыру департаментінің, сондай-ақ Министрліктің сот сараптама органдарының арнаулы ғылыми білімі, осы салада ғылыми дәрежесі немесе кемінде 5 жыл ғылыми және сараптамалық жұмыс өтілі бар өкілдері енгізіледі.

6. Комиссияның негізгі міндеттері өтініш иесінің лицензиятқа қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау, сондай-ақ Әділет министрлігінің бұйрығында көзделген өзге де міндеттерді орындау болып табылады.

7. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) ұсынылған материалдардың негізінде жеке адамға сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны беру, әрекетін тоқтата тұру, сондай-ақ қайта жалғастыру және тоқтату туралы шешім қабылдайды;

2) заңның 14-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда, сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айыру Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің талап-арызы бойынша сот тәртібінде жүзеге асырылады.

2-тарау. Лицензиялау бойынша комиссияның өкілеттілігі

8. Комиссияның төрағасы:

- 1) отырысты шақырады;
- 2) Комиссияның қызметіне жалпы басшылық жасайды;
- 3) Комиссияның отырыстарында төрағалық етеді.

Комиссия төрағасы болмаған жағдайда (іссапар, еңбекке уақытша жарамсыз, демалыс) оның міндетін Комиссия құрамының бекітілген тізімі бойынша бірінші тұрған Комиссия төрағасының орынбасарларының бірі, ол болмаған жағдайда тізім бойынша келесісі атқарады.

9. Комиссия мүшелері:

- 1) лицензияны алуға ұсынылған материалдармен танысады;
- 2) лицензияны беруге, тоқтатуға, жалғастыруға немесе тоқтатуға шешім шығарады;
- 3) Комиссия отырысында шешілуге тиіс сұрақтарды қарайды және тиісті шешім қабылдайды.

10. Егер Комиссия мүшесі:

- 1) лицензиар туысқаны болса;
- 2) үміткерге лицензия беру нәтижесіне жеке, тікелей немесе жанама мүдделі немесе оның риясыздығына негізді күмән туғызатын өзге де мән-жайлар болса қарсылық білдіруге жатады.

11. Осы ереженің 10-тармағында аталған мән-жайлар болған жағдайда Комиссия мүшесі өзіне-өзі қарсылық білдіреді.

Өзіне-өзі қарсылық білдірмеген жағдайда, отырысқа қатысушы Комиссия мүшелері не үміткер қарсылық білдіреді.

12. Бас тарту және қарсылық ұсынылған құжаттарды қарағанға дейін де, ұсынылған құжаттарды қарау барысында да жариялауға болады.

13. Комиссия мүшесінің өзіне-өзі қарсылық білдіру туралы шешімді Комиссия отырысқа қатысатын оның мүшелерінің көпшілік дауысымен жазбаша нысанда қабылдайды және Комиссия мүшесі болған кезде жариялайды.

14. Қарсылық білдіруді қанағаттандыру немесе одан бас тарту туралы шешім шағымдануға жатпайды.

15. Комиссия мүшелерінің қатысу жөніндегі өз өкілеттіктерін басқа адамдарға беруге құқығы жоқ.

16. Комиссияның хатшысы:

1) Комиссия отырысының күні мен өтетін орны жайында комиссияның мүшелеріне хабарлайды;

2) қажетті құжаттарды, материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді, хаттама жүргізеді және Комиссия отырысының шешімдерін оны өткізгеннен кейін ресімдейді.

Комиссия хатшысы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

17. Комиссия шешімі лицензиялауға ұсынылған құжаттардың, Комиссия мүшелерінің қатысып отырған санының қарапайым басым көпшілігінің ашық дауыс беру арқылы қорытынды беруінің негізінде қабылданады және оны төрағалық етуші хабарлайды.

Дауыстардың саны тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

18. Комиссия отырысы хаттамаланады, отырысты өткізу нәтижесі бойынша Комиссия отырысының хаттамасына Комиссия төрағасы, Комиссия төрағасының орынбасары, Комиссия мүшелері және Комиссия хатшысы қол қояды.

19. Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Комиссия мүшесі өз пікірін жазбаша түрде баяндауға құқылы, ол отырыс хаттамасына тіркеледі.

20. Комиссия отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі.

21. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес ұсынылған құжаттардың толық болмауы және/немесе Біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі фактісі анықталған жағдайда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сараптама қызметін ұйымдастыру департаменті екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

22. Комиссия шешіміне уәкілетті органға, сондай-ақ сотқа шағымдана алады.

**18. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 304 бұйрығымен бекітілді
Сот сарапшысы этикасының кодексі**

1-тарау. Жалпы қағидалар

1. Қазақстан Республикасы сот сарапшысы этикасының осы кодексі (бұдан әрі - Кодекс) «Сот-сараптама қызметі туралы» 2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

2. Кодекс Қазақстан Республикасының сот сарапшылары басшылыққа алатын сарапшылық этиканың жалпы принциптері мен нормаларының жиынтығынан тұрады.

3. Сот сарапшыларының Кодекс қағидаларын білуі және сақтауы, олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібінің сапасын бағалау өлшем шарттарының бірі болып табылады.

4. Осы Кодекстегі этикалық нормалар мен талаптар барлық сот сарапшылары үшін міндетті, олар оны бұлжытпай сақтауы тиіс.

2-тарау. Сот сарапшысы қызметінің этикалық принциптері

5. Сот сарапшысы өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мынадай принциптерді сақтауы тиіс:

1) тәуелсіздік:

сот сарапшысының тәуелсіздігі оның сот ісін жүргізуге қатысушылардың кез келгеніне: сараптама тағайындаған тұлғаларға, істің нәтижесіне мүдделі тараптар мен басқа да тұлғаларға қатысты тәуелсіздік пен турашыл көзқарасты ұстануын ұйғарымдайды. Сот сарапшысының тәуелсіздігі олардың қызметінің негізге алынатын принципі болып табылады;

2) адалдық және объективтілік:

сот сарапшысының адалдығы және объективтілігі оның кәсіби және жеке мінез-құлықтың мінсіз нормаларын ұстануын, өзінің тұжырымдары мен шешімдерінде тұрашылдықты сақтай отырып өз жұмысын білікті, ұқыпты орындауын ұйғарымдайды.

Оның тұжырымдары мен сарапшылық қорытындыларынаағат түсінік немесе оған жасалатын қысым емес, тек қана заңды және шынайы ақпарат қана негіз болуы тиіс;

3) әдептілік:

сот сарапшысы адамдарға тілектес, өзінің кәсіби қызметіне ұқыпты және адал болуы, өзінің абырой-атағымен өз мүддесін білдіретін ұйымның абырой-атағыннығайтуытиіс;

4) кәсіби құзыреттілік:

сот сарапшысы біліктілігі мен жұмыс сапасын, процестік заңнаманы, нормативтік құқықтық актілерді, әдістемелер мен әдістемелік ұсыныстарды, оқу құралдарын білудегі білімдерін ұдайы арттырып отыруы, сондай-ақ проактикалық дағдыларын жетілдіріп отыруы тиіс;

5) мінсіз мінез-құлық:

сот сарапшысы сот сараптамасы органының беделін нығайтуға әрдайым жәрдем көрсетіп отырады, құқық бұзушылық жасамайды және өзінің беделі мен сот сараптамасы органының беделіне зиян келтіретін мінез-құлықтан аулақ болады. Сот сарапшысы өзінің кәсіби қызметінде заңнама нормаларын, өзінің лауазымдық міндеттерін және жалпыға бірдей этикалық нормаларды бұлжытпай басшылыққа алады;

6) ниеттестік:

сот сарапшысы, өзініңнемесе мекеменің беделіне нұқсан келтіруі, мүдделер жанжалын туындатуы, сот сараптамасы органының қызметіне тікелей немесе жанама түрде зиян келтіруі мүмкін жөнсіз қызметке тартылмауы тиіс;

7) ақпараттың құпиялығы:

сот сарапшысы сот сараптамасын жүргізуге байланысты істің мән-жайлары туралы өзіне мәлім болған мәліметтер мен өзге де мәліметтерді жарияламауы тиіс.

3-тарау. Сот сарапшысына қойылатын этикалық талаптар

6. Сот сарапшысы өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, сот-

сараптама қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, осы Кодекстің ережелерін бұлжытпай сақтайды.

Сот сарапшысы:

1) қызметтік міндетін адал және жоғары кәсіби деңгейде орындауы;

2) сот-сарапшылық зерттеулер жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдарды, әдістер мен әдістемелерді тиімді пайдалану үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруы;

3) жоғары моральдық және адамгершілік өлшемдерге сай болуы тиіс. Адал, әділетті, қарапайым болуы, жалпыға бірдей моральдық-этикалық нормаларды сақтауы, құқық қорғау, арнайы органдардың қызметкерлерімен және соттармен, сондай-ақ азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық және ізеттіліккөрсетуі;

4) қызметтік міндеттерін жүзеге асыруы кезінде заңдылықты қамтамасыз етуі;

5) еңбек тәртібін бұлжытпай орындауы, кәсіби этика нормалары мен іскерлік мінез-құлық қағидаларын ұқыпты сақтауы, жұмыс уақытын тиімді әрі ұтымды пайдалануы;

6) өзінің пайдалануындағы материалдық, техникалық және ғылыми-әдістемелік ресурстардың сақталуын қамтамасыз етуі, сондай-ақ сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізуге арналған шығыс материалдарын ұтымды, тиімді және тек қана қызметтік мақсатта пайдалануы;

7) әріптестерімен, сондай-ақ сот сараптамасын тағайындайтын адамдармен қарым-қатынаста әдепті және ілтипатты болуы;

8) іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтауы;

9) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды қабылдауы тиіс.

8. Сот сарапшысы:

1) өзінің лауазымдық міндеттерін ұқыпты орындауына күмән туғызарлық мінез-құлыққа;

2) сот сарапшысының және ұйымның атынанемесе абырой-атағына нұқсан келтіруі мүмкін жанжалдық ахуалдарға;

3) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, лауазымдық тұлғалардың, мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың қызметіне ықпал жасауы үшін қызмет бабын пайдалануға;

4) заңмен тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтармен құқық бұзушылық жасауға;

5) айналасындағылар заңсыз сыйақы алу келісімі ретінде қабылдауы мүмкін мінез-құлықтарға (пікірлерге, қылықтарға, әрекеттерге);

6) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарға пайдалануға;

7) шындыққа жанаспайтын мәліметтерді таратуға, соның ішінде сот мәжілісі барысында басқа сарапшылардың кәсіби сапасын немесе олардың қорытындыларының кәсіби деңгейін талқылауға жәнетүсініктеме беруге, басқа сот сарапшысына кір келтіретін, сондай-ақ оған қатысты сыни ескертпелер мен пікір айтуларға жол бермеуі керек.

9. Сот сарапшысы қызметтен тыс уақытта:

1) жалпыға бірдей моральдық-этикалық нормаларды ұстануға, қоғамға қарсы мінез-құлық жағдайларын болдырмауы;

2) өзін сыпайы ұстауға және өзінің лауазымдық жағдайынабасымдық бермеуі;

3) өз тарапынан қоғамдық адамгершілік, тәртіп пен қауіпсіздікке қол сұғумен орайлас заңнаманың талаптарын бұзуға жол бермеуі және басқа азаматтарды заңға және қоғамға қарсы әрекеттер жасауға тартпауы тиіс.

10. Сот сарапшысы өзінің міндеттерін орындау кезінде оның сырт келбеті қызмет жағдайы мен іс-шаралар форматына байланысты ресмилік, ұстамдылықты, дәстүрлікті, ұқыптылықты танытатын жалпыға бірдей іскерлік стильге сәйкес болуы тиіс.

4-тарау. Этикалық шиеліністер және оларды шешу

11. Сот сарапшысы өзінің абырой-атағына немесе іскерлік беделіне зиян келтіруі мүмкін шиеліністі жағдайлардан аулақ болуы тиіс.

12. Шиеліністі жағдай туындаған кезде сот сарапшысы тікелей басшысына хабарлауы және тиісті шаралар қабылдау үшін жанжал мәселесін талқылауы тиіс.

13. Сот сарапшыларының осы Кодекстің ережелерін сақтау мәселесі аттестаттау, жоғары тұрған лауазымдарға ұсыну үшін кадр резервін қалыптастыру, сондай-ақ тәртіптік жазалар қолдану кезінде ескерледі.

ҚОСЫМШАЛАР

ҚОСЫМША 1. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сілтемелер

79-бап. Сарапшы,

270-бап. Сараптаманы тағайындау,

271-бап. Сараптаманы міндетті түрде тағайындау,

272-бап. Сараптама тағайындау тәртібі,

273-бап. Сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адамдар,

274-бап. Күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғаушының және жәбірленуші өкілінің сараптама тағайындау және жүргізу кезіндегі құқықтары,

275-бап. Өздеріне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне кепілдік беру,

276-бап. Сот сараптамасы органының сараптама жүргізуі. Сот сараптамасы органы басшысының құқықтары мен міндеттері,

277-бап. Сот сараптамасы органынан тыс жерде сараптама жүргізу,

278-бап. Процеске қатысушылардың сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысуы,

279-бап. Сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға орналастыру,

280-бап. Сараптама объектілері,

281-бап. Жеке-дара және комиссиялық сараптама,

282-бап. Кешенді сараптама,

283-бап. Сарапшы қорытындысының мазмұны,

284-бап. Қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабар,

285-бап. Сарапшыдан және маманнан жауап алу,

286-бап. Күдіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге сарапшының қорытындысын көрсету,

287-бап. Қосымша және қайталама сараптамалар,

373-бап. Сот талқылауындағы сараптама,

374-бап. Сарапшыдан жауап алу.

ҚОСЫМША 2. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне сілтемелер

- 39-бап. Прокурорға, сарапшыға, маманға, аудармашыға, сот отырысының хатшысына қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) үшін негіздер,
82-бап. Сот сараптамасын тағайындау,
83-бап. Үлгілерді алу,
84-бап. Маманның немесе сарапшының тірі адамнан үлгілерді алуы,
85-бап. Салыстырып зерттеу үшін жазу үлгілерін алу,
86-бап. Үлгілерді алу кезінде жеке бастың құқықтарын қорғау,
87-бап. Сараптама жүргізу тәртібі,
88-бап. Жеке-дара және комиссиялық сараптамалар,
89-бап. Кешенді сараптама,
90-бап. Қосымша және қайталама сараптама,
91-бап. Сарапшының құқықтары мен міндеттері,
92-бап. Сарапшының қорытындысы,
93-бап. Қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабар,
94-бап. Сарапшыдан жауап алу,
197-бап. Сот отырысына куәның, сарапшының, маманның, аудармашының келмеуінің салдары,
200-бап. Сарапшы мен маманға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру,
213-бап. Сарапшының қорытындысын зерттеу

ҚОСЫМША 3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сілтемелер

- 757-бап. Сарапшы,
772-бап. Сараптама тағайындау және жүргізу,
773-бап. Сарапшы мен маманның қорытындысы және айғақтары,
774-бап. Үлгілерді алу,
775-бап. Дәрігердің немесе басқа маманның, сондай-ақ сарапшының үлгілерді алуы.

ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

1. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (10.03.2017 берілген өзгерістермен) //adilet.zan.kz
2. 2017 жылғы 10-ы ақпандағы Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасы Заңы № 44-VI (2017.18.04. берілген өзгерістермен) //adilet.zan.kz
3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі № 235-V ҚРЗ. (01.03.2017 берілген өзгерістермен) //adilet.zan.kz
4. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі № 231-V ҚРЗ. (18.04.2017 берілген өзгерістермен) //adilet.zan.kz
5. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі № 377-V ҚРЗ. (18.04.2017 берілген өзгерістермен) //adilet.zan.kz
6. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі № 226-V ҚРЗ. (18.04.2017 берілген өзгерістермен) //adilet.zan.kz
7. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексі № 193-IV. (09.04.2017 берілген өзгерістермен) //adilet.zan.kz
8. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі № 234-V ҚРЗ. (18.04.2017 берілген өзгерістермен) //adilet.zan.kz
9. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі № 518-IV. (18.04.2017 берілген өзгерістермен) //adilet.zan.kz
10. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі N 212. (05.04.2017 берілген өзгерістермен) //adilet.zan.kz
11. 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заңы № 202-V ҚРЗ//adilet.zan.kz

12. 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Нотариат туралы Заңы N 155 //adilet.zan.kz
13. 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы Заңы N 2710//adilet.zan.kz
14. 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Коммерциялық емес ұйымдар туралы Заңы N 142//adilet.zan.kz
15. Сот сараптамасы органдары жүргізетін сот сараптамалары түрлерінің және біліктілігін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі беретін сараптама мамандықтарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 306 бұйрығы//adilet.zan.kz
16. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 306 бұйрығымен бекітілді Сот сараптамасы органдары жүргізетін сот сараптамалары түрлерінің және біліктілігін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі беретін сараптама мамандықтарының тізбесі//adilet.zan.kz
17. 2017 жылғы 27 наурыздағы № 306 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Әділет министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізімі//adilet.zan.kz
18. Сот сараптамасы объектілерімен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 305 бұйрығы//adilet.zan.kz
19. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 305 бұйрығымен бекітілді Сот сараптамасы объектілерін пайдалану қағидалары//adilet.zan.kz
20. Сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындау қағидаларын, сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібін, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 303 бұйрығы//adilet.zan.kz
21. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 303 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындау қағидалары,

сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай оларды жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібі, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізуді тоқтата тұрудың және мерзімін ұзартудың негіздері мен тәртібі//adilet.zan.kz

22. Сот сараптамасы органдары сот сарапшыларының жүктемелері нормативтерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 327 бұйрығы//adilet.zan.kz

23. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 327 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамасы органдары сот сарапшыларының жүктемелері нормативтері //adilet.zan.kz

24. Сот сараптамасы органдарында сот сараптамасын жүргізудің құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 325 бұйрығы//adilet.zan.kz

25. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 325 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамасы органдарында сот сараптамасын жүргізу құнын айқындау қағидалары//adilet.zan.kz

26. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 328 бұйрығы//adilet.zan.kz

27. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 328 бұйрығымен бекітілді Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері мен әдістемелері валидациясының қағидалары//adilet.zan.kz

28. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынамадан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 330 бұйрығы//adilet.zan.kz

29. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 330 бұйрығымен бекітілді Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынамадан өткізу және енгізу қағидалары//adilet.zan.kz

30. Қазақстан Республикасы Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 331 бұйрығы//adilet.zan.kz
31. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 331 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидалары//adilet.zan.kz
32. Сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 наурыздағы № 310 бұйрығы//adilet.zan.kz
33. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 наурыздағы № 310 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптар//adilet.zan.kz
34. Сот сарапшыларының біліктілік даярлығы қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 342 бұйрығы//adilet.zan.kz
35. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 342 бұйрығымен бекітілген Сот сарапшыларының біліктілік даярлығы Қағидасы//adilet.zan.kz
36. Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 335 бұйрығы//adilet.zan.kz
37. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 335 бұйрығымен бекітілген Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидалары//adilet.zan.kz
38. Сот сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі комиссия туралы Ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет

министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 333 бұйрығы//adilet.zan.kz

39. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 333 бұйрығымен бекітілген Сот сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі комиссия туралы Ереже//adilet.zan.kz

40. Сот сарапшыларын аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 334 бұйрығы//adilet.zan.kz

41. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 334 бұйрығымен бекітілген Сот сарапшыларын аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия туралы ереже//adilet.zan.kz

42. Сот сарапшыларының біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 346 бұйрығы//adilet.zan.kz

43. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 346 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сот сарапшыларының біліктілігін арттыру қағидалары //adilet.zan.kz

44. Сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 326 бұйрығы//adilet.zan.kz

45. Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 326 бұйрығымен бекітілген Сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия туралы ереже//adilet.zan.kz

46. Сот сарапшысының әдеп кодексін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 304 бұйрығы//adilet.zan.kz

47. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 304 бұйрығымен бекітілді Сот сарапшысы этикасының кодексі//adilet.zan.kz

48. «Сот-сараптама қызметі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 270 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 15 наурыздағы № 271 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 13 сәуірде № 15013 болып тіркелді//adilet.zan.kz

49. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 270 бұйрығына 3-қосымша «Сот-медициналық, сот-психиатриялық, сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің стандарты ҚР Әділет министрінің 2017.15.03. № 271 бұйрығымен мемлекеттік көрсетілетін қызметінің стандартымен толықтырылды //adilet.zan.kz

50. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 270 бұйрығына 4-қосымша «Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамалардың белгілі түрін жүргізу құқығына біліктілік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің стандарты ҚР Әділет министрінің 2017.15.03. № 271 бұйрығымен мемлекеттік көрсетілетін қызметінің стандартымен толықтырылды//adilet.zan.kz

51. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі //adilet.zan.kz

52. Информационная система «ПАРАГРАФ» //prg.kz